

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-
техникалық университеті

КАЗАМБАЕВА АЙГУЛЬ МАМАЕВНА

ШНАЛИЕВА ЗАМЗАГУЛЬ ИШАНГАЛИЕВНА

**МЕМЛЕКЕТТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
САЯСАТЫ:
ЖОО студенттеріне арналған
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Орал, 2019

ӘОЖ 005.342 (075.8)
КБЖ 65.011.152 я73
К 14

Рецензенттер:

Габдуалиева Р.С. –Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, экон.ғыл.докторы
Айдаралиева А.А. –Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті доценті, экон.ғыл.канд.

Казамбаева А.М.

К14 «Мемлекеттің инновациялық саясаты» ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы, / А.М. Казамбаева, З.И.Шналиева – Орал, 2019. – 132б.

ISBN

Оқу құралында инновациялық қызметтің теориялық негізі, ғылыми-техникалық дайындауды ұйымдастыру және оны өндіріске енгізу, инновацияның ұлттық экономикадағы ролі, мемлекеттік инновациялық саясатының қалыптасуы, инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу, инновациялық жобаларды басқару, инновациялық стратегиялардың ерекшелігі тақырыптары қарастырылған.

ӘОЖ 005.342 (075.8)
КБЖ 65.011.152 я73
К 14

© «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті», 2019

Мазмұны

Кіріспе

5

1. Қазіргі заманғы инновациялық саясат
 - 1.1 Инновация түсінігі және оның жіктелуі
 - 1.2 Инновациялық қызметтің теориялық негізі
 - 1.3 Қазақстан Республикасының инновациялық саясаты
 - 1.4 Инновациялық қызметтерді жүзеге асырудағы шетелдік тәжірибелері
2. Ғылыми-техникалық дайындауды ұйымдастыру және оны өндіріске енгізу
 - 2.1 Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты ұйымдастыру (ҒЗТҚЖ)
 - 2.2 Өндірістің ұйымдық-техникалық деңгейін талдау
 - 2.3 Технологиялық процестерді дайындауды ұйымдастыру
3. Инновациялық саясаттың қалыптасу бағыттары
 - 3.1 Аймақтық инновациялық саясат
 - 3.2 Өнеркәсіп саласындағы инновациялық қызметтерді жетілдіру
 - 3.3 Қазақстан Республикасының инновациялық стратегиясы
4. Инновациялық жобалардың бизнес-жоспарлау үрдісін ұйымдастыру
 - 4.1 Инновациялық жобалардың бизнес-жоспарлау процессінің негізгі кезеңдері
 - 4.2 Инновациялық жобалардың бизнес-жоспарды дайындау әдістемесі
 - 4.3 Инновациялық жобаларды дайындаудағы тәуекелділікті бағалау
5. Кәсіпорындарға инвестиция тарту қызметі
 - 5.1 Инвестицияның мәні, құрылымы, жіктелуі
 - 5.2 Инвестицияны жоспарлау
 - 5.3 Инвестицияларда қажеттілік және оларды қаржыландыру көздері
6. Мемлекеттің және кәсіпорындардың инновациялық саясаты
 - 6.1 Мемлекеттің инновациялық саясатының мазмұны
 - 6.2 Мемлекеттік инновациялық саясат қағидаттары
 - 6.3 Инновациялық саясаттың негізгі бағыттары
7. Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу
 - 7.1 Инновациялық қызметті реттеудегі құқықтық нормативтік

актілер

7.2 Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері

7.3 Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау

7.4 Мемлекеттің инновациялық-инвестициялық саясатының ерекшелігі

7.5 Инновациялық қызметті дамытудағы инфрақұрылым мәселесі

8. Инновациялық стратегиялардың ерекшелігі

8.1 Инновациялық стратегияның мәні мен міндеттері

8.2 Нарық жағдайындағы кәсіпорындардың инновациялық стратегиялары

8.3 Қазақстанның индустриялық-инновациялық стратегияның жүзеге асуы

8.4 Инновациялық жобаларды қаржыландыру

9. Ұлттық экономикадағы инновацияның ролі

9.1 Ұлттық инновациялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы

9.2 Қазақстан Республикасында қалыптасқан технопарктердің құрылымы

9.3 Экономикадағы венчурлық бизнестің қалыптасуы және оның даму кезеңдері

9.4 Экономикадағы венчурлық капиталды пайдаланудың негізгі бағыттары

Әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Елдің ғылыми-өнеркәсіптік дамуының инновациялық стратегиясына көшу бүгінде дамыған мемлекеттер қатар сияқты Қазақстан үшін баламасыз шешім болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаңа экономиканы қалыптастыру нарықтық қатынастарды енгізуден емес, технологиялық жүйенің жаңа тәртібін енгізуден және ғылымды қажетсінетін өндірісті дамытудан және қоғамды ақпараттандырудан бастау қажет деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, елдің дағдарыстан шығудың бірден бір жолы ол, экономиканың серпінді орнықты дамуын қамтамасыз ету міндеттерін қалыптастыру және өндірістің техникалық және технологиялық базасын үздіксіз жаңарту, арқылы бәсекеге қабілетті жаңа өнімді игеру, тауарлар мен қызметтердің әлемдік нарығын тиімді пайдалана білу. Бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларын, соның ішінде ең алдымен экономиканы жаңғыртуды талап етеді.

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанда инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясат бірқатар стратегиялық мақсаттармен айқындалып отыр, соның ішінде ұлттық инновациялық жүйені құру және оны дамытуды негізгі мақсаттардың бірі болып отыр.

Жалпы мемлекеттік инновациялық саясат инновациялық қызметті жандандыруға, оның тиімділігін арттыруға және еліміздің жедел әлеуметтік-экономикалық дамуы және қоғамдық қажеттіліктерді барынша толық қанағаттандыру мақсатында нәтижелерді кеңінен пайдалануға бағытталған іс-шаралар жиынтығынан тұрады.

Инновациялық саясатта стратегиялық және тактикалық екі тарапты бөліп көрсету қажет етеді. Мемлекеттік инновациялық саясат стратегиясы еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуының ұзақ мерзімді тұжырымдамалары негізінде қалыптасады. Инновациялық саясат стратегиясын таңдау инновациялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын айқындауды және ғылыми әлеуетті дамыту мен пайдаланудың әдістерін қабылдауды, әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға сәйкес инновациялық дамудың басты мақсаттарын белгілеуді көздейді.

Ал тактикалық саясат осы мақсаттарға барынша тиімділікпен қол жеткізуді қамтамасыз ететін ағымдағы мақсаттар мен нақты іс-шараларды анықтауды көздейді. Тактикалық құралдар-бұл зерттеулер мен жобалау-конструкторлық әзірлемелерді қаржыландыру, материалдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету, кадрларды іріктеу, инновациялық даму іс-шараларын іске асыру үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау болып табылады.

1. Қазіргі заманғы инновациялық саясат

1.1 Инновация түсінігі және оның жіктемесі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: – Әлемдік дағдарыстың себептері мен дағдарыстан кейінгі дамудың трендтары, ұлт әлеуетін ашу үшін “интеллектуалдық төңкерістің” қажеттілігін атап айтқан болатын.

Себебі техника мен технология дамыған кезеңде, өндірістің тиімділігіне инновациялық процесстерді дамыту арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл процесс нәтижесінде жаңа технология пайда болады және жаңа бәсекеге қабілетті өнім өндіруге мүмкіндік аламыз. Қазіргі таңда кәсіпорындар үшін тиімді инновациялық қызмет түрін іздеп табу өзекті мәселе. Жаңа техника мен ұйымдық-технологиялық шешімдерді дамыту, кәсіпорындардағы ұдайы өндірісті жетілдіру, отандық кәсіпорындардың жаңаша дамуына негіз болары анық.

Мұның барлығы инновациялық процесстердің қажеттілігін және сол инновациялық қызметтерді кәсіпорынға енгізу керек екендігін білдереді.

Ал енді инновация түсінігіне тоқталайық. Инновация деп басқару объектісінде экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми-техникалық тиімділікті қалыптастыру мақсатында жаңылықты енгізудің соңғы нәтижесін айтамыз.

Жалпы инновация түсінігіне көптеген анықтама беруге болады. Инновация деп жоғары тиімділікке ие, коммерциаланған жаңалықты айтамыз.

Инновация деп интеллектуалдық қызмет нәтижесін айтамыз.

Инновация термині латын тілінің «innovato» сөзінен алынған, ол жаңару, жетілу деген мағынаны білдіреді. Инновация түсінігі ХІХ пайда болғанымен, толықтай ғылыми жұмыстарда австрия экономисті Й. Шумпетер өзінің экономикалық жүйелердегі өзгерістерді зерттеу ғылыми жұмысында кеңінен пайдаланғаннан кейін кеңінен таратылды.

Й. Шумпетер өзінің еңбегінде инновация қызметіне мынадай баға береді инновация бұл жаңартылған өнім және жетілдірілген процесс, ол арқылы жаңа ресурстарды өндіруге болады және ол арқылы жаңа нарыққа шығуға болады деп баға берген болатын.

Инновациялық қызмет деп ғылыми, технологиялық, ұйымдық, қаржылық және коммерциялық шаралардың кешенін айтады немесе жинақталған біліммен, технологиялардың, құрал жабдықтардың коммерциялануы.

Кәсіпорындарда инновациялық қызметтерді жүзеге асыру келесі жүйелер арқылы жүзеге асады, олар: техникалық-экономикалық және қаржылық жүйелер. Бұл жүйелер арқылы кәсіпорын мынадай инновациялық саясатты жүзеге асырады, олар:

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметтерді жүзеге асыру, оған жататындар: ғылыми мүмкіндікті қалыптастыру, кадрлардың біліктілік деңгейін жоғарлату, техникамен жабдықтау деңгейін арттыру;

- тұтынушалардың қажеттілігін қамтамсыз ететін бәсекеге қабілетті өнім өндіру;

- жаңа өнім мен жаңа технологияны қалыптастыруға қаржы тарту.

Й. Шумпетер алғашқылардың бірі болып кез келген инновациялық қызметтердің мынадай бес белгісін атап көрсеткен болатын :

- жаңа құраммен өнім өндіру;

- жаңа өнім өндіру әдісін енгізу;

- жаңа нарықты жауалап алу

- жаңа шикізатты пайдалу арқылы өнім өндіру

- өндірісте қайта құруды қалыптастыру

Сондықтанда инновациялық қызметтердің түрлері өте көп, оны келесі белгілеріне байланысты жіктеп, топтастырамыз:

Инновациялық қызметтерді енгізу мақсатына байланысты:

- қорғану мақсатындағы инновациялық қызметтер
- стратегиялық мақсаттағы инновациялық қызметтер

Инновациялық қызметтерді енгізу сферасына байланысты

- өнім түріне қатысты инновациялық қызметтер;
- нарыққа бағытталған инновациялық қызметтер;
- белгілі бір процесске қатысты инновациялық қызметтер.

Инновациялық қызметтердің жаңашылдық деңгейіне байланысты

- стандартталмаған инновациялық қызметтер;
- жетілдіруге негізделген инновациялық қызметтер;
- модификациялық инновациялық қызметтер.

Инновациялық қызметтерді енгізу ауқымына байланысты

- әлемдік ауқымдағы инновациялық қызметтер
- елдегі инновациялық қызметтер;
- кәсіпорын деңгейіндегі инновациялық қызметтер

Инновациялық қызметтерден күтілетін нәтижелер түріне байланысты

- ғылыми-техникалық;
- әлеуметтік;
- экологиялық;
- экономикалық;

Қорғану мақсатындағы инновациялық қызметтер - өндіріс пен тауардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырады, сондықтанда тауар өндірушілер өзінің бәсекелестерінен қорғану мақсатында енгізеді.

Стратегиялық мақсаттағы инновациялық қызметтер – бәсекелестік саясатында преспективалық артықшылықты қалыптастыру мақсатында инновациялық қызметтерді қалыптастырады.

Өнім түріне қатысты инновациялық қызметтер – белгілі бір өнім түріне қатысты қалыптасқан инновациялық қызметтер.

Нарыққа бағытталған инновациялық қызметтер – жаңа нарықты жаулап алу мақсатындағы инновациялық қызметтер.

Белгілі бір процесске қатысты инновациялық қызметтер – өнімді өндіру кезіндегі арнайы технологияға, өнім өндіру әдісіне қатысты инновациялық қызметтер.

Стандартталмаған инновациялық қызметтер – бұрын өндіріліп көрмеген жаңалық нәтижесінде қалыптасқан инновациялық қызметтер, салыстырмалы өнім түрінің болмауы.

Жетілдіруге негізделген инновациялық қызметтер – тауарды немесе технологиялық процесстерді жетілдіруге негізделген инновациялық қызметтер.

Модификациялық инновациялық қызметтер – тауардың немесе технологиялық процесстердің эксплуатациялық мүмкіндігін кейтеу.

Әлемдік ауқымдағы инновациялық *қызметтер* – жалпы әлемдік деңгейде қолданысқа ие болған инновациялық қызметтер. Мысалы интернет жүйесіндегі инновациялық қызметтер, банктік жүйедегі инновациялық қызметтер, тағыда басқа.

Елдегі инновациялық қызметтер – белгілі бір ел аумағында қолданысқа ие болған инновациялық қызметтер.

Кәсіпорын деңгейіндегі инновациялық қызметтер – белгілі бір кәсіпорын деңгейінде қолданысқа ие болған инновациялық қызметтер.

Ғылыми-техникалық инновациялық қызметтер – ғылым мен техника төңірегіндегі пайда болған инновациялық қызметтер.

Әлеуметтік инновациялық қызметтер – әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған әлеуметтік салалардағы инновациялық қызметтер

Экологиялық инновациялық қызметтер – экологиялық мәселелерді шешуге арналған инновациялық қызметтер

Экономикалық инновациялық қызметтер – коммерциялық бағыттағы инновациялық қызметтер.

Жалпы инновациялық қызметтер ғылыми зерттеулердің нәтижесін белгілі бір объектіге енгізу процесін жүзеге асырады.

Инновациялық процесс деп идеяның тауарға немесе технологияға айналуын айтамыз. Ол келесі кезеңдерден тұрады: фундаменталдық немесе қолданбалы зерттеулер, конструкторлық қорытынды, маркетинг, өндіріс және өнімді өткізу.

Инновация бұл қоғамдағы тұтынушылардың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында және кәсіпорынның тиімділігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулердің жаңалық нәтижесін енгізу кәсіпорын қызметіне енгізу.

Жаңа өнімдер мен жаңа технологиялар ғылыми ізденістер негізінде пайда болады. Сондықтанда ғылыми жаңалық түсінігіне тоқталайық.

Ғылыми жаңалық деп тиімділікті арттыру мақсатында қалыптасқан фундаменталдық, тәжірибелік жұмыстардың нәтижесін айтамыз.

Қазіргі таңда өндіріс өз алдына, ғылыми жұмыстар өз алдына қызмет етуде, сондықтанда ғылым өндіріске не керек екенін, өндіріс өзіне не керек екенін білмейді. Көптеген біздің ғалымдардың ғылыми жұмыстары нақты өндіріске енгізілмей шетел асып шетелдерге кетіп жатыр немесе пайдасыз болып шаң басқан сөрелерде жатыр. Қарапайым мысал, көптеген елімізде жасалынып жатқан бағдарламалар ғалымдардың қатысуынсыз жасалынууда, сондықтанда кейбір үкіметтік шаралардың тиімсіз болуының бірден бір себептері осылар болуы мүмкін.

Енді тақырыбымызға қайтып оралайық. Кез-келген инновациялық процесс жоғарыда айтып кеткен кезеңдерден тұрады, соның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ орысша НИОКР) толығырақ тоқталайық.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру өз алдына мынадай міндеттер қояды:

- табиғат пен қоғамды дамыту мақсатында жаңа ғылымды дамыту;
- тауардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатындағы нормативтік базалардың теориялық және тәжірибелік негізін қалыптастыру;
- ғылыми зерттеу нәтижелерін нақты тәжірибеде жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармынадай принциптермен жұмыс жасайды:

- белгілі бір объектіге қатысты шешім қабылдауда ғылыми тұжырымдар мен принциптерді ұстану;
- инновациялық қызметтерді адам капиталын дамытуға бағыштау.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстаркелесі элементтерден тұрады:

- фундаменталдық зерттеулер (теориялық және ізденістік зерттеулер)
- қолданбалы зерттеулер;
- тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;
- тәжірибелік, эксперименталдық жұмыстар.

Фундаменталдық зерттеулер жаңа ғылыми теорияларды қалыптастыруға негізделген ғылыми жағалықтар. Оның негізгі мақсаты жаңа өнім түрін немесе жаңа технологияларды қалыптастырудағы жаңа теориялық принциптерді қалыптастыру. Негізінен бұл зерттеулер көбіне тек инновациялық процестің идеясын қалыптастырады, себебі әлемдік ғылым жүйесінде фундаменталдық зерттеулердің тек 5% ғана толықтай жүзеге асады екен. Сондықтанда мұндай зерттеулер өз бетімен өмір сүре алмайды, оны мемлекет тарапынан қаржыландырып отырады. Қарапайым мысал ретінде айтуға болады біздің университетіміздің ғылымды қаржыландыру динамикасында осы фундаменталдық зерттеулерден түсетін қаржы көлемі ноль болып келсе, Ғылыми зерттеу орталығының

ашылуымен 18 млн тенгеге жетті, бұл соңғы кездері мемлекет ғылымға жаңаша бет бұрғандығын көрсетеді.

Қолданбалы зерттеулер негізінен бұрында ашылған құбылыстар мен процесстерді зерттей отырып, нақты тәжірибеде қолдану жолдарын қалыптастырады. Оның негізгі мақсаты түсініксіз теориялық сұрақтарды зерттеу арқылы, нақты тәжірибелік ұсыныстар беру.

Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар теориялық тұжырымдардың зертханалық жағдайынан нақты өндірістік тәжірибе сатысына көшуі. Бұл жұмыстар негізінен техникалық мәселелерге қатысты болғандықтан, келесі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардан тұрады:

- инженерлік объект пен техникалық жүйелердің конструкторлық жұмыстарын дайындау;
- жаңа объектіге қатысты жаңа идеялардың сызбасы мен жобасын дайындау;
- технологиялық процесс құрылымын қалыптастыру, мысалы жаңадан өндіретін өнімнің химиялық немесе физикалық құрамын сипаттау;
- өнімнің тәжірибелік үлгісін жасау;
- тәжірибелік үлгіні уақыт аралығында сынап көру.

Тәжірибелік, эксперименталдық жұмыстарғылыми жұмыстар нәтижесін нақты өндірісте сынап көру жұмыстары.

Жалпы инновациялық қызметтерді ұйымдастыру және оны реттеу келесі заң актілерінен тұрады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж.
2. Ғылым туралы 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Қазақстан Республикасының Заңы
3. Техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 331 қаулысы
4. Қазақстан Республикасының патент заңы. 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңы

Инновациялық қызметерді қаржыландыру

Қазақстан Республикасында инновациялық жобалар келесі қаржыландыру көздері арқылы қажыландырылады:

- Республикалық бюджеттен
- Облыстық бюджеттен
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
- Кәсіпкердің жеке қаражаты
- Несиеге алынған қаржылар.

Инновациялық іс әрекетке қызмет ететін қаржылық жүйе болып қаржылық көздер, инвестицияларды қолдануға бақылау орнатушы механизм, олардың қайтымдылығы және инновациялық капиталға тартылған капиталдың тиімділігін бағалау.

1.2 Инновациялық қызметтің теориялық негізі

Экономика ғылымы инновацияны жекелеген мемлекеттердің ғана емес, тұтас жаһандық экономиканың дамуын айқындайтын аса маңызды элементтердің бірі ретінде қабылдайды. Бұл ең алдымен «инновация» ұғымын нақты түсуді талап етеді.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңалық, жаңару, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңында «инновация» терминіне: «...экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзіне асырылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі», - деген анықтама берілген[1].

Әр замандағы өркениет – ол өзіне тән инновацияның көрінісі. Инновация терминінің даму эволюциясын қарастырсақ, XX ғасырдың 30-жылдары австриялық ғалым Йозеф Шумпетер экономика ғылымына инновация терминін енгізді, оның айтуы бойынша инновация дегеніміз – жаңа тұтыну тауарларын, жаңа өндіріс және тасымалдау құралдарын, нарықтар мен өнеркәсіптегі ұйымдастыру нысандарын енгізу мен пайдалану мақсатындағы өзгеріс. Инновация – тек жаңаны енгізу ғана емес, ол – өндірістің жаңа қызметі[2].

«Инновация» терминіне талдау жүргізсек, латын тілінен аударғанда novatio- жаңару, өзгеру дегенді білдіреді, ал novator – жаңартушы, яғни белгілі бір қызмет саласына жаңа әдістер, идея, прогрессивті қағидаттар, жаңалық жасап енгізуші адам[3]. Сәйкесінше, ағылшын тілінен аударғанда innovate – жаңалық енгізу, жаңалық жасау және өзгеріс жасау мағынасын берсе, жалпы innovator сөзінің ағылшын тілінен аудармасы – жаңа технологияны қолданатын, жаңа өнім құрастыратын фирма дегенді білдіреді[4].

Инновация – ол жаңалыққа қабілетті болып, нарықтың сұранысын қанағаттандырып, инноваторға табыс әкелуі керек. Э.Уткин инновация ұғымын «өндіріске енгізілген объект» ретінде жобалады. Б.Сантоның пікірінше: «Инновация - жоғары сапалы технология мен өнертабыс игілігі және идеяны тәжірибелік қолдану жолымен құрылатын техникалық-қоғамдық-экономикалық үдеріс». Р.Смит инновацияны анықталған экономикалық не әлеуметтік модельде ұйымдастырылған ресурстардың және технологиялардың, жабдықтардың үйлесімді құрылымы ретінде таниды.

А.С.Кулагин терминге келесідей анықтама берген: «жаңа немесе жетілдірілген өнім (тауар, жұмыс, қызмет көрсету), оны өндіру немесе қолдану тәсілі, өнімнің тұтынушылық қасиетін жоғарылататын немесе табыс көзін құрайтын, экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін, өнімді жетілдіруде және өндіріс, ұйымдастыру саласындағы жаңашыл жаңартпа, жаңалық»[5].

Кесте 1.1. Инновация термині мен қатар новация терминінің талдануы

Инновация (жаңалық)	Новация (жаңартпа)
Өнімді немесе қызметті жетілдіру немесе жаңа өнім түріндегі жүзеге асырудан алынған инновациялық қызметтің нәтижесі	Бұрын болмаған жаңару: жаңа көрініс, жаңа ашылым, өнертабыс, қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын жаңа әдіс
Инноватор- жаңалықты тұтынушының қолдануына жеткізуші тұлға.	Новатор- жаңалық ашқан немесе белгілі бір аумаққа жаңа идеялар енгізген адам

Оксфорттық түсіндірме сөздікте «инновация» ұғымы құрастыру, өндіру, тауар өткізу арқылы бәсекелестер алдында артықшылыққа ие бола алатын кез-келген жаңа тәсіл деп түсініктеме берілген.

Басқару теориясы тұрғысынан инновация дегеніміз ішкі ресурстарды тиімді қолдануға алып келетін және сыртқы ортаның өзгеруіндегі жүйеге бейімделу реакциясы, ұйымның негізгі стратегиялық мақсатына жетуге қызмет атқарады. Сонымен қатар ұйымның нарықтағы бағасының өсуіне себепкер болып, табыс көлемін барынша көбейіп, әл-ауқатын жақсартады.






Инновация – бұл зияткерлік (ғылыми-техникалық) қызмет үдерісі мен оның нәтижесін қызметті жетілдіруге бағыттап қолдану.

Инновация бұл бірнеше ғылымдардың қарастыратын объектісіне айналды. Философтар, инновацияны зерттей келе жаңа білім мен қарама-қайшы шешім дегенді алға тартады. Э.Тоффлер барлық өмір соңғы кезде инновациялық сипатта дағдылануда деп атап көрсетті. «Тек жаңару жолындағылар ғана бәсекеге қабілетті»[6]- бұл экономика заңы.

Техникалық ғылымдарда технологиялық өзгеріске басты назар аударылады. Экономика ғылымында жаңалықты енгізу үдерісін ғана көрсетпей, оның жаңартпаны кең көлемді рентабелді пайдалануын да сипаттайды. Сонымен, инновация - жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, қызмет көрсету), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс түрінде іске асырылатын қоғамның әртүрлі саласында өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына прогрессивті ықпал ететін ұйымдық-техникалық, қаржы-экономикалық және басқа да шешімдерден құралған қызметтің нәтижесі.

Инновацияларды айқындайтын ортасына байланысты ғылыми-техникалық, ұйымдасушылық-экономикалық, әлеуметті-мәдениеттік және мемлекеттік-құқықтық болып бөлінеді. Инновация ұғымы қоғамдағы кез-келген салада кездеседі. Сондықтан инновацияларды жіктеудің көп нұсқалылығын көрсетеді. Инновация терминін төмендегідей жіктеу ұсынылады:

Кесте 1.2. Инновация терминін жіктеу [7]

Жіктелуі	Инновация түрлері	Жіктеу сызбасы
Жаңашылдық деңгейі бойынша	а)радикальдық (өнертабыстарды патенттеу, ашылуларды енгізу) б)қарапайым (ноу-хау, өнертабыстық ұсыныс және т.б.)	 Т-тауар (өнім, қызмет түрі)
Инновация енгізілетін тауардың өміршеңдік циклының кезеңдері бойынша	а)стратегиялық маркетинг кезеңінде енгізілген б)ҒТЖТКЖ в)өндірісті ұйымдастырушылық-технологиялық дайындау г)өндіріс д)қызмет көрсету	
Жаңалық ауқымы бойынша	а)әлемдік (ашылым, өнертабыс, патент) б)елдегі жаңалық в)саладағы жаңалық г)фирмадағы жаңалық	
Жаңалық енгізілетін салалары бойынша	а)ғылым ортасында құралған(енгізілген) б)білім беру ортасында в)әлеуметтік орта (өнер, мәдениет, денсаулық сақтау және т.б.) г)материал өндіру	
Жаңалық қолдану ортасы бойынша	а)ішкі қолданыста (фирма ішінде) б)фирманы қорландыруда в)сатылымға бір жолғы қайталанатын	

		Жалғасы
Жаңалық түрі бойынша	а) ашылым, өнертабыс, патенттер б) өнертабыстық ұсыныс в) ноу-хау г) сауда белгісі, сауда маркасы, төсбелгілер д) технологиялық, өндірістік және басқару үдерістері, құрылымы, құрамы, әдістерінен жаңа құжаттар	
Енгізу қорытындысын алынған әсеріне бойынша	а) ғылыми-техникалық б) әлеуметтік в) экологиялық г) экономикалық (коммерциялық) д) интегралды	

Инновациялық қызметтің дамуы ең алдымен, ғылыми – техникалық ақпараттанумен өзара байланысты, сондықтан кез – келген ғылыми зерттеу орталықтарында, мекемеде, оқу орындарында ақпараттық – технологиялық орталықтар жұмыс істеуі керек. Инновациялық қызмет негізінде ғылыми – техникалық прогресс жатыр. Ғылым мен техника адам өмірінің дамуымен қатар жүреді. Елімізде осы мәселені өркендету мен дамыту барысында көптеген заңдық–құқықтық актілерге қол қойылды.

Сонымен қатар, таралу ауқымына бойынша жаһандық, ұлттық, аймақтық, салалық және жергілікті (кәсіпорын, компания) инновациялар болады.

Өзгеру түріне байланысты эволюциялық және радикалды инновациялар болып ажыратылады.

Инновация – өнім – нарыққа жаңа ұстанымды немесе жетілдірілген өнім, тауар ретіндегі ұсынылған жаңалық. Көбінесе жаңа өнімді енгізу жаңа нарықтың құрылуы немесе игерілуімен қатысты болады.

Инновация – үдеріс – өнімдегі өндірудегі шығындарды төмендететін техникалық, өндірістік және басқарушылық жетілдіру болып табылады.

Инновация- үдеріс нарықта қажет болса инновация-өнімге айналады. Сонымен қатар кәсіпорынның сыртында қызмет көрсету (компьютерлерді бағдарламалық қамтамасыз ету) үдерісін пайдаланумен байланысты инновация- қызмет көрсетуді ерекше көрсетуге болады.

Инновация және инновациялық қызмет дәстүрлі түрде ғылыми-техникалық ілгерілеудің (оны құраушылардың жоғары технологиялылығы) бағыты және ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді тәжірибеге енгізуге

қатысты үдеріс ретінде түсіндіріледі. Дегенмен «инновация» ұғымының мағынасы мен мазмұны аса ауқымды. Инновация ортасы ғылыми-техникалық әзірлемелер мен өнертабыстарды тәжірибеде пайдалануды ғана емес, өнімдегі, үдерістегі, маркетинг пен ұйымдастырудағы өзгерістерді де қамтиды [8]. Инновация әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандырудағы жаңа қызметтер мен жаңа тәсілдер, технологиялық үдерістер, жетілдірілген өнім немесе жаңадан іске асырылған қызмет нәтижесі түрінде өзгерістің айқын факторы ретінде көрсетеді.

«Инновациялық қызмет» ұғымы Кеңес әдебиеттері мен тәжірибеде 1980 жылдардың соңында пайда болды Ғылыми-техникалық прогресстің негізінде үдемелі техника мен технологияны құруға бағытталған, ғылыми-техникалық үдеріс және ұйымдастырушылық-экономикалық қызмет дегенді білдірген. Инновациялық қызмет кез келген қоғамдық ортада экономика саласынан бастап саясат, білім беру, мәдениет салаларында жүзеге асырылады.

Инновациялық қызмет ұғымына көптеген анықтамалар беріледі. Оны инновацияға жеткізетін ғылыми, техникалық, ұйымдық, қаржылық, коммерциялық шаралар кешені ретінде қарастыруға болады. Қызмет қоғамда кеңінен талап етілетін нәтижені алуда жаңа білім, технология, әдіс-тәсілдер енгізгенде ғана инновациялық болып табылады. Инновациялық қызмет жүйелік сипатта болады, яғни ол жүйені қоғам мен қызметтің субъектілері құрайды.

Инновациялық қызмет тәуекел мен белгісіздіктің жоғары деңгейімен, қорытындыларды болжаудың қиындылығымен сипатталады.

Инновациялық қызмет - нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет[9].

Инновациялық қызмет қарапайым өндірістік қызметтен айырмашылығы:

- инновацияны коммерциялағандағы үлкен тәуекел (50%); нақты нәтиженің болмауы орын алған жағдайда жұмыстың тоқтатылуы жөнінде шешім қабылдау үшін, инновация енгізгеннен кейінгі аралық кезеңдер бойынша үнемі қадағалануы;

- шығындалған ресурстар мен инвестиция көлемінің қорытындыларына байланысты анықтаудың қиындығы (бірінші кезеңде инновациялық өнімді енгізуден ешқандай табыс болмауы мүмкін, сосын табыстың кенет өсуі)[10].


Жоғарыда көрсетілген үш компоненттің бірігуі арқылы инновациялық үдерісті жеке салалары және жүзеге асырылып жатқан инновациялық қызмет бойынша толық тиімділікті сипаттайды.

Инновациялық қызметтің тиімділігі келесі өлшемдер арқылы анықталады. (1-сызба).

Инновациялық қызмет түрлері төмендегідей ажыратылады:

1) қоғамды ұйымдастыру - басқару саласына жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізу;

2) экономикалық айналымда іске асырылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесті жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу, жобалау, ізденіс, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау мен оларға қызмет көрсету;



1-сызба. Инновациялық қызметтің тиімділігі өлшемдері [11]

3) инновациялық тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу нарығын ұйымдастыру;

4) өндірісті технологиялық қайта жарақтандыруды және дайындауды жүзеге асыру;

5) жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сертификаттау мен стандарттау мақсатында сынақтар өткізу;

6) бастапқы кезеңде инновациялық жоба өтемділігінің нормативтік мерзіміне жеткенге дейін жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, қызмет көрсету) өндіру және жаңа немесе жетілдірілген технологияны қолдану;

7) инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту;

8) инновациялық қызмет нәтижелерін насихаттау және инновацияларды тарату;

9) игеру және іске асыру мақсатында интеллектуалдық меншік объектілеріне (оның ішінде ашылмаған ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық ақпаратқа) құқықтарды қорғау, беру және иемдену;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инновациялар жасауға бағытталған өзге де қызмет түрлері жатады [12].

Инновациялық қызметтердің әсерлерін өлшеу концепциясы инновациялық үдерістердің кезеңдерін толық реттілікпен қамтуына негізделген. Инновациялық үдерістердің сатылап орындалуынан оң нәтижелерге қол жеткізуге болады, ал алынған нәтижелер басқарушылық шешім қабылдау үшін қолданылады.

Кесте 1.3. Инновациялық процестің кезеңдері бойынша бағалау және өлшеу [13]

Кезеңнің аты	Аралық нәтижелердің түрі	Нәтижелердің сандық өлшеуі	Бағалау субъектісі
Инновация Өнім (қызмет) идеясы	өңделген идея мен ұсынысты сипаттайтын хаттама	идеялар саны, альтернативалар	Техника бойынша эксперттер
Зерттеулер, өңдеулер	құрылымдар, прототиптер, экспериментальды қондырғылар	Өндірістіліктің өсімі, ресурс шығынының төмендеуі, техниканы дамыту	Техника бойынша эксперттер
Жаңалық ашу	Патенттер, жариялымдар, сыйақы	Аталған нәтижелердің саны	Ғылыми қызметкерлер
Инвестицияла р, шығару, маркетинг	Нарықтық өнімдер, жүзеге асырылатын технологиялар	Техникалық- экономикалық жақсарулардың толық сипаттамасы	Маркетинг бойынша менеджерлер, инженерлер
Инновация ларды нарыққа шығару	Айналым, шығындарды үнемдеу, табыс	Ақша құралдарының абсолютті соммасы, индекстер, уақыт бойынша салыстыру көлемі, бағалы	Маркетинг, өндіріс бөлімдері, тексерушілер, сала бойынша
Ағымдық сауда немесе қолдану	Нарық, шығын, табыстар үлесінің өзгеруі	қағаздар курсының өсімі	эксперттер, банкирлер

Кезеңнің аты, аралық нәтижелердің түрлері, сандық өлшеуіш, бағалау субъектілері жоғарыдағы кестеде көрсетілген. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері технологиялық бизнес-инкубатор, технологиялық парк, инновациялық қор болып табылады. Инновациялық қызметтерді жүзеге асырудың әлеуметтік нәтижелері ретінде жаңа жұмыс орындарының пайда болуы және көбеюі, жұмыс жағдайын жақсартуды, жаңа басқару әдістерін енгізу арқылы ұжым арасында адамдық қатынастарды жасау болып табылады.

Инновациялық қызмет — нарыққа енгізілген идея-инновацияның жаңа жетілдірілген өнімге ауысуымен байланысты қызмет түрі болып табылады. Инновациялық қызмет ғылыми, техникалық, ұйымдық, қаржылық, коммерциялық шаралардың барлық кешенін қарастыруымен ерекшеленеді.

Инновациялық қызметтің негізгі түрлері ерекшеленеді: инструментальды даярлау және өндірісті ұйымдастыру, өндірісті жүргізу және өндіріс алдындағы өңдеулер, технологиялық процестер мен өнімнің өзгеруін, жаңа технологияларды қолдану негізінде мамандарды қайта даярлауды, жаңа өнімдердің маркетингін, технологиялардың патент, лицензия, ноу-хау, сауда маркалары, модельдерінің конструкциясы түрінде алуды, инновацияларды енгізілуімен байланысты машиналар мен құрал-жабдықтарды сатып алуды, өңдеуге қажетті өндірістік жобалауды және жаңа тауарлар мен қызметтерді, басқару құрылымын қайта ұйымдастыруды қамтиды. Инновациялық қызмет ғылыми және техникалық, технологиялық идеялардың жүзеге асырылуымен, нарықтың сұранысына сәйкес нақты өнім мен технологиялардың өңдеулерімен байланысты болып келеді. Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметті басқару механизмінің экономикалық жетілдіруді қалыптастырудың негізгі шарты ол – инновациялық кәсіпкерліктің дамуы болып саналады. Негізінен инновациялық қызмет жаңа шаруашылық аймақтық құрылымдарды дамытуға көмектеседі.

1.3 Қазақстан Республикасының инновациялық саясаты

Нарықтық экономикада елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып және экономикасы тұрақты даму жолына түсу үшін сол елдегі инновациялық қызмет және ғылым мен технология маңызды факторлардың бірі болып саналады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерін теориялық негізде өлшеу үшін Әлемдік экономикалық форумда айтылғандай 3 кезеңмен қарастырылады [14].

1. Факторлық
2. Инвестициялық
3. Инновациялық

Факторлық кезеңдегі мемлекеттердің макроэкономикалық тұрақтылығы өндірістік факторларға ғана негізделген. Жер ресурстары, мамандандырылмаған еңбек және шикізат қоры бар даму деңгейі төмен елдер.

Инвестициялық кезеңдегі мемлекеттер ішкі өндіріс- өнеркәсіпте әлемдік жаңа технологияларды қолдана отырып, бәсекеге қабілетті бола алады, бірақ бұл кезеңдегі мемлекеттер тікелей шетел инвестициясына арқа сүйенп дамушы елдер болып табылады.

Инновациялық кезең елдері -технологиялық импорттау және технологияларды жасау, өңдеу кезеңінен өткен көш бастаушы дамушы мемлекеттер және дамығын елдер.

Инновациялық даму жолын таңдап, инновациялық қызметті жақсарту арқылы ғана көш бастаушы дамыған елге айналуға болады.

Инновациялық дамуды анықтайтын факторлар:

- нарықтық жағдаят және бәсекелестік (сыртқы және ішкі нарықта);
- орта (ғылым және техника дамуының деңгейі, заңдық-нормативтік база, саяси және экономикалық тұрақтылық);
- кадрлар (ғалымдар, мамандар, кәсіпкерлер, менеджерлер, саяси қайраткерлер, мемлекеттік қызметкерлер);
- ресурстар (табиғи, өндірістік, қаржы, ғылыми-техникалық, технологиялық, инфрақұрылымдық) [15].

Инновацияның қозғаушысы болып қоғамның әр түрлі қызмет ортасында болып жатқан үзіліссіз өзгерістер танылады.

Мемлекеттік инновациялық саясат - инновациялық қызметті ынталандыру мен реттеуге негізделген мемлекеттің саяси, экономикалық және ұйымдастыру шаралар кешенін қамтитын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі.

Кез келген елдің экономикалық өсімінің және өмір сүру сапасының жоғарылауындағы қажетті шарт инновациялық белсенділік болып саналады. Инновациялық белсенділік өз кезегінде мемлекеттік экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетіне, ресурстары мен инновациялық саясатына және қоғамның рухани жағдайына байланысты болады.

Кесте 1.4. Ғылыми, технологиялық және инновациялық саясаттың байланысы

Саясат атауы	Мақсаты	Құралдары
Ғылыми	Ғылыми білімді өндіру	Конкурстық гранттар, мемлекеттік институттар, салықтық жеңілдіктер, зияткерлік меншікті қорғау
Технологиялық	Салалық технологиялық бағыттың дамуы	Мемлекеттік сатып алу, кооперация, стандарттар, болжамдар, кадрлар
Инновациялық	Инновациялық белсенділіктің нәтижелері мен деңгейінің жоғарылауы	Бәсекелік саясат, корпоративтік заңнамалар, аймақтық және салалық кластерлер, тұтынушыларды қорғау, экологиялық қорғау, Форсайт

Жаһандану уақытында еліміздің дамыған елдердің қатарына қосылуының негізгі көрсеткіші ретінде тұрақты даму жолына түскен, әл-ауқатты нық, жан-жақты бәсекеге қабілетті экономика танылады. Осы мақсаттағы жүргізіліп жатқан жұмыстар елдің инновациялық дамуына негізделген.

Инновациялық саясаттың басты мақсаты — отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру, сонымен қатар қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондықтан да жаһандық процесс туғызған инновациялық қызмет кез келген мемлекеттің даму тарихында ерекше орынға ие. Еліміздегі ішкі және сыртқы геосаяси және экономикалық жағдайдың тұрақтануы мен инновациялық қызметтің, ғылыми-техникалық саясаттың дамуын жүйелеуде жан-жақты жасалған саясаттың орны ерекше.

Мемлекеттің инновациялық саясаты Қазақстанның мемлекеттік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, себебі азаматтардың тұрмысы елдің әл-ауқатын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан шаралардың арқасында елдің ғылыми-инновациялық дамуының көрсеткіштеріндегі оң өзгерістерден байқауға болады.

Елімізді инновациялық дамытуда жасалынып жатқан іс-шаралардың нәтижелерін жоғарыдағы суреттен байқауға болады. Инновациялық өнімдердің көлеміне есепті кезеңдегі әртүрлі технологиялық инновациялар негізінде өндірілген өнімде көлемі жатады.

Елдің инновациялық-индустриялық дамуын қалыптастыру және экономиканың нақты, түпкі өнім өндіру секторын өркендету әрі әртараптандыру мақсатындағы стратегияның мақсаты тұрақты өсім мен экономикалық тұрақтылықты сақтауға негізделген инновациялық даму жолымен жету болып табылады.


Инновациялық даму бұл ғылым мен технологиядағы жаңалықтарды өндіріспен байланыстыруға бағытталған экономикалық даму бағыты.

Отандық экономиканың дамуы жаңа технологияларды жасау мен оның дамуы, робототехника және нанотехникалар, болашақ қуатының ашылу мәселелерімен байланыстырды. Еліміздің алдында ғылыми базисті құру арқылы дамыған 30 мемлекеттің қатарынан көріну керектігі мақсат етіп қойылды[19].

Инновациялық саясат шикізаттық бағытпен ғана дамудан бас тартуға мүмкіндік беретін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елді ұзақ мерзімді жоспарда тұрақты экономикалық дамуына қол жеткізуді көздейтін бірден-бір мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласындағы бәсекеге лайықты, әлемдік стандарттарға сай өнімдер, қызметтер мемлекеттік инновациялық саясаттың басты нысанасы ретінде танылады.

Қазіргі таңда отандық инновациялық қызметтерді көбейтіп, инфрақұрылымды жетілдірудің тиімді тетіктерін қалыптастыруды қажет етеді. Себебі, тек инновациялық инфрақұрылымы құрастырылып, қалыптасқан мемлекет қана инновациялық ортаның толыққанды қатысушысына айнала алады.

Инновациялық саясат ғылыми техникалық дамуды перспективалы инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, бәсекеге қабілеттілікті арттыруда өзіндік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуі тиіс. Инновациялық саясат жүргізуде дамудың негізгі бағыттарын айқындап алу керек. Республикадағы инновациялық дамудағы негізгі бағыттар 2 сызбада көрсетілген [20].



2 –сызба. Инновациялық саясатты таңдаудағы негізгі бағыттар

Мемлекеттегі жүзеге асырылып жатқан негізгі инновациялық қызметі төмендегі шараларды қамтуы тиіс:

-инновациялық іс-шаралардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қалыптастыру;

-өндіріс тиімділігі жоғарылату және ішкі нарықтағы тауар өндірушілердің өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін технологиялық жаңалықтар енгізу арқылы арттыру;

-кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін көтеру және инновациялық іс-әрекеттерді жүргізуге бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді қолдану;

-отандық инновациялық өнімдерді халықаралық нарықта өткізу және Республикадағы өнімнің экспорттық әлеуетін жоғарылату;

Инновациялық саясат жүргізілгеннен күтілетін оң нәтижелер қатары төмендегідей:


-ресурстарды ұтымды қолданып, өнімдердің тиімділігін арттыра отырып, бәсекелік артықшылықтың ерекше түрін қалыптастыру арқылы ұлттық экономиканы жетілдіру;

-халықтың әл-ауқатын, өмір сүру деңгейінің одан әрі жақсаруы.

-елде бәсекеге қабілетті инновациялық орта жасау арқылы инновациялық экономиканы қалыптастыру[21].

Инновациялық саясаттың жүзеге асуындағы белсенділігінің негізі қаржы мәселесіне жатыр. Экономикалық қажеттілікті анықтайтын нарықтық сұранысқа, бәсекелестік ортаның дамуына, ғылыми-техникалық әлеуеттің дамуы, тұрғындардың менталитеті, олардың білімі мен мәдени деңгейі және сыртқы экономикалық байланыстар болып табылады. Бұлардың әрқайсысы инновациялық үдерістерге тікелей немесе жанама түрде әсер етіп отырады.

Қазақстанда инновациялық қызмет саласы бойынша экономикалық кеңістігінде елеулі өзгерістер орын алуда. Елдегі инновациялық қызметті жүргізу және қолдау мақсатында бірқатар заңдар қабылданып, Президент Жарлықтары мен қаулылар, сонымен қатар жыл сайынғы Президенттің халыққа Жолдауында да ерекше маңызға ие болды.



3- сызба. Елдегі инновацияны дамытудағы басты мәселелер [22]

Қазақстандағы инновациялық жүйені дамытуды нақтылайтын және инновациялық саясаттағы ұстанымдарды жинақтайтын құжат - 2013 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму Тұжырымдамасы қабылданды. Инновациялық дамуды қолдайтын тұжырымдама көшбасшы жобаларды жүзеге асыру арқылы елдің дамуына ықпалын тигізетін жеке-дара инновациялық бастамаларды дамытуға көшуді мақсат етті.

Сонымен қатар 2020 жылға қарай инновациялық белсенділік деңгейін 50%-ға дейін жоғарылату және ЖІӨ-дегі инновациялық өнім үлесін 2,5%-ға жеткізу, ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің 2%-ға дейін арттыру мәселелері осы тұжырымдама қарастырылды. Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру арқылы жоғары өңдеу өнімдерінің 4 есеге жоғарылататын нәтижеге қол жеткізуге болады [23].

Елдегі инновациялық дамуындағы үш бөліктен құралған фин моделі таңдалынып алынды. Осы модель төмендегі мәселелерді қамтиды. Олар:

- мемлекеттің дамуы инновациялық қағидаларға бағынуы
- инновациялық даму институтционалды база құру және үйлесімділігінің жоғарғы деңгейде болуын қамтамасыз ету
- ғылыми орталықтар және бизнес арасында тиімді өзара әрекеттестікті қалыптастыру [24].

Инновациялық дамуды таңдау – бұрынғы даму жолдарын жаңарту, барлық салалар бойынша даму динамикасын өзгерту және ғылыми-техникалық бағытқа басымдылық беру мақсатында жұмыс істеу болып табылады. Инновациялық саясаттың негізгі мақсаты – отандық өнімдердің және отандық өндірістің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, сонымен қатар еліміздің әл-ауқатын жоғарылату және экономиканың тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

1.4 Инновациялық қызметтерді жүзеге асырудағы шетелдік тәжірибелері

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді түпкілікті шешуде және оны жақсартуда білімге негізделген экономикалық және инновациялық дамудың баламасы жоқ екендігі байқалады. Экономиканың инновациялық дамуының мәні сыртқы сауда айналымы мен инвестиция, өндіріс көлемінің сапалы өсуіндегі басты факторы ретінде жаңа өнімдердің, қызмет көрсету мен технологиялық үдерістердің құрылуы және енгізілуімен, оның кең таралуындағы инновациялық қызметтің белсенділігімен сипатталады. Бірінші кезекте бұл экономика дамуы қозғалтқышы саналатын жоғары технология және ғылыми ортаға байланысты болады.

Инновациялық даму ішкі нарықтың сұранысын қанағаттаныра отырып, жаңа халықаралық нарықты жаулап алуға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті өнім шығарылуы және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттігімен қоса, елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды.

Елдің ұлттық қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде және инновациялық экономиканы құруда, ұлттық инновациялық жүйені дамытып, нығайтатын меншікті және бәсекеге қабілетті ғылыми білім мен инновацияны игеруге қолдануда маңызды зор.

Елдердің бәсекеге қабілеттілігі және олардың инновациялық белсенділігін бағалау мәселелерінің соңғы зерттеме талдаулары әлемдегі ұлттық бәсекеге қабілетті әлемдік рейтинг Growth Competitiveness Index (GCI) (World Economic Forum) (Global Competitiveness Report) European Innovation Scoreboard (EIS) талдамаларынан байқауға болады[25].

Қазіргі таңда Қазақстанның жаһандық инновациялық даму жолын таңдауы қажетті құбылыс. Табиғи ресурстарды барлау және жылу-энергетикалық кешеннен тұратын салалар экономиканы дамытудың тірегі болуы мүмкін емес. Шикізаттық бағыттағы экономикалық даму уақыт өте келе жалпы ішкі өнім шамасын ғана емес, елдің технологиялық мүмкіншіліктерінен де арта қалдырады, демек бір жақты даму жолындағы ел жан-жақты дамыған елдердің қатарында болуы мүмкін емес.

Әлемдік экономика жағдайында Қазақстанның экономикалық басты мәселелері ретінде: шикізатқа бағыттылық, әлемдік экономикадағы әлсіз интеграция, мемлекет ішіндегі аймақаралық және салааралық әлсіз интеграция, ішкі нарықтағы тауарлар мен қызметтерге деген тұтынушы сұранысының аз болуы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың техникалық, техногиялық арта қалуы, ғылым мен өндіріс арасында байланыстың болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) аз шығындардың болуы[26].

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдардағы индустриалдық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, қазіргі кезде отандық ғылымды қажетсінетін өндірістің дамуы, жаңа ғылымды қажетсінетін және ақпараттық технологияны жетілдіру мен өңдеу, республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін және өнеркәсіптік дамуы мен сақталуының есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бәсекеге қабілетті өнім алуға бейімделуі өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық стандарттарды енгізу және алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар негізінде нақты трансфертті қамтамасыз ету, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жою, өңдеуші өнеркәсіптегі жаңашылдықтарды игеру, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізу, ұлттық ғылыми-техникалық әлеует пен инновациялық үдерісті дамытуға жағдай жасау және белсенділікті арттыруға бағытталған жаңа инновациялық саясат жүргізуді қолға алды.

Осы қажеттілікке байланысты тиімді инновациялық саясат жүргізуде оңтайлы шетелдік тәжірибені танып-білудің, қолданудың өзектілігі зор.

Бүгінгі таңда дамыған мемлекеттерден басты үш ғылыми-инновациялық даму модельдерін бөліп қарастыруға болады:

1. АҚШ, Англия, Франция -ғылымда көшбасшылыққа бейімделген, ірі көлемді мақсатты жобаларды іске асыратын, ғылыми-өндірістік циклдың барлық стадияларын қамтитын мемлекеттер;

2.Германия, Швеция, Швейцария-жаңалықтарды таратуға бейімделген, жағымды инновациялық ортаны құру, экономиканың барлық құрылымдарын рационализациялауды жүзеге асыратын мемлекеттер;

3. Жапония, Оңтүстік Корея-инновациялық инфрақұрылымның даму жолымен жаңалық енгізуді реттеу, әлемдік ғылыми техникалық үдерістің жетістіктеріне ықпалдылығын қамтамасыз ету, ғылым және технология облысындағы түрлі секторлардың іс-әрекет координациясын жүргізетін мемлекеттер[27].

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, жекелеген елдерде экономикалық өсімдегі ғылыми жетістіктерге салынатын салымдар ЖІӨ-нің 50% нан асып түседі. Әлемдік экономикада ғылымды қажетсінетін өнімдер өндіру жалпы 50-55 негізгі макротехнологияларды қамтамасыз етеді. Әлемдегі жеті алдыңғы қатарлы дамыған елдер 46 макротехнологияды қамтып, жоғары технологиялар нарығының 80%-ын алады. АҚШ жыл сайын ғылыми өнімдерді экспорттаудан 700 шамасында , Германия -530, Жапония- 400 млрд доллар табыс табады[28].

Нарықтық экономикада алдыңғы қатарлы дамыған елдер төмендегі негізгі принциптерге негізделген әртүрлі тиімді инновациялық басқарушылық және экономикалық механизмдерді пайдалану арқылы қол жеткізді.

- жоғары дамыған елдерде сол уақыттағы қажеттілік сапасына қатысты ғылыми-техникалық, технологиялық үдеріс жетістіктерінің қандай түріне жататындығы, инновациялық болып танылуына байланысты динамикалық, жағдайға сай тепе-тең әдістері таңдалды

- мемлекет тарапынан инновацияларға заңмен бекітілген, нақты экономикалық және саяси қолдаулар көрсетілді.

- жалпы қолдау шаралар кешеніне инновациялардың негізгі құрылысына қарай мемлекеттік қолдау шаралары жатқызылды.

Мемлекеттік реттеудің тікелей әдістеріне

- қаржыландыру, несие беру, лизинг, қорлық операцияларды жүргізу арқылы қаржыландыру;

- жоспарлау және жобалау;

- мемлекеттік кәсіпкерлік жатады[29].

Тікелей экономикалық шаралар жүйесінде жоғары оқу орындары мен өнеркәсіптер, ҒЗТҚЖ аумағындағы өнеркәсіптік бірлестіктер құрудағы инновациялық үдерістерге мемлекеттің әсері мол. Мысалы,

Жапонияда мемлекеттік бірлестіктер, зерттеу орталықтары, ҒЗТҚЖ мен жеке компаниялар бірігуімен бюджеттік субсидиялау, қаржыландыру және жеңілдетілген несиелер беру жүргізіледі. Германияда үкімет өндірістік-шаруашылық қызметіндегі және ғылыми-техникалық белгілі бағыттағы тәуекелді, ұзақ мерзімді зерттеулердің дамуында қаржылай қолдау көрсетеді. Канадада мемлекеттік тікелей ҒЗТҚЖ-ға жағдай жасау ҒЗТҚЖ мемлекеттік қаржыландыру және коммерциялық банктерден алынған несиелерді мемлекетпен кепілдендіру арқылы жүзеге асырылады.

Технологиялық дамыған елдердің негізгі инновациялық қызметтерді реттеудің жанама әдістері бір жағынан- инновациялық үдерістерді ынталандыруға бағытталса, сонымен қатар ғылыми-техникалық дамуы үшін әлеуметтік-саяси климат пен жағымды экономикалық жағдай жасауға негізделген. Олар шаруашылық шешімдерді қабылдауда мемлекет дербес кәсіпкерлікке тікелей шектеу қоймауға негізделді. Егер шаруашылық шарттарының жекелеген түрлеріне емес, қоғамдық түрінде құрылуына мүмкіндік туғызса осы тәсілдер тиімді әсер етеді.

Басқарудың жанама әдістерінің арасынан дәстүрлі салықтық және амортизациялық реттеу, несиелік және қаржылық саясат, бағалық реттеу, салықтық және амортизациялық заң шығаруды бөліп көрсетеді.

Негізгі салықтық жеңілдіктер:

1) жаңа құрал-жабдықтар мен жаңа құрылыстарға салынатын қаржы көлеміндегі табысқа жеңілдіктер;

2) ҒЗТҚЖ-дағы шығындар көлеміндегі табыс салығындағы жеңілдіктер;

3) ғылыми зерттеулерде қолданылатын ағымдағы шағындардың құрал-жабдықтардың жекелеген түрлерімен байланысы;

4) салықсыз арнайы атаудағы қорлардың табыс қорлары есебінен құрылуы;

5) төменгі мөлшерде (шағын және орта кәсіпкерлік үшін) табысқа салық салу.

Қаржылық салымдардағы салықтық жеңілдіктер көбінесе «инвестициялық салықтық несиелер» түрінде көрсетіледі. Мұндай жеңілдіктер жана техника, құрал-жабдықтар мен технологияларды енгізуге инвестициялар бөлетін компанияларға беріледі. Компанияның табыс салығына жеңілдіктер қарастырылады. Инвестициялық салық жеңілдіктері жаңа техниканы қолданысқа енгізгеннен кейін жасалынады.

Жеңілдік көлемі енгізілген техниканың бағасына байланысты пайыздық мөлшерімен қойылады: Жапонияда 5,3 % (электрондық техника мен құрал-жабдықтар үшін), Ұлыбританияда 50 % шамасында (жаңа техника, технология және материалдарды бірінші жылдағы қолдануы үшін) Канадада 10-15 % (компанияның орналасқан аумағындағы игеруіне байланысты) және Ирландияда 100 %. АҚШ инвестицияға салықтық

жеңілдіктер тек энергетикалық жабдықтарға қатысты жүзеге асырылады [30].

Кесте 1.5.Әлем елдерінің ғылыми зерттеу және ҒЗТҚЖ-ның құраушылары

	АҚШ	Жапония	Еуропалық Одақ елдері
Ұйымдастырушылар, басқару құрылымдары	Ұлттық ғылыми қор, Стандарттар Бюросы, Қорғаныс министрлігі, ғарыш зерттеу орталығы және т.б.	Сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігі, Білім министрлігі, ғылым және технологиялар агенттігі,	Еуропалық кеңес, ЕО министрлер кеңесі, ЕО комиссиялары, ғылыми-техникалық зерттеулері бойынша комитет, ғылым мен техниканың еуропалық дамуы жөніндегі комитет
Басты мақсаты	Ғылыми-техникалық үдерістің жетістіктеріне қол жеткізу, халықтың тұрмыс-тіршілігін және өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату		

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей қай елде болмасын, ғылыми зерттеу жұмыстарының елдің экономикалық өсуінде орны ерекше. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржыландыру мөлшерін қарастырсам, АҚШ-та ҒЗТҚЖ Ұлттық ғылыми қор арқылы жүзеге асырылып отырады. ҒЗТҚЖ дамуында Қорғаныс министрлігіне ғылыми-зерттеуге бөлінетін қаржының 46%-дан жоғары бөлігі тиесілі. Оның құрамында 68 ғылыми-зерттеу орталықтары, институттар мен тәжірибе зертханалары кіреді. Математика және инжиниринг саласында университеттегі ғылыми бағдарламаларды қаржыландырады. Денсаулық сақтау министрлігі 10% ғылыми зерттеулерге бөлінетін мемлекеттік қаржыға иеленеді. Ұлттық денсаулық институты, 13 ғылыми-зерттеу институттары және 7 бағдарламалы-бағытталған орталықтар жұмыс жасайды. 3% қаржыландыру геология, геофизика, гидрология саласына бөлінеді. Энергетика министрлігі 9% мемлекеттік ғылыми шығындар қарастырылған.

Технологиялық дамыған елдерде ҒЗТҚЖ-мен айналысатын компанияларға жеңілдіктер қарастырылған. Көлемдік және өсімдік түріндегі екі салықтық жеңілдіктер бар. Көлемдік жеңілдік шығын көлеміне пропорциялы жеңілдіктер береді. АҚШ-та, Ұлыбритания, Канада, Бельгия, Швеция, Италияда ҒЗТҚЖ-дың 100 %, Австралияда 150% компанияның шығынына есептелген. Ал Австрия, Малайзия, Нидерланды,

Норвегиядағы энергетикалық саладағы кәсіпорындар ҒЗТҚЖ шығындарынан толығымен жеңілдетілген.

Жапонияда ҒЗТҚЖ-ын үйлестіру және ғылыми-технологиялық саясат жүргізуде Білім министрлігі, ғылым және технология агенттігі және сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігі жұмыс жасайды. Оқу академиялық институттар, кәсіпкерлер және тұтынушылар ассоциациялары жасақталған.

Жапонияда ҒЗТҚЖ-на мемлекеттік шығындардың үлесінен ғылымға 20%, өнеркәсіп саласына 1,5%-ды құрайды. Бұл дамыған елдер арасынан мемлекеттік қолдау көрсеткіші бойынша аз мөлшерде. Аз мөлшерде болғанына қарамастан, мемлекеттік ролі ерекше. Мемлекеттік қаржыландырудың ерекше түрімен жүзеге асырылады. Ғылыми зерттеу жұмыстарының өңдеу, жетілдіру кезінде мемлекет қаржыландырып, мемлекеттен қолдау тапқан жобаға жеке фирмалар жобаны әрі қарай жетілдіруде өз қаражаттарын бөледі. Жобаның соңғы кезеңдерінде қаржыландыруды толықтай жеке фирмалар жүзеге асырады.

Үкімет мемлекеттік зерттеу орталықтарында алынған ғылыми нәтижелерді жеке сектормен бірге жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Ғылым және технология агенттігі бастапқы зерттеу жұмыстарын жүргізуге жауапты. Мемлекеттік ғылыми орталықтар мен жеке компаниялардың бірлесе отырып зерттеу жасауына жағдай жасайды.

Германияда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін орталық механизм қалыптаспаған. Университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтары мемлекеттің және аймақтық бюджет есебінен де қаржыландыру қарастырылған. Аймақтағы даму мүмкіндігіне қарай, кәсіпорындардың көлемінің ерекшеліктерін ескере отырып аймақ мүмкіндіктерін кеңейту жолға қойылған.

Германияда Гельмгольц атындағы неміс ғылыми орталықтарының бірлестігі, Фраунгофер атындағы ғылыми бірлестік, Макс Планк атындағы қоғам және «Көгілдір тізім» ғылыми-зерттеу мекемесі ғылыми орталықтар жұмыс жасайды. Олар зертхана мен өнеркәсіптік компаниялар арасындағы көпір іспетті. 45 зерттеу институттарын біріктіретін бірлестікті федералды үкімет субсидиясы және келісімді зерттеу түсімдері есебінен қаржыландырылады. АҚШ және Жапониямен салыстырғанда ҒЗТҚЖ жүргізуде ролі үлкен.

Францияда ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жүйесі қатаң орталықтандырылған жүйеде жұмыс жасайды. Бұл елде зерттеудің негізгі бағыты көпфункционалы зерттеу ұйымдарының құзіретіне жинақталған.

Ұлыбританияда ҒЗТҚЖ-ын орталықтан басқару бір ғана көпфункционалы ұйымның емес, алты мамандандырылған мекемемен жүргізіледі. ҒЗТҚЖ-ын ұйымдастыру ерекшеліктері мемлекеттік және жеке сектор арасындағы қаржыландыру үлесіне байланысты болып табылады.

Әлем елдері арасында ҒЗТҚЖ-н қолдауға мемлекеттік шығындар көрсеткіштері арқылы дамыған елдердің инновацияға, ғылыми зерттеудің маңыздылығын байқалады. Көш басында АҚШ, Германия, Франция елдері.

Жоғарыдағы кестеде дамыған елдердің ҒЗТҚЖ-на жұмсалатын мемлекеттік шығындар және оның ЖІӨ-дегі жалпы көлемі көрсетілген.

Әлемдік тәжірибеден инновациялық белсенділікті арттыру мақсатында мемлекет кадрлар дайындауға да көп көңіл бөлетінін байқауға болады. Францияда 25% мамандар дайындауда салықтан босатылады. Сонымен қатар, технологиялық дамыған елдерде зерттеудің перспективті бағыттары үшін үкіметтік кепілдемелермен ұзақ мерзімді несие беру жолдарымен ҒЗТҚЖ-на қолдау көрсетіледі. Мысал ретінде, АҚШ-та «болашаққа инвестиция» атауымен ғылыми-технологиялық ортада ресми үкіметтік қаржы салу құжаты бар.

Қай елде болмасын инновация және ҒЗТҚЖ ортасы ұлттық стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру бойынша тиімді механизмдердің бірегейі болып саналады.

Отандық мамандардың бағалауы бойынша, Қазақстан бүгінгі таңда ғылымды қажет ететін өндірісті дамытуға мүмкіндік беретін жеткілікті ғылыми қорға ие. Ең алдымен, олар биотехнология (жаңа сорттар, мал және ауыл шаруашылық мәдениетіндегі генотиптер және т.б.); ядролық технология; космостық технология; жаңа материалдар құрастыру; химиялық өнімдер және технологиялар.

Инновациялық белсенділікті арттырып, инновациялық орта құру үшін ең алдымен, инновацияны қолдау және дамыту жолдары, әлемдік тәжірибеден байқалған тиімді инновациялық даму сұлбалары және жетік жүзеге асырылған шетелдік тәжірибелерді кеңінен қолдану керек. Инновациялық қызметтер бойынша озық шетелдік тәжірибелерді қолдану арқылы, халықаралық инновациялық құқық жүйесінде бірігу арқылы, ұлттық заңнамаларды жүргізу және халықаралық келісім-шарттарға отыру арқылы елдің инновациялық қызмет бойынша халықаралық жүйедегі болашағының жарқын болары сөзсіз.

Қазіргі жағдайда аймақтың интеллектуалдық әлеуетін пайдалану және жетілдірудегі тиімділігін жоғарылудағы бірқатар шаралар:

-инновациялық даму бағыттарына сәйкес ғылымға ынталандыру жұмыстарын арттыру;

-сұранысқа ие мамандықтар бойынша ғылыми мамандар даярлау, кәсібилік деңгейін шыңдау;

-кәсіпорын мен жоғары оқу орындары арасындағы серіктестіктің белсенді түрлерін ұйымдастыру;

-инновациялық өндірістерін дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру;

-жоғары кәсіби мамандарды сақтау және басқа аймақтардан кәсіби мамандарды тарту және тағы басқа.

Бақылау сұрақтары:

1. Инновация түсінігіне анықтама беріңіз?
2. Инновациялар неге маңызды?
3. Қай ғалымдардың еңбектерінде, инновациялық қызмет, ғылыми-зерттеулер мәселелері зерттелген?
4. Австрия ғалымы Й.Шумпетердің инновациялық теориясының мәне неде?
5. «Технологиялық айырылым» - теориясының ерекшеліктерінің ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз?
6. И.Ансофор технологиялар теориясымен инновациялардың арасындағы байланыс қандай?
7. «Инновациялық кәсіпкерлік» пен «дәстүрлі кәсіпкерлік» түсініктерінің арасында айырмашылық барма?
8. Инновациялық қызметтің объектілері мен субъектілері қандай?
9. Инновациялық қызметтің экономиканы дамытудағы рөлін түсіндіріңіз?
10. Инновацияларды қандай белгілері бойынша жіктеуге болады?

2. Ғылыми-техникалық дайындауды ұйымдастыру және оны өндіріске енгізу

2.1 Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты ұйымдастыру (ҒЗТҚЖ)

Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты ұйымдастыру негізгі мақсаттары:

1. Табиғат пен қоғамның дамуында жаңағылыми нәтежелер алу.
2. Өндірісте өндірістің өімінің бәсекелестігін жақсарту немесе жоғарлату масаттарында материалдық ресурстарды өндірісте пайдалануын теориялық тәжірибелік мүмкіншіліктерін сынау.
3. Инновациялық қызыметтерді нақты нәтежелерді пайдалануды жүзеге асырады.

ҒЗТҚЖ- қ негізгі принциптері:

1. Кез - кеген мәселелерді шешуде, дұрыс басқару шешімін қабылдауда, алдың –ала белгіленген ғылыми принциптерді, әдістерді қолдауды жүзеге асырылады.

2. Адам капиталын дамытуды инновациялық қызметтерді пайдалану.

ҒЗТҚЖ мынадай сатыдан тұрады:

1. Теориялық зерттеулер және ізденістер
2. Қолданбалы зерттеулер
3. Тәжірибелік

4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар.

Теориялық зерттеулер нәтежесі – ғылыми жаңалықтарды ғылыми теорияларды қалыптастыруда және жаңа бір түсініктерді негіздеуде пайда болды. Ал ізденістерге өнімдер мен технологиялардың жаңа түрін қалыптастыруды зерттеу жатады.

Қолданбалы зерттеу – нақты тәжірибеде бұрыннан белгілі құбылыстармен үрдістің пайдаланылуын зерттейді. Ол өзінің алдына технологиялық мәселелерді шешу қандайда бір түсініксіз теориялық сұрақтарды түсіндіру және ғылыми зерттеудің нақты нәтежесін алу мақсатын қояды.

Тәжірибелік конструкторлық жұмыс - ҒЗТКЖ басты сатылық бірі себебі ол лабораториялық және эксперименттік жағдайда нақты өндірісте ғылыми нәтиженің пайдалануын жүзеге асырады. Ғылыми жұмыстарды дайындау деп нақты зерттеулермен ғылыми нәтежелерге негізделген жүйелік жұмысты айтады. Ол негізінен жаңа өнімдермен құрылымдарды қалыптастыруға және оларды өндірістік үрдісті енгізуді жүзеге асырады сондықтан да тәжірибелік конструкторлық жұмысқа мыналар жатады:

1. Инженерлік конструкторлық объектімен техникалық жүйелерді дайындау.

2. Жаңа объектінің идеяларымен түрлерін дайындау (сызба, техникалық дайындаулар).

3. Технологиялық процестерді дайындау мұнда қандайда бір нәтиже алу мақсатында химиялық, физикалық технологиялық процестерді жүзеге асырады.

4. Тәжірибелік үлгі жасау

5. Тәжірибелік үлгіні сынау

6. Нақты өндірісте пайдалануға қажетті жобаны анықтау

Тәжірибелік эксперименттік жұмыс- ғылыми зерттеудің нәтижесін сынау ол алдын-ала дайындалған тәжірибелік үлгі формасындағы жаңа өнімдерді технологиялық тұрғыдан сынаудан өткізеді. Ал тәжірибелік жұмыс сол ғылыми нәтежеге қатысты үлгілерді, құрылымды, макеттерді дайындау, жөндеу, қалыптастыру.

ҒЗТКЖ жаңа өнімді өндіруге пайдаланумен аяқталады. Ал сол өнім нәтижелерді өндіріске енгізуінің мынадай деңгейін қарастырады:

1. Аяқталмаған ғылыми зерттеу жұмысының нәтежесін басқа ғылыми зерттеуге пайдалану,

2. ҒЗТКЖ нәтежесін эксперименталдың үлгімен лабораториялық процестерде пайдалану,

3. Тәжірибелік конструкторлық жұмысының нәтежесін игеру,

4. Дайын өнімдерді өндірісте қолдану және жаппай пайдалануға жіберу.

ҒЗТКЖ - тың негізгі міндеттерінің бірі патентті лицензиялық қызметті ұйымдастыру. Интеллектуалдың меншікте құқықтық реттеу негізінен патентік жүйе арқылы жүзеге асырады.

Әлемдік деңгейде осы қызметті реттеу Париждің конвенция арқылы жүзеге асырады (1983ж құрылған). Ол патентті, тауар белгісін қолдануды реттейді және заңсыз інтемеинтуалдың меншікті пайдаланған үшін жазалайды. Патент деп - ашылған жаңалықты иемдене құқық беретін және оның авторлық меншігін мойындамайтын құжат. Яғни ашылған жаңалық патент иесінің рұқсатынсыз ешкімнің пайдалануына рұқсат берілмейді. Жалпы патент өнеркәсіптік үлгіні бекітетін және тауар белгісін тіркейтін ашылған жаңалыққа меншіктің құқық беретін маңызды құжат. Сондықтанда ашылған жаңалықты басқада пайдаларға беру және жартылай беру лицензия арқылы жүзеге асырады лицензиялық техникаларды сатудың бірден – бір нормасы.

Лицензия жеке және заңды тұлғаларға жаңалықты пайдалануға рұқсат береді және патентік, техникалық, технологиялық конструкториялық құпияларды сақтауға жол ашады. Лицензия беру коммерциялық операциялық бір түрлі ол сату сатып алу келісімі шарті арқылы жүзеге асырады және ол келісім шартта лицензия берушімен лицензия алушының құқтары ашып көрсетіледі. Лицензия беру қай жақтың келісімі арқылы ашылған жаңалықты технологиялық жетістіктерді өндірістік және тәжірибелік құпияларды және интеллектуалдың меншікті пайдалануды жүзеге асырады және болжамдайды.

2.2 Өндірістің ұйымдық-техникалық деңгейін талдау

Өндірістік ұйым техникалық деңгейін талдау. Өндірісті ұйымның техникалық деңгейі кәсіпорынның өндірісті ұйымдастыру еңбек пен басқаруды технологияны дамытуға бағытталған инновациялық жобаларды жүзеге асыру арқылы қалыптасады сондықтанда кәсіпорында ғылыми техникалық процеске инновациялық саясат нәтижесі өндірісті ұйымдастыру техникалық деңгей арқылы сипатталады. Өндірістің ұйымдық – техникалық деңгейі мынадай үш көрсеткішпен сипатталады: шешімдік, жалпы, жеке.

Өндірістік ұйымның техникалық деңгейін талдау мынадай көрсеткіштер арқылы жүзеге асырылады:

- өндірістік техникалық деңгейі;
- ұйымдық деңгейі.

Өндірістік техникалық деңгейі өндірістің жеке өндірістік құралдарының техникаларының даму сатысымен сипатталады. Ал өндірістік ұйымның деңгейі өндірісті, еңбекті басқаруды ұйымдастыруды дамытуды деңгейі арқылы сипатталады. Сондықтанда мынадай факторларды ескеру қажет.

Өндірісті техникалық деңгейіне әсер етуші факторлар:

1. Негізгі және көмекші жұмысшыларды негізгі құралдармен қамтамасыз ету деңгейі, соның ішінде өндірісті автоматтандыру және механикаландыру деңгейі.

2. Технологиялық процесінің прогрессивті деңгейі.

3. Технологиялық процесті пайдаланудың орташа жасы

4. Технологиялық құралдарды пайдаланудың орташа жылы

5. Жұмысшының қормен қорлануы

Өндірістік ұйым деңгейіне әсер етуші факторлар:

1. Өндірісте мамандану деңгейі

2. Өндірістің кооперациялық деңгейі

3. Техникалық құралдарының жұмыс жасау сменінің коэффициенті.

4. Кәсіпорындағы негізгі жұмысшыларының барлық жұмысшылар құрамында алатын үлесі.

5. Бір жыл ішінде жұмыстан кеткен жұмысшыларының санының үлесі.

6. Дұрыс пайдаланылмаған уақыт шығынының үлесі.

7. Өндіріс қуатын пайдалану көрсеткіші.

8. Кәсіпорында өндірісті ұйымдастыру принциптерінің дұрыс пайдалану коэффициенті.

Жалпы ҒТП машинаның, құралдарының механизмінің жаңа формасын ұйымдастыру себебі кәсіпорында жаңа ғылыми техникалық процесті тере отырып жаңа өнім өндіруді жүзеге асырады. Өндірісті техникалық дайындау жаңа өнім өндіру кезінде өндірістік процесті ғылыми техникалық, ұйымдық, экономикалық тұрғыдан жетілдіру. Өндірісті техникалық дайындау негізгі мақсаты халық шаруашылық барлық саласында жаңа машиналар көп техникалық, технологиялық процестер арқылы үздіксіз өндірісті қалыптастыру. Өндірісті техникалық дайындау мынадай сатылардан тұрады:

- ғылыми зерттеу
- тәжірибелік конструкторлық
- технологиялық
- ұйымдастырушылық, экономикалық.

Ғылыми зерттеу кәсіпорынның өнімін тұтынуларды, бәсекелестерді және кәсіпорын өнім сатылатын нарықты зерттеу және жаңа идеялармен тауарларды іздеу.

Тәжірибелік конструкторлық жұмыс жаңа өнім өндіруді қалыптастыру және тәжірибелік үлгідей тауарды сынау.

Технологиялық саты жаңа өнім өндірудің конструкторлық және тәжірибелік негізінде технологиялық процестерді ұйымдастыру ұйымдастырушылық экономикалық – бұл кәсіпорынды жоспарлау, материалдық техникалық ресурстарын қамтамасыз ету, қаржыландыру,

жаңа өнім түрін өндіру және басқа да кәсіпорынның ұйымдық экономикалық көрсеткіштерін қамту.

2.3 Технологиялық процестерді дайындауды ұйымдастыру

Тапсырыс берушінің талабы бойынша жетілдірілген және жаңа өнім өндірудегі бір-біріне байланысты процестердің жиынтығын айтады. Соның ішінде конструкторлық жиынтықты айтады. Өндірісті жаңа өнімге дайындалып осы конструкторлық жүйеге асады. Себебі мұнда жаңа өнімнің үлгісі дайындалады және ол сынақтау өтеді сонымен қатар конструкторлық дайындау жаңа өнімге конструкторлық құжат дайындайды. Конструкторлық құжаттың біртұтас жүйесі мынадай сатылардан тұрады:

1. Техникалық тапсырманы құрастыру
2. Техникалық ұсынысты есептеу
3. Эскиздік жобадағы өнім дайындау
4. Техникалық жоба дайындау
5. Метериологиялық экспертизді құжат дайындау
6. Үлгі түрінде тауарды сынау
7. Жобаны тексеру, бекіту, және қандайда бір өзгерістер енгізу

1. Техникалық тапсырманы құрастыру ол тапсырыс берушімен өнім өндіруші кәсіпорын арасында жасалынады. Онда тапсырыс берушінің талабы тауардың барлық көрсеткіштері техникалық қауіпсіздігі санитарлық-гигиеналық нормасы, бұны сақтау өткізу жағдайы т.б. талаптарды көрсетеді.

2. Техникалық ұсыныс техникалық параметрлерін экономикалық тиімділікті анықтайтын көрсеткіштерді есептеу белгіленеді. Мұнда өндірістік жаңа өнімнің басқа өнімдермен салытырғанда артықшылығы және экономикалық тиімділігі көрсетіледі.

3. Эскиздік жоба ол өнім өндіруге қойылған барлық талаптарын сақтай отырып өндірілген және ол бірнеше материалдардан жасалады, себебі эскиздік жоба мамандардың талқылауына беріледі. Ол талқылаулардың нәтижесінде белгіленген өнімдердің формасы өндіруге қабылданады.

4. Техникалық жоба стандарттарға сай өндірген өнім техникалық жобада оның сызбасы негізгі параметрлері оның төзімділігі т.б. техникалық көрсеткіштері анықталады.

5. Материалдық экспертизді құжаттарды дайындай техникалық жоба бекітілгеннен кейін дайындалады, себебі онда өндірілетін өнімнің барлық параметрлері көрсетіледі және сол параметрлер негізінде үлгі жасалынады.

6. Үлгіні сынау жасалынған жоба негізінде негізгі технологиялық және конструкторлық бөлімдердің жаңа өнімді сынақтар өткізу негізінде дайындалады.

7. Конструкторлық құжат дайындауда кәсіпорында арнайы бөлім құрылады және ол бөлімдердің дайындаған құжаттары сақталады. Жаңа өнім өндіруге қандай да бір жіберілген қателік анықталып белгіленеді. Сондықтанда бұл бөлім өндірілетін жаңа өнімді толықтай игерген мамандардан тұрады.

Жаңа өнім өндіруде кәсіпорынның мүмкіндігін тиімді пайдалану және өндірістік процестерді бір қалыпты жүзеге асыру жұмыстардың жиынтығы.

Өндірісті технологиялық дайындау қызметінің негізгі мақсаты өндірілген өнімнің жоғары сапалы болуы қамтамасыз ету құралдармен өндірісі мүмкіндігін тиімді пайдалану және материалдар мен ресурстарды жұмсау шығындарын төмендету технологиялық өндірістік дайындау құжаттарын жүзеге асыру мынадай сатылардан тұрады:

– сызба үлгілерді талдау, яғни технологиялық талдауды жүзеге асыру.

– технологиялық процестерді прогресивті пайдалануды жүзеге асыру.

– арнайы құралдармен технологиялық құрал жабдықтарды пайдалану жобалау.

– технологиялық схемаға сәйкес өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануды жүзеге асырады.

– кәсіпорынның өндіріс қуатын есептеу.

Бақылау сұрақтары:

1. Техникалық тапсырманы құрастыру кезінде қандай ақпараттарға көп көңіл бөлу қажет деп ойлайсыз?

2. Техникалық ұсынысты есептеу үшін алдын-ала қандай шаралар жүзеге асырылуы қажет?

3. Эскиздік жобадағы өнім дайындау кезінде қандай қиындықтар болуы мүмкін?

4. Техникалық жобаны дайындау қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

5. Экспертизге дайындалатын құжаттарда қандай мәліметтер болуы керек?

6. Үлгі түрінде тауарды сынау қажет деп ойлайсыз ба?

7. Жобаны тексеру, бекіту, және қандайда бір өзгерістер енгізу жобаны орындаудың қандай кезеңінде жүзеге асады?

8. Өндірісте мамандану деңгейі жоғары болуы нені білдіреді?

9. Өндірістің шоғырлану деңгейі төмен болуы кәсіпорында қандай шығындардың көлемін өсіреді?

10. Конструкторлық құжаттың қандай сатылардан тұрады

3. Инновациялық саясаттың қалыптасу бағыттары

3.1 Аймақтық инновациялық саясат

Инновация- жаңа нарықтың құрылуы, жаңа бизнес үлгілерді жетілдіру, өндіріске үдерісіне жаңалық енгізу және нарыққа жаңа тауар мен қызмет түрлерінің шығарылуы. Инновациялық даму – негізгі факторы инновация болып табылатын елдің, аймақтың және ұйымның экономикалық дамуының түрі болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметтерді қолдай отырып, инновациялық дамудағы мәселелерді шешуде даму стратегияларын таңдау маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда жақсы өнім шығару жеткіліксіз, сонымен қатар соңғы жаңа технологиялармен жаңаруларды енгізу, нарықты және бәсекелестерді қадағалай отырып, үнемі жаңашылдыққа ұмтылуды талап етеді.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігі- ашық экономика жағдайында әлеуметтік-экономикалық дамуында басқа аймақтарды басып озуға мүмкіндік беретін және халықтың әл-ауқатын артуы мен аймақтың тиімділігінің жоғарылауын қамтамасыз ететін табиғи, экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да факторларының шартты жағдайы мен ішкі және сыртқы сауда айналымдағы жекелеген тауар өндірушілердің басым қабілеттілігі.

Аймақтың дамуы мен қазіргі жағдайын анықтайтын факторлар:

- Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі
- Аймақтың табиғи-климаттық, географиялық, экологиялық, және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері
- Аймақтағы кәсіпкерлік және инновациялық белсенділік деңгейі
- Аймақтың инфрақұрылым көрсеткіштерінің халықаралық нормативтерге сәйкес келу деңгейі

Жоғарыдағы факторлар негізінде аймақ өзіндік бәсекелестік жағдайын бақылап, дамудың жаңа жолдарына қадам баса алады.

Инновациялық іс-әрекет – бұл нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімдегі идеялардың өзгеруімен байланысты іс-әрекеттің түрі, тәжірибеде қолданылуындағы жаңа немесе жетілдірілген үрдіс, әлеуметтік қызмет көрсетудегі жаңа әдістеме болып табылады. Инновациялық іс-әрекет арқылы қазіргі нарық жағдайында елдің экономиканың тұрақты дамуы арқылы алға жылжуын қамтамасыз етуге

болады. Ел экономикасының құраушысы ол- өңірдің бәсекеге қабілетті дамуы.

Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін осы ішкі және сыртқы факторлар әсерін баланста ұстап отыру керек. Осыған сәкес мемлекет және аймақты дамыту бағдарламасы да ішкі және сыртқы бағдарламалардың құрамынан тұрады.

Ішкі бағдарламалар арқылы аймақтағы шикізаттық ресурстарды тиімді пайдалану және оны жан-жақты қадағалау, аймақтың мамандану саласын ескере отырып еңбек күші, қаржыны сауатты жоспарлау жұмыстары жүргізілсе, сыртқы бағдарламалар аймақтың республикадағы үлесін айқындайтын, сонымен қатар аймақ дамуына әсер ететін жаһандық және мемлекеттік деңгейдегі экономикалық өзгерістер, қалыптасқан саяси факторлар мен демографиялық жағдайлар және басқа да сыртқы факторлардың мүмкін болатын әсерлеріне қабілетті болудағы аймақтың алдын-ала жоспарлаған жұмыстарынан тұрады.

Елдегі әр облыстардың инновациялық қызметтері сол облыстың географиялық орналасуына, демократиясына, қазба байлықтарына және өңірдің сәйкес мамандануына тығыз байланысты.

2020 жылға дейінгі инновациялық даму Концепциясын жүзеге асыру барысындағы негізгі шарттардың бірі аймақтық экономикалық интеграция мен ішкі басқарушылықты орталықсыздандыру негізінде аймақтық инновациялық жүйені күшейтуді қамтамасыз ету болып табылады.

Даму бағдарламаларымен аймақтың өркендеуін жоспарлау арқылы аймақтың бәсекеге қабілеттілігін жан-жақты арттырып, ЖІӨ көлемін және ондағы инновациялық дамуға басым бағыт берумен айқындалған нәтижелер күтіледі.

Технологиялық инновацияларға кеткен күрделі және ағымдағы шығындар инновациялық қызмет түрлері бойынша бөлінеді.

Шығындар құрамына мыналар қосылады:

1) ішкі ҒЗТЖЖ (ағымдағы шығындар (еңбекке ақы және ғимараттар мен жабдықтарға күрделі салымдар, ҒЗТҚЖ үшін аранйы арналған)).

2) сыртқы ҒЗТҚЖ;

3) қазіргі заманғы машина, құрал-жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа да капиталдық тауарларды сатып алу (ҒЗТҚЖ үшін кеткен шығындардан тыс);

4) сыртқы білімдерді иелену;

5) жобалау, маркетингілік зерттеу, оқыту және басқа да тиісті шаралар;

6) өзге де инновациялық шығыстар.

Жоғарыдағы теңдеу арқылы аймақтағы инновация саласы жұмсалған шығын көлемі бойынша нақты көрсеткіштерін пайдалана отырып, алдағы жылдарға болжам жасалды. Болжам жасау арқылы инновация саласы жұмсалған шығын көлемінде өсуді байқауға болады. Инновация

саласының маңыздылығы артып, оған жұмсалатын шығын көлемінің артуы аймақтағы инновацияға деген қажеттілігі жыл санап жоғарылайды деген қорытынды жасауға болады.

Аймақтағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыруда және инновациялық әлеуетті жоғарылатуға кедергі келтіретін негізгі факторлар ретінде төмендегілерді көрсетуге болады: жаңашылдық пен жаңа технологиялардың бағаларының жоғары болуы; жеке қаржы ресурстарының жетіспеушілігі.

Аймақтағы инновациялық даму мәселелерін қарастыра келе, экономиканың аймақтың инновациялық дамуын модельдеу жасауды қажет етеді. Модельдеуді жүзеге асыруда инновациялық даму объектілері және субъектілері, модельді құрудың қағидалары, инновациялық модельдің құралдары сияқты негізгі компоненттерге ерекше назар аударуы тиіс.

Қазақстандағы ғылыми-техникалық және инновациялық саясат бағдарламалар бойынша жүргізілгеніне қарамастан, отандық өндірушілерге нарықтық өнім деңгейінде ғылыми өңдеу жүргізу тәжірибесі жетіспейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласында жоғары кәсіби білікті мамандар қатары жеткіліксіз.

Аймақтың инновациялық даму моделі бұл- ел экономикасының құраушысы болып табылатын, өңірдегі инновациялық дамуды жинақтап, бағыт сілтеуші құралы болып саналады. Инновациялық даму моделін құрастыруда қарышты даму мақсаты көзделген қағидаларға негізілделініп жасалады.

Келісімділік қағидасы инновациялық даму өңірдің дамуына, даму бағдарламасы негізінде жасалынуын қамтиды. Әртүрлілік қағидасы аймақ стратегиясының нақты жағдаймен сәйкестігінде болса, қоғамдық бастамаларды дамыту қағидасы инновациялық үдеріс және инновациялық қызмет жүргізуде жергілікті билік пен қоғамдық құрылыстың байланысын біріктіреді. Кешенділік қағидасы аймақтағы қабылданатын басқарушылық шешімдерінде қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының қатысып және оған әсер ете алуы, уақыттылық қағидасы даму барысы үнемі қадағаланып, талдау жүргізілуді қажет етеді.

Синергия қағидасы пайда болған қосымша нәтижелерге талдап, қолдану. Басымдылық қағидасы стратегиялық бағдарламамен басым позициялардың алдыңғы ретте қабылдануы, деректердің көрсетілу қағидасы жүргізіліп жатқан шаралардың қорытындылары туралы уақытылы және толық, нақты ақпараттармен дайындалған есептер жасалынуы. Қағидалардың жиынтығы аймақтың инновациялық даму моделін жете құрастыруда өзіндік орын алады. Инновациялық даму моделін құрастыруда қарышты даму мақсаты көзделген қағидаларға негізілделініп жасалады. Инновациялық қағидасы аймақтың дамуында

үнемі жаңашылдықты талап етсе, біртұтастылық қағидасы басқа салалармен етене дамуын көздейді.


Өңірдегі инновациялық экономика негізгі екі фактордың әсер етуі арқылы құрылады. Олар: инновациялық даму жолына өту үшін жағдай жасау және инновациялық үдерістердегі белсенділікті арттыру үшін нарық субъектілерін ынталандыру.

Жоғарыдағы сызбада аймақтың инновациялық дамуына әсер ететін негізгі факторлар тізбегі көрсетілген. Олардың негізгілері ретінде өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инновациялық саясат, мемлекеттегі және аймақтағы инновациялық стратегиялар, тұтынушы талғамының өзгеруі, нарықтағы сұраныс пен ұсыныс деңгейі және аймақтағы жинақталған ғылыми-техникалық зерттеулерді атауға болады.

Аймақтық инновациялық дамытуда облыстың мемлекеттік стратегияларға сәйкес өзіндік мақсаттар қояды.

Аймақтық саясат аймақ деңгейінде күтілетін және мемлекеттік деңгейдің құраушысы болып табылатын экономикалық саясат институттарының бірі болып саналады. Оның жетік дамуы елдің жағдайы мен болашағының кепілі.

Аймақтық инновациялық жүйе – облыс аумағында орналасқан, жаңа өнімдер мен технологияларды ойлап тауып, жаңа технологияларды одан әрі жетілдіріп және тың басқару жүйелерін қабылдап, шаруашылықтың ұйымдық-құқықтық жағдайында жүзеге асыратын, сонымен қатар меншіктің әр түрлі нысанындағы ұйымдар мен мекемелердің белсенді әрекеттерінің жиынтығы болып табылады.



3.2-сурет. Аймақты инновациялық дамыту нәтижелері

Жоғарыдағы сызбада ұсынылған аймақтық инновациялық жүйенің моделі көрсетілген. Ұлттық инновациялық жүйе макро деңгейді көрсетеді. Ұлттық инновациялық жүйемен тығыз байланысты жұмыс жасайтын – әлеуметтік-экономикалық жүйе болып саналады. Аймақтық инновациялық жүйенің құрамына мемлекеттік деңгейде қадағалап отыратын - басқару органдары, инфрақұрылым ұйымдары, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын білім беру және іргелі ғылымдарды жатқызуға болады.

Жүйені қамтамасыз ететін бірден-бір қызметтер қатары ірі, шағын және орта бизнес пен қолданбалы ғылымды байланыстыратын өнім шығару мен қызмет көрсету салалары. Осы аймақтық инновациялық жүйеге саяси, макроэкономикалық, әлеуметтік, мәдени, технологиялық, халықаралық факторлар әсер етеді. Сонымен қатар нормативтік құрылымдар негізінде жүзеге асырылып, құраушы ресурстардың әсерімен алға жылжиды. Осы модель арқылы нарықтағы сұранысты қанағаттандырып, нарықтағы отандық тауарларды өткізу мен қолдануға мүмкіндік ашуға болады.

Аймақтық инновациялық жүйесін тиімді құру өңірдің инновациялық даму деңгейіне байланысты инновациялық стратегиясының түрі мен бағыттары, шаруашылық қызметтердің қалыптасқан дәстүрлеріне байланысты, аймақтың мамандануына байланысты жүзеге асырылады.

Ұлттық инновациялық жүйе деңгейінде күтілетін нәтижелер: заң шығарушылық бастамалары, жаңа тың басару тәжірибелер, кәсіби білікті мамандар, отандық және шетелдік жоғарғы технологиялар, жоғары ғылыми білім, өнертабыстар, патенттер, лицензиялар, инновациялық өнім мен қызмет көрсету мен инновациялық технологиялар және хоу-хау.

Қазіргі таңда аймақта әр түрлі салалар бойынша аймақтық инновациялық бағдарламалар іске асырылуда. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей аймақтық инновациялық жүйе аймақтың дамуындағы тиімді құрал болып табылады.

Макро және мезо деңгейде инновациялық жүйені дамытып, жетілдіруде алға қойылған міндеттемелерді талдап, тығыз байланыста жұмыс жүргізу керек. Ұлттық инновациялық жүйе деңгейіндегі міндеттемелер қатары жете талданып, нақты анықталғандықтан, аймақтық деңгейдегі жүйе міндеттемелерін төмендегідей көрсетуге болады.

- аймақтың мамандану мен өзіндік ерекшеліктері және ұлттық басымдылықтарға сәйкес, аймақтағы ғылыми зерттеулер мен инновациялардың дамуының басымдылықтарын анықтау;
- аймақтық өсу нүктелерін және аймақтық инновациялық кластерлердің қалыптасу бағыттарын анықтау;
- аймақтық шеңберінде түрлі шаралармен инновациялық іс-әрекетке ынталандыру;

- аймақтық инновация нарығының қалыптасуын қамтамасыз ету, инновациялық жобалар мен инновациялық өнімге аймақтық сұраныстарды арттыру.

Аймақтық инновациялық жүйенің тиімді жұмыс жасау жолдары төмендегідей:

- инновациялық инфрақұрылым элементтерінің жұмысында тәжірибе алмасу, шындау;
- инновациялық әлеуеті жақын өңірлермен тығыз қарым қатынаста болу;
- инновацияға қызығушылығы бар тұлғалар үшін мемлекеттік, аймақтық деңгейде ақпараттың қол жетімділігі;
- «жоғарыдан төмен», «төменнен жоғары» ұстанымдарымен жұмыс жасауға ұмтылыс;
- ЖОО жанында шағын кәсіпорындар ашу

Аймақтық инновациялық стратегия макро- және микроинновациялық стратегиялардың аралық деңгейіндегі стратегия болып саналады. Оның орны кез келген өндірістік және инновациялық үдерістің аумаққа орналуымен анықталады.

Нақты аумақтағы ұйымдар мен кәсіпорындардың ресурстар бойынша орталықтанған жиынтығынан мемлекеттік деңгейдегі макростратегия құрылады. Белгілі бір аумақтағы кәсіпорындар мен ұйымдар жергілікті шикізаттар, өндірістік және еңбек ресурстары, өндірістік, білім беру мен ғылыми инфрақұрылымдарды пайдаланады. Егер көрсетілген элементтер жеткілікті дамымаса, онда сәйкесінше аумақтағы макроинновациялық стратегияны жүргізудің мүмкіндіктері шектеледі.

Макродеңгейдегі аймақтық мәселелердің есебі кез келген мемлекеттің құрамы болып табылатын өзінің аймақтарының дамуына тікелей байланысты. Кері жағдайда, жеке аймақтардың әлеуметтік-экономикалық деградациясы аймақ деңгейінде ғана емес, макродеңгейге өзінің кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, әр аймақтың өзіне тән әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері мен ғылыми-техникалық даму деңгейі болады.

Мемлекеттегі экономикалық, инновациялық даму деңгейлерін үш құрамда анықтауға болады. Өз кезегінде макродеңгей – тұтастай мемлекетті көрсетсе, ал мезодеңгей – сол мемлекет құрамына жататын белгілі бір аумаққа ие аймақ ретінде қарастырылады, микродеңгей белгілі аймаққа тән жергілікті фирма, ұйымдар мен кәсіпорындар қатарын көрсетеді. Қандай да болмасын мәселелер мен оларды шешу жолдары, олардың нәтижелері үш деңгейге бірдей әсерін тигізеді. Макродеңгей аймақтардың жиынтығы ретінде инновациялық даму стратегиясын қабылдап, өңірлердің дамуын бағыттайды.

Батыс Қазақстан облысының өсу жолдарының мұнай өнімдерін қайта

өндеу саласында мамандандырылған Қазақстандағы ең маңызды төрт аймақтың бірі болып табылады. Өнеркәсіп саласы өңір экономикасының ең ірі саласы болып табылады. Өңір әр түрлі өнеркәсіп салаларын дамытуға мүмкіндік туғызатын маңызды ресурстық әлеуетке ие.

Талдау бойынша, тау-кен өндіру кәсіпорындарының қызметі есебінен өнеркәсіп өнімдерінің өсіміне қол жеткізілді, бұл ең бастысы, Қарашығанақ газ конденсатты кен орнын қарқынды игерумен байланысты.

Машина жасау, прибор құру, мұнай-химия және табиғатты қорғау технологиялары саласында қажетті жағдай туғызу және инновациялық қызметтерді ынталандыру мақсатында облыста «Алгоритм» технопаркі қызмет етеді. Технопарктің алдында инновациялық инфрақұрылым құру, сонымен қатар Батыс Қазақстан облысында инновациялық процессті құрайтын - ғылыми әлеует, қаржы инфрақұрылымы мен инновациялық кәсіпорындарды өзара әрекеттендіру мақсаты қойылды.

Облыста инновацияның дамуына ықпал жасайтын салалар қатары, қорлар, бизнес-орталықтар жұмыс жасайды. Оларға: «Орал» ӘКК ҰК» АҚ, ӘКК жанындағы инновация мен инвестиция тарту орталығы, бизнес-инкубаторлар, фермерлерге, кәсіпкерлерге көмек көрсету қорлары және басқалары жатады. Олар кеңесшілік, ақпараттық қызметтер, бизнес-жоспар және маркетингтік қызметтерін көрсетеді.

Тұрақты негізде инновациялық гранттарды беру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жүйелі түрде өнеркәсіп кәсіпорындарының қатысуымен презентациялар, семинарлар, конференциялар өткізіледі. Ақпараттық-таныстыру жұмыстары жүргізіледі (көрме қызметі, бизнес-конференциялар, семинарлар, инновациялық жобалардың мәлімет базасын қалыптастыру жөніндегі кеңес). Ағымдағы жылы облыс әкімшілігі мен облыстың ЖОО арасында инновацияны дамыту, өнеркәсіптік кәсіпорындармен кооперацияны дамыту мәселелері бойынша меморандумдарға қол қойылды.

Бұдан басқа, облыста қажетті станокты паркі бар бірқатар ірі машина жасау кәсіпорындары қызмет жасайды. Бұрынғы қорғаныс кешені зауыттарының кадрлық және техникалық әлеуеті сақталған. Өңірдің көптеген кәсіпорындарында конструкторлық топтар бар, ҒЗТҚЗ (ғылыми - зерттеу тәжірибелік-құрылымдық зерттеулер) бойынша жұмыс принциптері сақталған.

Облыстың инновациялық дамуы үшін алғы шарт болып табылатын факторлардың негізгілері жоғарыдағы сызбада көрсетілген. Өз мамандануына сәйкес осы факторларды пайдалана отырып, аймақта инновациялық жобалардың бірқатарлары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, кәсіпорындармен жаңа технологияларды енгізу жұмыстары жүргізілуде. Мысалға, «БҚМК» АҚ ағымдағы жылы АҚШ - «LANC AIR» компаниясымен бірлесіп жылдамдығы 400-500 шқ/сағ көміртекті материалдан жасалған тәжірибелік отандық ұшақты шығарды.

«БатысЭнергоПром» ЖШС-мен қуаттылығы 2 кВт жел қуатынан алынатын энергия құрылғыларының сериялық өндіріс қарастырылған. Аталмыш желгенератордың үлгісі шабандық нүктелерді, саябақ телімдерді қамтуға арналған. Бұдан басқа, аталмыш кәсіпорын базасында күннің энергожүйесін өндіру бойынша жұмыстары жүргізілуде.

«Арктур» ЖШС «Қоқысты сұрыптау кешенін салу» жобасын жүзеге асыруда. Кәсіпорын жобаның бірінші кезегін жүзеге асыруға несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау бөлісінде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында қолдау тапты.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университет базасында көбікті шыны, жасанды қиыршық тас шығару жұмыстары жүргізілуде, «Тұйықты сумен қамту қондырғысы жағдайында азықтың өзіндік рецептін қолдана отырып, құнды бекіре балығының аквамәдениеті» жобасын жүзеге асыруда.

3.2 Өнеркәсіп саласындағы инновациялық қызметтерді жетілдіру

Қазіргі таңда отандық инновациялық инфрақұрылым дамытудың тиімді тетіктерін қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені, тек дамыған инновациялық инфрақұрылымы қалыптасқан ел ғана инновациялық ортаның толыққанды қатысушысы бола алады. Бұған қоса, инновациялық әлеуеті дамыған елдер болашақтың бағдарын елдегі табиғи ресурстарға қарап емес, адам капиталының, оның интеллектуалдық қуатының шамасына, инновациялық өнім, қызмет, сапалы жұмыс жасай алатын өнеркәсіптік, өндірістік инфрақұрылымның мүмкіндіктеріне, ғылыми-зерттеу, ғылыми-ізденушілік орталықтарының шамасына қарап айқындайды.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту бағытында инновациялық әлеуеті мен өзіндік даму үлгісі қалыптасқан елдердің қолдануға тиімді тәжірибелері мен озық үлгілерін, олардың ғылыми сыйымды әрі жоғары технологиялы инновациялық өнімдерді шығарудағы жетістіктерін пайымдай отырып, еліміздің ұлттық инновациялық инфрақұрылымын дамытудың экономикалық механизміндегі негізгі тетіктер ретінде жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру, инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің белсенділігін арттыру, оларды мемлекеттің қоғамдық, өндірістік, әлеуметтік, ғылыми және басқа да істеріне тығыз араластыру, бір-бірімен өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми-техникалық әлеуеттің мүмкіндіктерін пайдалану және оларды елдің барлық салаларында сынауға және қолданысқа енгізуге мүмкіндік жасау қажеттілігі туындайды.

Көптеген салалардың артта қалуы инновациялық сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің артта қалып дамымауына байланысты болып табылады. Сонымен қатар осы инновациялық қызмет саласын дамытуда инвестициялық тарту маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғанның бәрі ҚР инновациялық-инвестициялық мәселенің теориялық және практикалық мәнін, яғни бұл ғылыми зерттеу жұмыстарының маңыздылығын анықтайды. Қазіргі таңда көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде инновациялық қызмет өнімін тиімді пайдалану маңызды болып табылады. Бұл жалпы елдің инновациялық мүмкіндіктердің дамуын қамтамасыз етеді.

Бәсекеге қабілеттілік мәселелерін шешу үшін Қазақстанда көп деңгейлі инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы қарастырылған. Оған мыналар жатады:

- білім-инновациялық кешендер – жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу

институттары, ғылыми орталықтар, оқытатын компаниялар. Бұлардың бәрі білікті кадрлар дайындау мен жаңа ой-пікірлер ұсынады;

- бизнес-технологиялық кешендер – жаңа ғылыми пікірлерді өндіріске

енгізу мен жаңа тауарларды әзірлеумен айналысады;

- қолдаушы кешендер–инновациялық қызметті қолдау және маркетинг,

қаржыландыру, көрме жұмыстары, интеллектуалды меншіктерді қорғау мәселелерімен шұғылданатын құрылымдар кіреді.

Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін жоғарыда келтірілген жағдайлар міндетті түрде қажет.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде мемлекет инновациялық қызметке құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық жағынан көмек көрсетуде. Бұл елдердің ішінде Қазақстан да бар. Мемлекеттік инновациялық саясатты ҚР Үкіметі әзірлейді және жүзеге асырады.

Зерттеу барысында біз елдегі инновациялық инфрақұрылым оның субъектілерінің өзара байланысқан түрде тиімді жұмыс жасауына және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізушілерге кешенді қызмет көрсететін ұйым ретінде қалыптасуына жеткілікті деңгейде ықпал ете алмай отырғандығын анықтадық. Атап айтқанда:

- инновациялық инфрақұрылым элементтерінің жұмысындағы тәжірибенің аздығы. Бәрімізге белгілі - тәжірибе тек іс барысында шындалады, ал инновациялық орта мен инновациялық нарықтың қалыптаспауы инфрақұрылым элементтерінің жетілуіне қол байлау болып отыр;

- инновациялық әлеуеті бар аймақтардың географиялық алшақтығы, осыған сәйкес оларды түгел қамту мүмкіндігінің болмауы. Қазақстан Республикасы территориясында орналасқан елді-мекендердің бір-бірінен

қашық орналасуы олардың арасындағы экономикалық, шаруашылық, ғылыми, өндірістік байланыстарды қарқынды түрде жүруіне қолайлы жағдай туғыза бермейді. Сондай-ақ, еліміздегі өңірлер мен өнеркәсіп салаларының біркелкі дамымауы да инновациялық инфрақұрылым элементтерін кешенді дамытуға мүмкіндік бермеуде;

- жеке сипаттағы инновациялық белсенділіктің тым төмендігі және өндірістік сипаты жоқ салалардағы (сауда-саттық, қызмет көрсету, қаржылық сектор, т.б.) табыстылықтың жоғары болуы. Бұл құбылысты экономистер «экономиканың біржақты дамуы» деп атап жүр. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, көптеген инновациялардың пайда болуы мемлекеттік емес ұйымдар мен орталықтардың, өндірістердің ықпалынан және белсенділігінен туындайды. Яғни, инновацияның пайда болуына мүдделі топтар белсенділік танытуы тиіс. Ал ұлттық экономикада мұнай-газ, металлургия, отын-энергетика, құрылыс сынды салалардың шектен тыс жоғары табыстылықты қамтамасыз етуі басқа салалардың дамуына үлкен тосқауыл болып отырғаны жасырын емес;

- инновацияға бейімді салалар туралы ақпараттың аздығы. Әдетте, көптеген дамыған елдерде инновацияға қызығушылығы бар тұлғалар үшін мемлекет инновациялық сипаттағы ақпараттарды таратып, олар үшін жасалған қолайлы жағдайларды туралы кеңестер беру орталықтарын құрады. Айта кету керек, Қазақстан Республикасында да елдің инновациялық белсенділігін арттыруға, инновациялық қызметтер көрсетуге жауапты ұйым бар – ол ҚР Ұлттық инновациялық қоры. Әйтсе де, бұл қордың қазіргі кезде инновация саласының шын жанашыры болып отырғаны шамалы.

Көбіне инновациялық жобаларды қаржыландырумен айналысып отырған бұл қор инновацияларға қатысты басқа да ақпараттарды таратуға, олар туралы кеңестер беруге, ғалымдардың қызығушылығын оятуға деген талпыныстары әлі күнге байқалмайды;

- елімізде инновациялық нарықтың қалыптаспауы. Басқаша айтқанда, ішкі нарықта инновацияларды дайындайтын және оларды тұтынатын мүдделі топтардың және осы бағытта қызмет көрсететін ұйымдар мен орталықтар жүйесінің дамымауы. Қазіргі кезде еліміздегі инновациялық инфрақұрылым элементтері нақты өндіріспен байланыс жасамай-ақ өздерінің қызметтерін жетілдіргісі келеді. Ал өндіріске икемі жоқ инновациялардың сұранысқа ие болуы да екіталай.

Міне мұның барлығы да отандық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың тиімді тетіктерін қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені, тек дамыған инновациялық инфрақұрылымы қалыптасқан ел ғана инновациялық ортаның толыққанды қатысушысы бола алады.

Мемлекеттің негізгі инновациялық қызметі келесі шараларды қамтуы тиіс:

- инновациялық шаралардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қалау;
- өндіріс тиімділігі мен ішкі нарықтағы тауар өндірушілердің өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін технологиялық жаңалықтар енгізу негізінде арттыру;
- кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін көтеру және инновациялық іс-әрекеттерді асыруға бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді қолдану;
- отандық инновациялық өнімді халықаралық нарықта өткізуде қолдау және Республикадағы өнімнің осы түрі бойынша экспорттық әлеуетті арттыру;
- ғылымды қаржыландыру деңгейін арттыру және адами даму индексі көрсеткішін көтеру, «ақылды экономика» құру.

Енді Қазақстан өнеркәсібінде инновациялық әлеуетті көтеру үшін не қажет екендігіне тоқталып өтейін:

- инновациялық стратегияның басым бағыттарын анықтау;
- инновациялық қызметтің белсенділігін күшейтетін экономикалық, институтционалдық және нормативті-құқықтық климатты қалыптастыру;
- ғылыми-өндірістік және инновациялық инфрақұрылымды дамыту;
- инновация облысында халықаралық байланысты күшейтуге ықпал ету, технологиялық трансферттің ішкі және сыртқы каналдарын дамыту;
- инновациялық мақсатқа арналған қаржы ресурстарын пайдалану механизмін қалыптастыру;
- маркетингтік, аналитикалық және конъюктуралық зерттеу орталықтарын құру арқылы экономиканың нақты секторында инновациялық дамуды таңдамалы түрде конъюктуралық зерттеу жүргізу және инновациялық қызмет субъектілерін ақпараттармен қамтамасыз ету;
- амортизация нормаларын ырықтандыру қажет. Жеке алғанда, негізгі қорларды жаңарту стимулдарының бірі ретінде негізгі қорлардың жағдайын жан-жақты зерттеу арқылы амортизация нормаларын көтеру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Өнеркәсіп салаларының ерекшелігіне, өнім өндіру және өндеудің өзіндік сипатына, техника-технологиялық құрылымына байланысты оларға қарасты кәсіпорындардағы пайдаланатын еңбек құралдары мен заттары, жұмысшылардың кәсібилігі өзгеше болады. Сондықтан да барлық кәсіпорындарға ортақ, олардың ерекшелігіне тән индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жасалуға тиіс деп ойлаймыз.

Бұл бағдарламада кәсіпорынның өнім өндіру көлемі, жалпы өнім көлеміндегі қосылған құны жоғары өнімнің үлес салмағы, инновациялық жаңалығы бар өнімдердің саны, әртараптандыру жоспары, инвестиция

көлемі мен оны тарту және пайдалану жобасы, инновациялық жобалар әзірлеу, кәсіпорынның техника-технологиялық құрылымын жаңарту, кәсіпорындарға келіп түсетін тапсырыстар көлемі, импортпен әкелінетін шикізат, комплект бұйымдары, машина, техника, құрал-жабдықтардың көлемі, экспортқа жөнелтілетін өнім көлемі сияқты сандық және сапалық көрсеткіштер есептелуі тиіс.

Өнеркәсіптің құрылымын жақсартуда оның құрамына кіретін кәсіпорындардың индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жасау маңыздылығы жоғары. Оның негізгі мақсатына:

- инновациялық жаңалықтардың мазмұнын анықтау, топтау және оларға кодтар беру;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру;
- өндірісті ұйымдастыруда оның технико-технологиялық деңгейін талдау және болжау;
- жаңалықтар мен инновациялар қоржынын қалыптастыру;
- инновациялық қызметті енгізу және оның тиімділігін есептеу жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Бүгінге Атырау облысының ғылыми әлеуеті 5 ғылыми-зерттеу институтымен және 2 базалық жоғары оқу орнымен ұсынылған, олар ҒЗТКӘ жобаларын әзірлеуді жүргізеді.

Инвесторларды одан әрі іздеу үшін қаржыландыруды талап ететін ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізімі қалыптастырылған.

Атырау бизнес-инкубаторы құрылды және ойдағыдай жұмыс істеп қызмет етуде.

Қазақстанның индустриаландыру картасын әзірленді, оған өңірлердің ресурстық базасымен және инфрақұрылымның дамуымен бірге өндірістік қуаттарды оңтайлы орналастыру схемасы қосылады.

Жақын келешекте ғылым және инновацияны дамыту саласында өңірлік қолдаудың негізгі бағыттары:

- жоғары технологиялар өнімдерінің экспортына бағдарланған, ғылымды қажет ететін, қор жинақтаушы және экологиялық таза өндірістерді әзірлеуге бағытталған зерттеулерді дамыту;
- ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың тетіктерін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының және Атырау облысының өнеркәсібінің әлеуетін көтеру жолдарын сараптау негізінде, Инновациялық даму бағдарламасын қабылдаудағы негізгі көрсеткіштерді ұсынсақ.

Инновациялық даму бағдарламаларын қалыптастыруда ең алдымен технологиялардың трансферлері қарастырылады. Ғылыми және жоғары технологиялы өндірістерді құрудағы басымдықтар бекітіледі. Мемлекеттік және жеке сектор бағытынан келетін қолдау шаралары қарастырылып, бір

жиынтыққа бекітіледі. Инновациялық даму бағдарламаларын қалыптастырудың негізінде: жаңа салаларды дамыту, технологиялық артта қалған кешендерді дамыту, қолданылып жүрген құралдардың әлсіздерін ысыру және оның орнына жаңасын алып келу жатады.

Жалпы инновациялық даму бағдарламаларының мақсаты: бәсекеге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіптерді қалыптастыру.

Бағдарламадан күтілетін нәтиже: өнеркәсіптің инновациялық дамуына қолайлы жағдай жасап, қолдау көрсету мемлекеттің көмегімен.

Өнеркәсіп саласындағы инновациялық қызметтерді басқаруды жетілдіру жолдарын қарастырсақ.

Стратегиялық мақсаттар – ұзақмерзімді инновациялық қызметтің негізгі бағдарлар жүйесі, оларға сәйкес инновациялық стратегия әзірленіп, ұзақмерзімді инвестициялауға арналған инновациялық жобалар қалыптастырылады. Осы уақыттарда өнеркәсіп саласы жаңа технологиялық өнімдерге, жаңа технологиялық қалыпқа көшу қажеттігімен бетпе-бет келді.

Барлық қызмет кезеңі бойына тұрақты табыс алуға жету үшін ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктерін дер кезінде анықтау, игеру және іс жүзінде пайдалану қажет, бұл өнеркәсіптегі тиісті ғылыми бастамасыз, ҒЗТҚЖ саласының қарқынды дамуынсыз, жоғары білікті мамандарсыз, мақсатты инновациялық саясатсыз мүмкін емес.

Өнеркәсіп саласындағы инновациялық үдерісті жүйелі құбылыс ретінде негізгі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – өзгерістің серпінін айқындау. Мұндай айқындау сыртқы ортадан келіп түскен ақпаратты талдау нәтижесінде жүзеге асырылады. Технологиялық жаңа енгізілімдерде ғылыми басылымдар, патенттер мен өнертабыстарды сипаттайтын мамандандырылған журналдардағы басылымдар, мақалалар, монографиялар, техникалық және сауда жарнамалары, көрмелер мен жәрмеңкелер ақпарат көзі бола алады.

Екінші кезең–өзгеріс қажеттілігін сезіну. Бұл сезіну–терең психологиялық күйзелістермен, бастан өткен тәжірибемен, сананың дағдарысымен байланысты үлкен талдау жұмысының нәтижесі. Бұл кезеңнің маңыздылығы бұрынғы жолдың жарамсыздығын мойындау арқылы шығармашыл болашаққа бастайтын бүгінгі күнмен бітімдестірудің бірден-бір жолы.

Үшінші кезең – қарсылықтарды жеңу. Қарсылық – өзгерісте кездесетін бірінші кері әрекет, өйткені адамдарға өзі үшін өзгерістің әкелетін шығыны мен пайдасын саралауға уақыт керек. Адамдарға ескі әдеттерінен бас тартып, жаңаша өмір сүруге үйрену қиын. Оның үстіне кез-келген өзгеріс барысында жеке тұлғаның мәртебесіне, ресми және бейресми беделді топтарға, кейде тіпті бүкіл ұйым жұмысының болашағына өзгеріс енгізу қауіпі төнеді.

Инновациялық үдерістерді инвестициялау тетігінің ұсынылып отырған бағытын, инвестициялау көздері мен әдістерін, сондай-ақ инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесін қорыта келе, инновациялық жобаларды іске асырудың ұйымдастырушылық механизмі жобаланды.

Инновациялық жобаны қаржыландыруға және жүзеге асыруға қатысушылар, жобаның айналасы, яғни, ішкі және сыртқы орта, инновациялық жобаның тіршілік циклының фазасы бойынша әзірлеу, жүзеге асыру технологиясы, инновациялық жобаны басқару міндеттері (жоспарлау, бақылау, есепке алу, талдау, тиімділігін бағалау).

Ұйымдастырушылық механизмін қарап, ең алдымен жүйенің үшінші блогына айрықша назар аудару қажет деп тұжырымдауғы болады. Нақ осы блок инновациялық жобаларды инвестициялау тетігінде айқындаушы болып табылады, өйткені, соның негізінде инвестициялық ұсыныстар, жобаның барлық тіршілік циклдарын қамтамасыз етудегі техника-экономикалық негіздеулер мен инновацияның бизнес-жоспары әзірленеді. Иновациялық жобаның тіршілік фазасы төрт кезеңнен құралады: жоба алдылық, жобаны әзірлеу, жобаны іске асыру, жобаны аяқтау.

Бірінші блокта жобаға қатысушылар қарастырылады, яғни жобаны орындаушылар мен қаржыландырушылар. Жобаға тапсырыс беруші өз тапсырысын бергеннен бастап қаржыландыру көздерімен шарттары анықталады яғни инвесторлар табылады. Жобаны жүзеге асырушы мердігерлер келісім – шарттар мен келісімдер бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындайды.

Екінші блокта жобаның айналысы немесе жобаның қамту ауқымы қарастырылады. Инновациялық жобалар республикалық, аймақтық немесе жергілікті және кәсіпорын деңгейінде енгізіледі. Республикалық деңгейді қамтыса міндетті түрде заңнамалық және өкімдік базаға негізделеді. Аймақтық немесе жергілікті деңгейді қамтыса заңнамалық реттеушілік базамен қатар аймақтың өзіндік ерекшеліктеріне аса назар аударылады. Кәсіпорын деңгейінде жасақталған инновациялық жоба өндіріс саласына, пайдалану және өткізу бағыттарына қарай бағыттталып жазылады.

Төртінші блокта инновациялық жобаны жүзеге асыруды басқару қарастырылады. Басқару қызметінің құрамында жоспарлау, есепке алу, талдау, реттеу, бақылау қызметтерінен құралған. Инновациялық жобаны басқару барысында ең алдымен жобаның коммерциялық тартымдылығын анықтау, оның жүзеге асу мерзімін бекіту, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, сапасын аса мән беріп мүмкін болатын тәуекелдерді алдын – ала болжап сақтандыру, жобаның түсімділігі мен тиімділігі қамтылады.

Жаңа инновациялық жоба іске асқаннан кейін келесі нәтижелерді күтуге болады: өндірістік жүйедегі ресурстарды қолданудың тиімділігін

арттыра отырып, ұлттық экономиканы жетілдіруде құрылымдық өзгерістер енгізуді, халықтың әл-ауқатының, өмір сүру деңгейінің жақсаруымен адам капиталының дамуын, интеллектуалды ұрпақтың қалыптасуын.

Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметтің алатын орны ерекше, себебі, оның қорытындысы - өндіріс тиімділігін көтеру, ғылыми ауқымды өнімдердің көлемін арттыру көрсеткіштері арқылы елдің экономикалық қуаты анықталады.

3.3 Қазақстан Республикасының инновациялық стратегиясы

Инновациялық даму бұл елдегі жаңалық пен ғылымның, технология мен өндіріс, өнеркәсіптің байланысына негізделген экономикалық даму бағыты болып табылады. Республикамыздың индустриалды-инновациялық дамуы Стратегиясының басты мақсаты да тұрақты өсім траекториясына шикізаттық бағыттан қызмет көрсету-өнімдік-технологиялық экономикаға көшу мақсатында өндіріс салаларын девирсификациялау көзделген [10].

Инновациялық даму жолын таңдау басты себептері: әлемдегі өнеркәсіптің, өндірістің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемде жаһандану процесінің өріс алуы, Қазақстанның БСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті еңселі отыз елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету.

Бүгінгі таңда Қазақстанның экономикасында мынадай мәселелер орын алуда:

- экономиканың шикізат бағыттылығы;
- әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі;
- ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы;
- өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі;
- ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы;
- мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы;
- кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы; ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы;
- ҒЗТКЖ қаржының аз бөлінуі;
- отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі, ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы;

- мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы;
- экономиканың өңдеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы;
- менеджменттің экономиканы ғаламдану үрдістеріне және сервистік технологиялық экономикаға өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Мемлекет әрбір аймақ үшін бағдарлама дайындап, сол бойынша әрбір аймақ өзінің даму бағытын жүзеге асырады. Мемлекет аймақтық саясатты қалыптастыру үшін еліміздің территориясы бойынша себептерді көрсету қажет. Оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- еліміз аймақтарының табиғи - климаттық жағдайының айырмашылығы;
- аймақтың өнімділігін анықтайтын табиғи ресурстарды пайдалану бағыты, саласы және ауқымы. Бұл тек ауылшаруашылық, пайдалы қазбаларды игеру ғана емес, өнеркәсіпті орналастыру жағдайын жағдайына және халықтың өмір сүру жағдайын ұйымдастыруға да әсер етеді;
- аймақтың орналасуының «күрделі» жағдайы, соның әсерінен шығындар артып, бағаның өсіуі байқалады.
- инновация енгізу жағынан артта қалуы, өндірістің ескі құрылымы;
- елдің экономикалық даму тенденциясы;
- тауар өндірісіне әсер ететін технологиялық даму сатысы;
- институционалдық факторлар: жалпы және аймақтық саясаттың нысандары, саяси жағдайды, аймақтың даму тарихы т.б. ;
- орналастырудың физикалық факторлары: аэропорт, көлік жүйесі, өндірістік алаңдардың бар болуы немесе жоқ болуы, байланыс жүйелерімен қамтамасыз етілуі, өндірістік инфрақұрылым;
- әлеуметтік мәдени факторлар. Урбанизация деңгейі, халықтың білім деңгейі, ғылыми орталықтардың бар болуы және т.б.;
- орталықпен жүргізілетін макроэкономикалық саясатта аймақтық ерекшеліктердің есепке алынбауы;
- орталық пен аймақтар арасындағы өкілеттіліктер мен міндеттерді жіктеу үрдісінің толықтай аяқталмауы.

Экономикалық қатынастардың жүйесінде инновациялық қызметтің түпкі нәтижелері өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуі жоғары технологиялы өнім көлемі - елдің экономикалық қуатын айқындайтын болғандықтан, оған басты рөл беріледі.

Аймақтық саясаттың мәні - жалпы ұлттық мақсаттарға жету үшін аймақтық дамуды тиімді басқару болып табылады. Аймақтар экономикасын мемлекеттік реттеу - еліміздің және оның жекеленген аймақтарының экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге қойлған мақсаттарға жетуді көздейтін мәселелерді шешуге бағытталуы керек.

Қазақстан үшін аймақтық даму мақсаттары ретінде төмендегілерді атауға болады:

1. Әрбір аймақтағы халықтың тұрмыс-жағдайының деңгейін теңестіру.

2. Дағдарыстық аймақтарды құрлымдық қайта құру. Бірінші мақсаттан айырмашылығы теңестіру саясаты жалпы барлық мемлекет үшін жүргізілетіндігімен ерекшелінеді. Дағдарыстық аймақтарды құрлымдық қайта құру тек ірі, жалпы мемлекеттік бағдарлама көмегімен жүзеге асырылады, кейбір аймақтарда аталмыш міндетті орындау үшін қажет ресурстардың жетіспеушілігі болады. Мемлекеттің негізгі функциясы, артта қалған аумақтарды - даму деңгейі жоғары аймақтардың қатарына жеткізу, бірақ мұндай жағдайлар халыққа өз зардабын тигізбеуі тиіс.

3. Аймақтардың кешенді дамуын жеке аймақтық мақсаттармен ұштастыру.

Дамыған индустриялы елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірістерді ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ЖІӨ өсімінен 80-нен 95%-ына дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен қызметтер санасын жақсартудың негізгі құралы болып отыр.

Қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін жаңа технологияларды және акпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру республиканың өнеркәсіп пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету. Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеті болып табылады.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге өнеркәсіптегі жаңа қайта бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Ғылыми техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісі көлемінде және жұмыспен қамтылу санында шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып отыр және тиісінше 2,8-3,2% және 12,4-14,0%-ды құрап отыр, бұл индустриясы дамыған елдердегіден бірнеше есе аз.

Шағын инновациялық кәсіпкерліктің дамуы тежелуінің негізгі себебі шағын кәсіпорынның әдетте, ірі кәсіпорындармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті өнімдер шығара алмауында болып отыр.

Шағын кәсіпкерлікті ірі кәсіпорындармен біріктіру (коперациялау) мақсатында табиғи монополия субъектілерінің негізгі қызметіне қатыссыз қызметтер көрсету жөніндегі функцияларын шағын бизнес субъектілерінің бәсекелестік ортасына беру тетігін әзірлеу қажет. Бұдан өзге, шағын бизнесте инновациялық және ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді, оның ішінде лизинг бойынша құрал-жабдықтар мен технологияларды сатып алу, және шағын және ірі бизнестің франчайзингтік қатынастырының кең таралуы есебінен дамыту үшін жағдай жасау керек.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми әдістемелерді рыноктік тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетіпсейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласындағы жоғарғы білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байласты қазақстандық мамандарды жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына тағылымдарға жіберу және отандық кадрлар даярлау үшін республикаға жоғары білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енгізілетін болады.

Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады. Бұл айтарлықтай үлкен әулет және оны пайдалану инновациялық қызметті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс. Зияткерлік меншікті пайдалану мен құқықтарын қорғау инновациялық қызметті дамытудың маңызды факторы болып табылады.

Құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен ғылыми-техникалық зерттеулерді дамытуды, оларды өнеркәсіпте іске асыруды, бәсекеге қабілетті жаңа тауарлар мен қызмет көрсету өндірісі мен тұтынуды қамтамасыз ете алады.

Инновациялық дамудың базалық үлгісі негізінде ішкі және сыртқы инновация көздерінің арасындағы қатынас жатыр. Инновацияларды өсіру стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке зерттеулерге негізделген өзіндік технологияларын белсенді жетілдіретін алдыңғы қатардағы елдерге тән. Технологиялардың трансферті стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке әзірлемелері жоқ және бұл мақсаттарға арналған ресурстары шектеулі елдерде де іске асырылады.

Сонымен, ғылыми-техникалық және қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- Мемлекеттің қатысуымен маманданған венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;
- Инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау нысандарымен әдістерін әзірлеу;

- Инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы маманданған субъектілерін құру енетін инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру.
- Инновациялық сала үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау;
- Өнеркісіптің базалық салаларында жаңа технологиялық құрылым қалыптастыру;
- Технологиялардың өркенитетті нарығы үшін жағдайлар жасау, яғни авторлық құқықты, патенттер мен сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану арқылы шетел технологиясының трансфертін ынталандыру
- Отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес сапа стандартына өтуін жандандыру.

Мемлекетіміз ғылымның дамуына да ерекше назар аударады. Экономикалық, қаржылық, адам ресурстары проблемаларын шеше отырып, ел Үкіметі Қазақстандағы ғылымның алдыңғы шепке шығуына мүмкіндік береді. Елбасының Жолдауында ол біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндеттің бірі ретінде атап көрсетілді. Мұның өзі келешекте Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуына септігін тигізеді.

Қазақстан Президенті өзінің Жолдауында инновациялық дамуды стратегиялық міндет ретінде белгілеп, оған осы заманғы ғылым мен техниканың барлық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, елдегі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуді осыған негіздеді. Ал мұның өзі әрбір азаматтың белсенділігін, іскерлігін арттырады. Соның нәтижесінде еліміз таяудағы жылдар ішінде дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына қосылады.

Мемлекеттік инновациялық саясат жүргізу арқылы 2020 жылға дейін төмендегі көрсеткіштер бойынша болжамдар жасалынып мақсат қойылды. Инновациялық дамудың базалық үлгісі негізінде ішкі және сыртқы инновация көздерінің арасындағы қатынас жатыр. Инновацияларды өсіру стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке зерттеулерге негізделген өзіндік технологияларын белсенді жетілдіретін алдыңғы қатардағы елдерге тән.

Қазақстанның инновациялық саясаты ұстануға тиіс вектор Қазақстан үшін ықтимал сценарийлерді, яғни «Жетекші жобалар» сценарийіне тән бірқатар құралдарды интеграциялай отырып «Еуразия жүрегінен инновациялар» сценарийі бойынша жылжуды қарау кезінде айқындалды. Одан басқа, Қазақстанның инновациялық дамыту субъектілерінің алдында, дамытылуы Қазақстанның бірқатар салаларда көшбасшы елге айналуын қамтамасыз ететін технологиялар айқындалды.

Әлемдік тәжірибе кәсіпкерлік секторды қаржылай қолдауды орталықтан алу қажет екенін көрсетіп отыр. Өңірлік инновациялық

саясатты қалыптастыру мен шағын және орта бизнес жобаларын қаржыландыруға өңірлердің қатысуына мүмкіндік беру өте маңызды.

Қазақстанның әрбір өңірінде оның инновациялық әлеуетін, инновациялық өнімдерге қажеттілігін айқындауға, ашуға, дамытуға, инновациялық жобаларды жылжытуға және олардың қажетті инфрақұрылыммен жабдықталған және ресурстық әлеуеті жеткілікті бастамашыларына жан-жақты көмек көрсетуге «бір терезе» қағидаты бойынша инновацияларды қолдау үшін өңірлік даму институттары (инновациялар офистері) құрылатын болады. Бұл ретте, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың құралдарын өңірлік деңгейге беру жолымен өңірлік инновация кеңселерімен ұлттық даму институттарының тығыз өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан күрделі экономикалық және саяси міндеттерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатын деңгейге көтерілді. Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің көшбасшылығына ұмтылуы заңды құбылыс. Өйткені, еліміздің экономикалық әлеуеті мен қоғамдағы саяси тұрақтылық, демократияның дамуы оған мүмкіндік беріп отыр. ХХІ ғасыр білімнің, ақпараттың жаңа технологияның өрістеу ғасыры.

Білімнің, ғылымның бәсекеге қабілетілігі бұл күнде көптеген мемлекеттер үшін көкейкесті мәселе болып отыр. Озық ғылыми-техникалық инфрақұрылымсыз және кәсіби шеберлігі жоғары білімді кадрларсыз, жаһандану талаптарына сәйкес даму мүмкін емес. Осы мақсатта отандық ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім мен ғылымды халықаралық деңгейге көтеру.

Экономикамыздың жаңа даму кезеңіне өту процесі халық шаруашылығының нақты секторын, әсіресе, ең басты саласы болып табылатын индустрияны қайта құру мен дамытуда маңызды да сапалы өзгерістер енгізумен басталды. Аталмыш кезеңде индустриялық өнімдер өндірісінің артуы осы сала құрылымындағы жағымды өзгерістермен байланысты болды. Дәлірек айтсақ, мұнай, газ, кара және түсті металлургия мен азық-түлік және текстиль индустриясы өнімдерін өндіру және өндеуге қатысты салалардың салмақ үлесі айтарлықтай мөлшерде артты. Индустриалды-инновациялық даму – Қазақстанды дамыған тұрақты экономикалық даму жолына апаратын бірден-бір жол.

Бизнес құраушысы – ғылыми жаңа бастамаға қызығушылық таныту арқылы мемлекеттік және жеке жұмыстарға қаржылық қолдау көрсету мен басымдық алады. Құраушылардың әрқайсысынан өзіне тән ерекшеліктері мен басымдылықтары бар.

Ұлттық инновациялық жүйенің «жоғарыдан төмен» саясатына бағытталған, аймақта «төменнен жоғары» инновациялық даму қадамын дамытуға күш салатын инновациялық саясатты басқару жүйесін жасау керек. Инновациялық дамуды алға жылжытатын тағы бір маңызды жәйт ол

- жеке кәсіпкерлікке қарағанда, «бірлескен (ұжымдық) кәсіпкерлікке» ұмтылуы. Жеке кәсіпкерліктердің қызығушылығына, мақсаттарына мен салаларына байланысты бірлесіп жұмыс жасауы аймақтық және аймақаралық деңгейде де маңызды болмақ.

Бақылау сұрақтары:

1. Инновациялық жобаларды сұрыптаудың және бағалаудың критерийлері
2. Бірлескен венчурлық қорларды құрудың мақсаты
3. Шетелдік венчурлық қорлар
4. Ұлттық инновациялық жүйесінің мақсаты қандай
5. Қаржылық инфрақұрылым қазіргі кезде қалай дамуда
6. Инновациялық инфрақұрылымға қандай ғылыми орталықтар кіреді
7. ҚР индустриальды- инновациялық стратегиясының мемлекеттік даму институттары
8. Инновациялық саланы реттеу мәселелері
9. Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорлары
10. Шетелдік венчурлық қорларды атаңыз

4.Инновациялық жобалардың бизнес-жоспарлау үрдісін ұйымдастыру

4.1Инновациялық жобалардың бизнес-жоспарлау процессінің негізгі кезеңдері

Бизнес-жоспардың негізгі мақсаты - берілген бизнес объектісінің маркетингтік талдау жағынан қарастыру арқылы стратегиялық шешімдерді анықтау.

Бизнес-жоспарды дайындау басқа мақсаттары:

- несие алу және инвестицияларды тарту;
- белгіленген нәтежелерді орындау нақтылығының деңгейін анықтау;
- жаңа фирма қайта құру және қызмететіп жүрген фирманың жұмысың қайта құру мақсатталатын дәлелдеу;

Қазіргі уақытта бизнес-жоспарлаудың алғашқы мақсаты болып жобаларға қатысуға мүдделі инвесторлар мен серіктестерді тарту болып табылады.

Бизнес-жоспардың негізгі мақсаты - стратегиялық мақсаттарды шешу үшін қаржылық ресурстарды жинақтау.

Бизнес-жоспар фирманың капиталын көбейтудің негізгі құралы.

Тәжірибеде бизнес-жоспар 5 қызмет атқарады:

1) Бірінші қызметі бизнестің дамуының жаңа стратегиясын анықтау. Бұл қызмет жаңа кәсіпорынды құру, сонымен қатар іс-қызметтің жаңа бағыттарын анықтау кезінде қажет.

2) Екінші қызмет жоспарлау. Ол фирма негізіндегі үрдістерді бағалау, іс-қызметтің жаңа бағытының даму мүмкіндігін бағалаумен түсіндіріледі.

3) Үшінші қызмет сырттан ақша құралдарын, несиелер тарту.

4) Төртінші қызмет өндіріске жеке капитал мен технологиясын салуға кәсіпкер әріптестікті қалыптастыру.

5) Бесінші қызмет кәсіпорынға жаңалықты енгізуді ұйымдастыру.

Бизнес-жоспардың объективті қажеттілігі мына жағдайлармен байланысты:

- алға қойылған мақсатты іске асыру үшін мүдделі мүмкіндіктерді ескеру арқылы стратегиялық және тактикалық іс-әрекеттерді жасақтау. Ол ағымдағы немесе болашақ жоспарлар арқылы іске асады;

- кәсіпорының әлсіз және күшті жақтарын анықтау;

- дүние жүзілік тәжірибеде алдын ала жасалған объективті жоспар арқылы жетістікке қол жеткізу дәлелденген.

Нарықтық экономикада бизнес-жоспардың формасы, мазмұны, құрылымы бойынша әртүрлі болады. Неғұрлым үлкен айырмашылықтар бизнес-жоспардың мақсатына байланысты әртүрлі болады (өнім, жұмыс, қызмет, техникалық ерекшеліктер). Бірақта бизнес-жоспардың отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу арқылы бизнес-жоспардың оптималды құрылымын анықтауға болады:

1) Бизнес концепциясы (резюме)

2) Кәсіпорынды және саланы сипаттау

3) Қызмет және өнімдердің сипаттамасы

4) Өткізу нарығын зерттеу және талдау

5) Бәсеке және бәсекелік артықшылық

6) Маркетинг жоспары

7) Өндіріс жоспары

8) Ұйымдық жоспар

9) Қаржылық жоспар

10) Қаржылық стратегия

11) Мүмкін тәуекелділіктер

Бизнес-жоспарды жасау тәртібі

1) Өнім, қызмет туралы ақпаратты жинау және талдау;

2) Өткізу туралы ақпаратты жинау және талдау;

3) Өткізу нарығындағы бәсекені талдау;

4) Кәсіпорын жағдайын және мүмкіншіліктерін талдау;

5) Маркетинг стратегиясын, тауарлық, баға, өткізу және коммуникативтік саясатты құру;

6) Құралдар, кадрлар және т.б. ресурстарға қажеттілікті және қамтамасыз ету жолдарын анықтау;

7) Қажетті капиталды есептеу, шығындарды анықтау, негізгі қаржылық көрсеткіштерді талдау және жоспарлау;

8) Қаржыландыру көздерін анықтау, жобаның бағытталуын және көлемін анықтау, тиімділікті есептеу;

9) Ұйымдық құрылымда, құқықтық қамсыздандыруды және жобаны жүзеге асыру кестесін құру;

10) Тәуелділіктермен кепілдіктер мәселесін шешу;

11) Жобаның қысқаша мазмұнын жасау (резюме);

12) Жобаға аннотацияны жасау (Аннотация);

13) Титулдық бетті жасау.

Бизнес-жоспарлау – бұл бизнес-жоспарды жүзеге асыру, оның орындалуын бақылау, интеллектуалды меншік нарығында бизнес-жоспарды жүргізу байланысты әрекеттер мен кезеңдерінің реттелген жиынтығы.

Бизнес-жоспарлау үрдісінің келесідей негізгі кезеңдерін атап көрсетуге болады:

- дайындық кезең;
- бизнес-жоспар жасау кезеңі;
- бизнес-жоспарды интеллектуалды меншік нарығында жүргізу;
- бизнес-жоспарды жүзеге асыру кезеңі.

Бизнес-жоспарлаудың дайындық кезеңнің маңызды сәті болып болшақтағы бизнес-идеяның қалыптасуы болып табылады.

Бизнес-жоспарды жүзеге асыру кезеңі инвестициялау жөнінде шешім қабылдау кезеңінен бастап коммерциялық өндірісті қоса алғанда жобаны нақты іске асырудың бастапқы кезеңіне дейін қамтиды.

Бизнес-жоспарды іске асыру іскерлік жобаны бизнес-жоспар кезеңінен нақты өндірістік кезеңге ауыстыру үшін қажетті барлық жұмыс тапсырмаларын орындау.

Бизнес-жоспарды іске асыру бизнес-жоспарлау үрдісінің алға қойылған және қол жеткізілген мақсаттың сәйкестігін бағалау және талдаумен аяқталады.

4.2 Инновациялық жобалардың бизнес-жоспарды дайындау әдістемесі

Бизнес-жоспардың құндылығы ондағы ақпараттармен ұсыныстардың құндылығымен анықталады. Сапалы түрде жасалған бизнес-жоспар әсіресе инвесторлардың назары түсетін кәсіпорынды басқару біліктілігін білдіреді. Бизнес-жоспардың титул беті тартымды болу керек, артық мәліметтер болмауы керек. Онда фирманың атауы, оның орналасу орыны, бизнес-

жоспардың атауы, жасалған мерзімі көрсетіледі. Жіберілетін адресаттың мәліметтерін көрсету керек. Титул бетінде әдетте құпиялық меморандумы орналасады.

Аннотацияда бизнес-жоспардың негізгі ережелерінің және мақсатының қысқаша сипаттамасы беріледі (0,5 – 2 бет).

Мазмұнда қажетті ақпараттарды тез табуға мүмкіндік беретін бизнес-жоспарға кірістірілген ақпараттардың тізімі беріледі. Мазмұны нақты нөмірленуі керек.

Кіріспеде бизнес-жоспарлау міндетті және оны дайындаған тұлғалар көрсетіледі. Сонымен қатар осы жобаны жасау қажеттілігі неден пайда болғанын атап өту керек.

Бизнес концепциясы – бұл кәсіпорынның немесе кәсіпкердің жеке ісін бастау немесе дамыту үшін алдында тұраған мақсаты мен болжамдалатын бизнес жөніндегі ақпараттардың шолуы.

Концепция сол бизнес-жоспардың қысқартылған нұсқасы. Концепцияның жазылу тәртібі еркін, еске сақталатын түйіндемеге жету қажет. Бұл тараудың көлемі 3-4 беттен аспауы керек.

Түйіндемені рәсімдеу тәртібі:

- жобаның мәні;
- бизнес-жоспардың мақсаттары және міндеттері;
- жобаның экономикалық нақтылауы және тиімділігі;
- фирма туралы ақпарат;
- басқару командасы;
- әрекеттеу жоспары;
- қаржыландыру;
- қарызға алынған құралдарды қайтару жоспары;
- бизнес-жоспардың бағыты.

Бизнес-жоспардың «Кәсіпорын және саланы сипаттау» бөлімінде фирманың жалпы сипаттамасын беру керек. Сипаттамаға алда тұрған немесе әрекет етіп тұрған барлық сипаттамалар кіреді.

Бизнес-жоспардың «Кәсіпорын және саланы сипаттау» бөлімінің негізгі элементтері:

- кәсіпорын жөнінде негізгі мәліметтер;
- кәсіпорынның қысқаша тарихы;
- бизнес типі, қызметтің негізгі түрлері;
- кәсіпорынның орналасу орыны;
- саланың сипаттамасы;
- кәсіпорынның сала ішіндегі даму тенденциясы және рөлі;
- кәсіпорынның қызметіне әсер ететін факторлар (SWOT-талдау);

Стратегияны қалыптастыру үрдісі үш кезеңнен тұрады:

1. Кәсіпорынның жалпы стратегиясын қалыптастыру;
2. Іскерлік (бәсекелік) стратегияны қалыптастыру;
3. Функционалды стратегияны анықтау.

Фирманың жалпы стратегиясының инвестициялық стратегиясының белгілі бір құрамын және құрылымын қадыптастырады. Бизнесінің стратегиялық бірліктерінің арасында тиімді бөлінген инвестиция стратегиялық тетік құруды қалыптастырады.

Бизнес-жоспарда фирманың жалпы стратегиясын талдау стратегиялық талдаудың моделдері және құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

Фирманың жалпы стратегиясы бизнестің стратегиялық бірлігінің стратегиясына сай келуін талдау негізінде анықталады.

Кәсіпорынның дамуының жалпы стратегиясын қалыптастырғаннан кейін іскерлік стратегияны анықтауға кіріседі. Кәсіпорынның іскерлік (бәсекелік) стратегиясы бәсекелік артықшылықтарға жетуге бағытталған.

Фирманың бәсекелік сипаттамасы бизнес-жоспардың «Бәсеке және бәсекелік артықшылық» бөлімінде қарастырылады.

Кәсіпорынның дамуының жалпы стратегиясы және бизнестің жекелеген стратегиялық бірліктерінің бәсекелік стратегиясы негізінде функционалды стратегия қалыптастыруға кіріседі.

Функционалды стратегия ұйымның әр функционалды қызметі үшін арнайы жасалады, олар келесі стратегияларынан тұрады

- өндірістік стратегия;
- маркетингтік стратегия;
- қаржылық стратегия;
- персонал басқару стратегиясы.

Әр функционалды стратегия бизнес-жоспардың сәйкес бөлімдерінде кеңінен қарастырылады.

Бизнестің мақсаттарын анықтау

Бизнес-жоспарда кәсіпорынның миссиясын анықтау қажет. Миссияны анықтау кәсіпорынның әлеуметтік мағыналығы және оның бизнеске қажеттілігіне, оның тиімді дамуында серіктестерді, тұтынушыларды, инвесторларды сендіруге мүмкіндік береді.

Миссия – бұл бизнестің басты философиясы, фирманың тірлігіне мағына беретін, яғни бұл болашақтың идеалды бағыты.

Мақсаттар – бұл фирманың қызметінің параметрлері, оларға жету оның миссиясымен анықталады және соларды жүзеге асыруға оның шаруашылықтық қызметі бағытталған.

Кәсіпорынның мақсаттары екінші, үшінші және одан төмен деңгейлерге бөлінеді. Мақсаттар терегін құрастыруға болады, оны бизнес-жоспардың қосымшасында келтіруге болады.

Өнім және қызмет сипаттамасы

Бизнес-жоспардың «Өнім және қызмет сипаттамасы» бөлімінде тұтынушының позициясы жағынан кәсіпорын өнімі (қызметінің) сипаттамасы көрсетіледі, оларды кешендік бағалау жүргізіледі. Осы мақсатқа сай келесі мәліметтер келтіріледі:

- тауармен қанағаттандырылатын қажеттіліктер;
- сапа көрсеткіштері;
- экономикалық көрсеткіштері;
- сыртқы рәсімдеу;
- басқа ұқсас тауарлармен салыстыру;
- патенттік қауіпсіздік;
- экспорт көрсеткіштері және оның мүмкіндіктері;
- өнімді жетілдірудің негізгі бағыттары;
- жетістіктің мүмкіндігінің негізгі факторлары.

Кәсіпорын өнімін кім, неге және қанша көлемде сатып алады немесе болашақта сатып алады деген сұрақтарға жауап беруі тиіс бизнес-жоспарды жасаудың негізгі кезеңдерінің бірі. Отандық және шетелдік тәжірибе нарықты нашар білу көптеген коммерциялық жобалардың тұрақсыздығының басты себептерінің бірі екенін көрсетеді.

Бизнес-жоспарда нарықты кешендік зерттеудің бағыттары қарастырылуы керек олар:

- нарық типін анықтау;
- нарықтық құрылымды анықтау;
- нарық конъюнктурасын бағалау;
- мақсатты сегменттерді таңдау;
- нарықты позициялау;
- өткізу көлемін болжамдау;

Болжамдау кезінде болжау құралы ретінде әдістер жүйесі қолданылады. Олардың көмегімен кәсіпорын қызметіндегі өткен экономикалық қызметте нәтижесі талданады және талдау нәтижесі бойынша фирманың әлеуметтік-экономикалық даму перспективасындағы өзгерістер қалыптасады.

Бизнес-жоспарлауда жиі қолданылатын болжамдау әдістері келесілер:

Сапалық әдістер бұл тәжірибе, білім және зерттеушінің интуициясына негізделеді. Бұл топта ең көп таралған эксперттік бағалау әдісі. Бұл әдіс бойынша болжамды бағалаулар эксперттердің шешімі негізінде анықталады.

Эксперттік бағалаулар *жеке* және *ұжымдық* болып бөлінеді. Жеке экспорттік бағалауларға:

- интервью әдісі;
- аналитикалық баяндама хаттар;
- сценарийлер жатады.

Ұжымдық эксперттік бағалаулар:

- эксперттерге сұрау салу (тұтынушы, сауда жұмысшылары, кәсіпорынбасшылары мен мамандары және т.б.)
- комиссия әдісі; («дөңгелек үстел»)
- ми шабуылы әдісі; (5-15 адм, 15-30 мин. критика жоқ)

– синектика әдісі; (стабильдық топ, критика болуы мүмкін.)

– «Дельфи» әдісі кірістіріледі (жеке жазбаша сұрау салу, 1-150 эксперт қатысуы мүмкін).

Болжамдаудың *сандық әдістері* сандық математикалық шараларға негізделеді. Сандық әдістер негізіндегі болжамдау нәтижелері бизнесті жоспарлаудың барлық салаларында қолданылады, соның ішінде жалпы жоспарлау, қаржылық жоспарлау, маркетингтік жоспарлау және т.б.

Нарықтық зерттеу және талдау кезінде болжамдаудың сандық әдістері келесі негізгі есептерді шешуде қолданылады:

- сұранысты болжамдау;
- нарық сиымдылығын болжамдау;
- фирманың сату көлемін болжамдау және т.б.

Сандық әдістердің тобына келесілер жатады:

- уақыт бойынша талдау;
- экономикалық математикалық моделдеу;
- нормативтік әдіс;
- болжамдарды стандартты болу әдісі.

Маркетинг жоспары фирманың қызметін ұйымдастыру үшін қажет, сонымен қатар ол серіктестер және инвесторлармен келіс сөздер өткізген кезде қажетті инструмент болып табылады.

Маркетинг жоспарының негізгі мақсаты-тауарларды тарату схемасы, бағаларды анықтау әдістері және сатуды ынталандыру туралы нақты мәлімет беру.

Маркетингбұл компанияның мүмкіншіліктерінің және тұтынушылардың сұранысының сай келтіру үрдісі, оның нәтижесі болып тұтынушыларға олардың қажеттіліктерін максимальды қанағаттандыратын игіліктерді ұсыну және кәсіпорынның пайда табуын қалыптастыру.

Бұл бөлімнің құрылымы келесідей болуы мүмкін:

- маркетинг стратегиясы;
- тауарлық саясат;
- баға саясаты;
- өткізу саясаты;
- коммуникативтік саясат;
- маркетинг бюджеті.

Өндірістік жоспар. Бизнес-жоспардың бұл бөлімі өндіріспен айналысатын фирмада жасалады. Бұл бөлімде өндірілетін өнімді көлемі, өнім өндіру уақыты және өндірілетін өнімге қойылатын талап сипатталады.

Бөлімнің құрылымы келесідей болады:

- өндіріс технологиясы;
- өндірістік кооперация;
- өндірістік процесті бақылау;
- қоршаған ортаны қорғау жүйесі;

- өндірістік бағдарлама;
- өндірістік қуаттылығы және олардың дамуы;
- ұзақ мерзімді активтерге қажеттілік;
- айналым құралдарға қажеттілік;
- шығындар болжамы.

Өндірістік бағдарлама - өнім (қызмет) өндіру және сату көлемі болжамы сату нарығын маркетингтік зерттеу нәтижелерін кәсіпорынның мүмкіндіктерімен салыстыру негізінде жасалады.

Әдетте, бизнес-жоспарда өнімнің әр түрлі натуралды өлшемде шығару көлемі және олардың өзгеруі туралы соңғы 3 жыл бойынша, ал осы көрсеткіштердің жоспарлы деңгейлері алдағы 3-5 жылға көрсетіледі. Өндіріс көлемін болжамдау кезеңдер бойынша келесідей жүргізіледі: 1 жылды кварталдар бойынша, 2 жылды жартыжылдықтар бойынша талданады.

Шығындар болжамы- бұл бөлім өндіріс шығындарын және өндірілетін өнім өзіндік құнын есептеумен аяқталады, мұнда барлық шығындар талданады, соның ішінде шикіза шығынына көп көңіл бөлінеді.

Бизнес-жоспарда материалда-шикізатты және отында-энергетикалық ресурстарды сатып алу шарттары жабдықтаушылардың сенімділігі көрсетіледі. Өнімнің толық өзіндік құны калькуляция статияларын қосу арқылы анықталады. Жалпы тауарлық және сатылған өнім өзіндік құндарын анықтайды.

Сметада өндірістік үрдістерде пайдаланылған ресурстардың жалпы көлемі жинақталады. «Өндіріске шығындар жиынтығы». Бұл шығындар жиынтығы өнім өндірісіне байланысты емес шығындар алынып тасталады және жалпы өнімнің өндірістік құны анықталады. Сметада өндірісті және өнім өткізудің нәтижесі пайда немесе шығын жоспарланады. Сметаның барлық көрсеткіштері әр тоқсанға бөлінеді.

Бизнес-жоспардың «Ұйымдық жоспар» бөлімінің құрылым келесідей болуы мүмкін:

- ұйымдық жоспар және менеджмент – іскерлік кесте, фирма қызмет етуінің құқықтық қамсыздандыру, кәсіпорынды басқаруды ұйымдастыру, персоналды басқаруды ұйымдастыру, бөлімшелер және қызметкерлердің ара қатынасы.

- кадрларға қажеттілік – еңбекке бейімдеу нысаны; біліктілік талаптар, еңбек және қосымша материалдық жеңілдіктер.

Кадрларға қажеттілік бөлімі келесі сұрақтарды қарастырады:

- еңбекке тарту нысаны, біліктілік талаптары;
- еңбек ақы және қосымша материалдық жеңілдіктер жүйесі

Еңбекке тарту келесі нысандары болуы мүмкін:

- тұрақты жұмыс;
- біріктіріп қызмет ету;
- келісім шарт бойынша жұмыс.

4.3 Инновациялық жобаларды дайындаудағы тәуекелділікті бағалау

«Тәуекелді бағалау» бөлімі келесідей құрылымды бөлімдерден тұрады:

- тәуекелді талдау, жобаның тәуекелін бағалау;
- тәуекелден шығындар.

Қандай болмасын кәсіпорын, өндірістік, коммерциялық, басқа қызметтермен байланысты тәуекелді ала жүреді. Қандай болмасын кәсіпкер өзінің қабылдаған басқару шешімдері бойынша жауап береді. Тәуекел факторы кәсіпкердің қаржылық және материалдық ресурстарын үнемдеуге, коммерциялық мәмілелерге, жаңа жобалар тиімділігін есептеулерге аса көңіл аударуына мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік қызметте тәуекел факторы экономикалық тұрақсыздық.

Жіктелуі бойынша тәуекелдің келесі аймақтарын ажыратады:

- тәуекелсіз аймақ;
- тәуекелді болжау аймақ;
- сын тәуекел аймақ;
- апатты тәуекел аймақ.

6 Шығындар болмайтын, салада тәуекелділік болмауы немесе ноль деңгейдегі шығындар болатын аймақ тәуекелсіз аймақ деп аталады.

7 Шығындар болатын, бірақта ол шығындар күткен пайдадан аз мөлшерде болатын аймақ – тәуекелді болжау аймағы.

8 Сын тәуекел аймағы – шығындар күткен пайда мөлшерінен көп болатын, кейде есепті табыстың соммасына дейін болатын шығындар мөлшері.

9 Апатты тәуекел аймағы - өзінің шығын шөлшері өте жоғары және шығындар көлемі кәсіпорынның мүлік мөлшерінен көп болуында мүмкін.

Несиелік тәуекел несие алушының бережағын және пайызды төлемеу қауіпсіздігі.

Пайыздық тәуекелге – коммерциялық банктердің, несиелік мекемелердің, инфляциялық институттардың пайыздық ставкалардың берілген несие көлемінен асып түсуіне байланысты шығындардың өсуі, сонымен қатар акция бойыша, дивиденттің мөлшерінің өзгеруіне байланысты инвесторлардың шығындары, облигация, құнды қағаздар, сертификаттар бойынша процент мөлшерінің көбейуінен пайда болған шығындар.

Инфляциялық тәуекел – инфляциялық өсуіне байланысты алып отырған ақшалай пайданың сатып алушылар сұранысынан тез өсіп, құнсыздануына байланысты тәуекел.

Дефляциялық тәуекел – дефляция көтерілген жағдайда баға деңгейі төмендейді, кәсіпкерлердің экономикалық жағдайы төмендеп, пайдалары азаюдағы тәуекел.

Валюталық тәуекел – бір шет ел валютасының басқа ел валютасына қарағанда курсының өзгеруіне сыртқы экономикалық, кредиттік, валюталық операциялар өткізудегі осымен байланысты валюталық шығындар болу қауіпсіздігі.

Жойылу тәуекелі – құнды қағаздар немесе басқалай тауалар өткізгенде, олардың сапасына және тұтынушылық бағасына байланысты мүмкін болатын шығындар.

Мүмкіншілікті жіберу тәуекелі – қаржылық зиян шегіп, кәсіпорынның қызметі нәтижесінде толықтай зиян шегу (мысалы сақтандыру, инвестициялау).

Табысты төмендету тәуекелі – портфельдік инвестиция, салым, несие бойынша пайыздық мөлшерінің төмендеуінен пайда болатын тәуекел.

Таза қаржылық шығындар тәуекелі – инвестициялық жобаның іске асыруына немесе жартылай іске асуына байланысты тәуекел.

Тәуекелдің үлкен көлемде (жалпы мемлекеттік) тәуекелділікке бару.

Кәсіпорын тәуекелдері қысқа және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Ұзақ мерзімді тәуекел кәсіпорын болашақтағы дамуымен байланысты болады, оған өндірістік дамуға кеткен дәлелсіз аз мөлшердегі төлемдер, кадрлық саясатты көтеруге кеткен шығындар.

Қысқа мерзімді тәуекел міндетті емес тұтынушыларға таңдауға, нарық конъюктурасындағы есептеуді ұйымдастырудағы тиімсіз формаларын таңдаудағы шығындары. Қызмет ету маңызына байланысты кәсіпкерлік тәуекелдің келесі турлерін ажырады:

- өндірістік тәуекел;
- коммерциялық тәуекел;
- қаржылық тәуекел;
- несиелік тәуекел;
- пайыздық тәуекел.

Тәуекелділікке байланысты жоғалтулардың келесі түрлері бар:

- материалдық жоғалтулар;
- еңбек ресурстарының жоғалтулары;
- қаржылық жоғалтулар;
- уақыт жоғалтулар;
- арнайы жоғалтулар.

Кәсіпкерлік тәуекелді бағалау үшін келесі әдістерді пайдаланады: статистикалық; эксперттік; есептеу-аналитикалық. Статистикалық әдіс белгілі бір кәсіпорында немесе соған ұқсас кәсіпорындарда мүмкіндік жағдайларды, тәуекел көлемін анықтау мақсатында жоғалтулар мен кіріс статистикасын оқып білу. Мүмкіндік дегеніміз белгілі бір нәтеже алу мүмкінділігі. Мысалы: жаңа тауардың нарыққа сәтті енуі. Тәуекел көлемі 2 көрсеткішпен сипатталады: орташа күтілген мағына мен мүмкін болу қорытындысының ауытқымалылығы.

Орташа күтілген мағына белгісіз жағдайлармен байланысты, мүмкін болушы қорытындылардың орташа есептелген көлемі түрінде анықталады. Эксперттік бағалау әдісі эксперт-мамандардың тәуекелдің болу мүмкіндігі жөнінде пікірлесуде негізделген. Эксперттің білімі мен тәжірибесі негізінде берілген сипаттамалар көп жағдайда нақты баға береді. Эксперттық әдіс көбінесе көп мөлшерде уақытша және еңбек шығындарын жұмсамай аяқ басқару шешім қабылдау үшін ақпарат алуға мүмкіншілік береді.

Есептеу аналитикалық әдіс жаңа жобаның тәуекелдерін талдауда көбінесе пайдаланады. Жоба тірі организм ретінде өзінің арнайы даму сапаларымен қарастырылады. Жобаның өмірлік циклі келесі кезеңдерден тұрады: өндеу кезеңі, нарыққа шығару кезеңі, өсу кезеңі және құлау кезеңі. Жобаның өмірлік циклін зерттей отырып әрбір бір кезеңі жөнінде ақпарат алуға, кейінгі керек емес себептерді анықтауға, тәуекел дәрежесін бағалауға болады. Бірақта тәжірибеде ондай қажетті ақпарат жинау өте қиын.

5. Кәсіпорындарға инвестиция тарту қызметі

5.1 Инвестицияның мәні, құрылымы, жіктемесі

Ақша құралдарының және басқа капиталдың экономикалық жобаларға, пайда табу мақсатында белгілі – бір мерзімге, белгілі – бір объектіге салынған қаржы салу қызметін инвестициялау қызметі деп атайды, ал сол салынатын ресурсты инвестиция деп айтады. Инвестиция түсінігі күрделі қаржы түсінігімен байланысты, бірақта күрделі қаржы ол инвестицияның тек бір бөлігі болып табылады.

Күрделі қаржылар негізінен кәсіпорынға негізгі құралдар алуға, өндірісті ұлғайтуға, жаңа құрылыс жүргізуге тағы басқа еңбек құралдарын кәсіпорынға алу үшін жұмсалынады. Күрделі қаржының жіктемесі мынадай:

- өндірісте пайдалану сипатына байланысты: өндірістік, өндірістік емес;
- шығу тегіне байланысты: жеке, мемлекеттік;
- күрделі қаржыларды жұмсау бағытына байланысты: техникалық қарулану, кәсіпорынды кеңейту, құралдарды жаңарту, кәсіпорында жаңа құрылыс салу.

Өндірістік күрделі қаржылар өндірістік үрдіске салынады. Өндірістік емес күрделі қаржылар әлеуметтік салаға салынады.

Жеке күрделі қаржылар жеке кәсіпорындардың немесе банктердің күрделі қаржылары. Мемлекеттік – мемлекет бюджетінен бөлінген күрделі қаржылар.

Инвестицияның негізгі өндіріске келіп түсу формасы нақты қаржы түрінде немесе құнды қағаз түрінде болады. Кәсіпорынға тікелей қаржы немесе құрал ретінде келіп түскен инвестиция тікелей инвестиция деп аталады. Ал құнды қағаз түрінде келіп түскен инвестиция – портфельдік инвестиция деп аталады. Инвестициялардың тәуелділік деңгейіне байланысты:

Инвестициялау мақсаттарын талдау және инвестициялар тиімділігін арттыру үшін олардың ғылыми дәлелденген жіктемесін қарастырып көрейік:

- капиталды енгізу объектісі бойынша: нақты инвестициялар, қаржылық инвестиция;
- инвестициялық жобаға қатысу сипатына қарай: тікелей инвестициялар, тікелей емес инвестициялар;
- инвестициялау кезеңі бойынша: қысқа мерзімді инвестициялар, ұзақ мерзімді инвестициялар;
- инвестицияланатын капитал меншік нысаны бойынша: жеке инвестициялар, мемлекеттік инвестициялар;
- инвестициялардың аймақтық қатысы бойынша: ұлттық (ішкі) инвестиция, шетелдік инвестиция;
- инвестициялық жобаның мақсатына қарай нақты инвестиция келесі негізгі топтарға құруға болады: негізгі капиталға инвестициялар; күрделі жөндеуген шығындар; жер учаскелерінің және табиғат пайдалану объектілерін сатып алуға инвестициялар; материалдық емес активтерге инвестициялар (патенттер, лицензиялар т.б.); материалдық айналым құрылымы құралдар запастарын толықтыру инвестициялар.

5. 2 Инвестицияны жоспарлау

Кәсіпорын үшін инвестиция тарту ең маңызды мәселе. Себебі инвестицияны алу үшін кәсіпорынның экономикалық жағдайы тұрақты болуы қажет, яғни инвестицияны қайтару мүмкіндігі болуы қажет. Сондықтан да инвестицияны алмас бұрын сол алынған қаржыны қайтару мүмкіндігі жоспарланады. Инвестицияны қайтару дегеніміз кәсіпорынға салынған қаржыны дұрыс пайдаланып, одан пайда табу. Инвестор инвестицияны салмас бұрын сол қаржыдан қанша табыс табатынын жоспарлайды. Күрделі қаржының ақша айналымынан алатын табысы қосымша табыс немесе дисконттық табыс деп аталады. Дисконттық табыс дисконттық коэффициент арқылы анықталады:

$$a = t / (1 + p)$$

мұндағы: a – дисконттық коэффициент;

t – инвестицияны салу мерзімі;
 p – пайыздық ставкалар.

Дисконттық табыстың кәсіпорынға салынған қаржының үлесінің өсуі одан алынатын табыстың өсетінімен түсіндіріледі. Сондықтан да инвестицияны салуда алынатын табыс былай анықталады:

$$D = K(1+p)^t - K$$

мұндағы: D – инвестициядан алынатын табыс;
 K – кәсіпорынға салынған күрделі қаржы көлемі;
 p – пайыздық ставкалар
 t – инвестицияны салу мерзімі;

Мысалы, инвестор кәсіпорынға 200000 теңге қаржыны 25 % ставкамен салу арқылы 4 жылдан кейін қанша табыс табады?

$$D = 200000(1+0,25)^4 - 200000 = 488000 - 200000 = 288000$$

Инвестор кәсіпорынға өзінің қаржысын салу кезінде қанша пайда тапқысы келетінін алдын ала жоспарлайды. Сондықтан кәсіпорынға салынатын қаржы көлемін анықтайық.

$$K = D / (1+p)^t$$

Мысалы, инвестор 3 жылдан кейін 30 проценттік ставкамен 100000 теңге пайда табу үшін қанша қаржы салу қажет.

$$K = 100000 / (1+0,3)^3 = 47600$$

Инвестициялық жобаның тиімділігін анықтауда мынадай көрсеткіштерді ескереді:

- кәсіпорынның қаржылық тиімділігі;
- кәсіпорынның негізгі және айналмалы құралдарды пайдалану көрсеткіші;
- кәсіпорынның өнімін өткізу бағасы;
- кәсіпорындағы еңбек ресурстарының өнімділігі.

Инвестицияны қайтару мерзімі кәсіпорынның тапқан табысының шығынға қатынасы арқылы анықтайды, яғни 1 теңге шығынға қанша табыс табатынын анықтайды.

Кәсіпорын инвестициялық саясатты жүргізуде алдын ала жоспарланған көрсеткіштерге сүйенеді. Себебі инвестициялық қызмет нәтижелі болу үшін оны тиімді бағытта жұмсау қажет. Сондықтан да инвестицияны жұмсаудың мынандай бағыттары бар:

- жобаны алдын ала белгіленген көрсеткіштер бойынша жоспарлау;

- ғылыми – техникалық прогрестің нәтижесін өндірісте пайдалану;
- кәсіпорында жаңа өндірісті ұйымдастыру мен басқару әдістерін қолдану;
- еңбек ресурстарын сапасы жағынан жаңарту, кадрлардың кәсіби деңгейін көтеруге жағдай жасау;
- инвестицияның қайтарымдық мерзімін дұрыс жоспарлау .

Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын талдау кезінде. Бизнес жоспарда кәсіпорынның қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін және оның қаржылық жағдайын талдау жүргізу ұсынылады.

Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын талдау кезінде ең алдымен кәсіпорынның экономикалық қызметін сипаттайтын келесі ереже орындалады ма қарау керек:

$$T_{Пб} > T_{Vp} > T_{ак} > 100\%$$

мұнда: $T_{Пб}$ – баланстық пайданың өзгеру қарқыны, %

T_{Vp} – сату көлемінің өзгеру қарқыны, %

$T_{ак}$ – енгізілген капиталдың өзгеру қарқыны, %

Бұл ереженің экономикалық мағынасы келесіде. Қаржылық жоспарды жасауды келесі жоспарлық құжаттарды болжамдаудан бастаған дұрыс. Кәсіпорын балансы болжамы; пайда мен шығындар болжамы; ақша қаражаттар қозғалысы болжамы.

Бизнес жоспарда графикалық және аналитикалық жолмен сатудың шекті көлемі (шығынсыздық нүктесі немесе рентабельдік шегі) және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық мөлшері анықталады. Сатудың шекті көлемі келесі формуламен есептеледі:

$$V_{пр} = \frac{N_{пост}}{1 - V_{пер}}$$

мұнда: $C_{пост}$ – тұрақты шығындар;

$V_{пер}$ – сатудың жалпы көлемінде өзгермелі шығындар үлесі;

Қаржылық тұрақтылық мөлшері жоспарланған табыс көлемімен сатудың критикалық көлемі арасындағы айырмашылығы ретінде анықталады.

5.3 Инвестицияларда қажеттілік және оларды қаржыландыру көздері

Бизнес-жоспар және инвестициялық жобаның фазалары. Жалпы мағынада инвестициялық жоба деп пайда алу мақсатында капиталды енгізу жоспары түсініледі. Егерде бизнес-жоспардың мақсаты болып нақты

кәсіпорын нақты экономикалық жағдайында құралдарды енгізу және олардың қайырылымын негіздеу және жоспарлау табылса, онда оны инвестициялық бизнес жоспар деп аталады.

Инвестициялық жоба – бұл күрделі салымдарды жүзеге асыру экономикалық тиімділігін, көлемін және мерзімдік анықтау. Инвестициялық жобаны жасау келесі үш фазадан тұратын цикл ретінде көрсетілуі мүмкін, олар: инвестиция алдындағы; инвестициялық; эксплуатациялық.

Инвесторлық жобаның тиімділігін бағалау принциптері және әдістері. Дисконттау коэффициенті салынған капиталға инвестор қандай қайтарылу пайыз арқылы көрсетеді. Дисконттаудың пайыздық ставкасы келесі формуламен анықталады:

$$I = C + P + K_r,$$

мұнда: C - инфляция деңгейі, %

P - нақты пайда нормасы, %

K_r - тәуекелділік деңгейін анықтайтын көрсеткіш, %

Нақты пайда формасы капитал нарығында қалыптасқан бұл тиімді кепілденген табыс деңгейі (АҚШ үшін 4-5% жылға). Инвестициялық жобалардың коммерциялық тартымдылығын қаржылық-экономикалық негіздеу негізін келесі үш топ есептеулер құрады:

1. Жобаның қаржылық тұрақтылығын есептеу, яғни жобаның оны жоспарлау әрбір интервалында құралдармен қамтамасыз етілді;

2. Жобаның экономикалық тиімділігін есептеу, яғни пайдалығын, реттілігін, жобаның қайтарылу мерзімін және басқа да қаржылық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу;

3. Жобаның тәуекел деңгейін есептеу, яғни оның негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштерінің өзгеруіне жобаның өзгеруін талдау негізінде. Жобаның коммерциялық тартымдылығын салыстыру интервалды көрсеткіші болып, олардың таза ағымдағы құны (NPV) туады.

Пайда индексі (PI) жобаның тиімділігін немесе салымдар бірлігіне шаққанда жобадан ақшалай түсімдер дисконттық құны. Ол жобадан түскен таза келтірілген түсімдерді бастапқы салымдар құнына бөлу арқылы есептеледі:

$$PI = \frac{PK}{(1+r)^k} \cdot I_c,$$

мұнда: PI - пайда индексі немесе рентабельділік индексі;

Егерде: PI үлкен 1-ден - жобаны қолдау керек;

PI кіші 1-ден жобаны қайтару керек;

PI тең 1-ге жоба пайдалы емес те зиянды да емес;

Ішкі қажеттілік деңгейі (IRR) деп дисконттау R -тің көрсеткішін түсінеді, бұл кезде $NPV=0$ Бұл нүктеде шығындардың дисконттық ағымы табыстардың дисконттық ағымына тең («шығындық нүктесі»).

IRR жоба шығындарының максималды деңгейін көрсетеді, яғни оның көбеюі кезінде жоба зиянды болып табылады:

$$IRR = r + f(r) \setminus f(r) - f(r_2) * (r_1 - r_2)$$

Бақылау сұрақтары:

- 1 . Кәсіпорынның қаржылық тиімділігін қалай анықтайды?
- 2 . Кәсіпорынның негізгі және айналмалы құралдарды пайдалану көрсеткіші нені білдіреді?
- 3 . Кәсіпорынның өнімін өткізу бағасы кәсіпорынның қаржылық жағдайына қалай әсер етеді?
- 4 . Кәсіпорындағы еңбек ресурстарының өнімділігі кәсіпорынның қаржылық жағдайына қалай әсер етеді?
- 5 . Ұлғаймалы ұдайы өндірістің қалыптасуы үшін инвестицияның алатын орыны қандай?
- 6 . Ғылыми– техникалық прогрестің даму тенденциясы кәсіпорынның инвестициялық қызметіне қалай әсер етеді?
- 7 . Өндірілген өнімнің сапа нәтижесі жоғары болуы үшін кәсіпорын қандай саясат ұстануы қажет?
- 8 . Өнімді өндіруге жұмсалатын өндірістік шығындар деңгейі кәсіпорынның инвестицияны қайтару қызметіне қалай әсер етеді?
- 9 . Өндірістің, ресурстың қамтылу деңгейі кәсіпорынның инвестицияны қайтару қызметіне қалай әсер етеді?
- 10 . Инвестицияның қайтарымдық мерзімін дұрыс жоспарлау кәсіпорынның қаржылық жағдайына қалай әсер етеді?

6. Мемлекеттің және кәсіпорындардың инновациялық саясаты

6.1.Мемлекеттің инновациялық саясатының мазмұны

Мемлекеттің инновациялық саясаты-бизнеске ықпал етудің нысандарын, әдістері мен бағыттарын және жаңа түрлерін әзірлеу мен шығаруды қарқындату мақсатындағы технологиялар. Инновациялық саясат ұзақ мерзімді және ағымдағы саясат болып табылады. Ұзақ мерзімді саясат-ресурстардың үлкен шығындарын талап ететін және міндеттерді шешуге бағытталған. Ағымдағы өрістер инновациялық қызметті жедел реттеу болып табылады.

Мемлекеттік инновациялық саясат- қолайлы жағдайларын жүзеге асыру үшін жаңа үрдістер. Мемлекеттік инновацияларды қолдау бағыттары:

- ғылыми зерттеулерді дамытуға жәрдемдесу бағыттары;
- бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

- инновациялық белсенділікті арттыруға;
- мемлекеттік инновациялық тапсырыстарды қалыптастыру;
- мемлекеттік реттеу шараларды қолдау үшін қолданылатын инновациялық үдерістер;
- инновациялық қызметті кадрлық қамтамасыз ету;
- инновациялық қызметтің құқықтық базасын жетілдіру;
- инновациялық саладағы халықаралық байланыстарды реттеу процестері.

Мемлекеттік реттеудің инновациялық қызметтегі халықаралық байланыстар мынадай нысандары бар:

- ынтымақтастықтың ең перспективалы бағыттарын таңдау;
- кедендік барлау саласындағы инновациялық реттеу;
- инновациялар саласындағы шетелдік инвестицияларды ынталандыру;
- халықаралық инновациялық жобаларды қаржыландыру;
- жергілікті салық және несие жеңілдіктерін қолданудың инновациялық жобалары;

Инновациялық реттеудің ағымдағы мемлекеттік саясаты негізінде екі нысанда жүзеге асырылады

ведомстволық және бағдарламалық-мақсатты. Әкімшілік-ведомстволық нысан тікелей қаржы түрінде көрінеді,арнайы заңдарға сәйкес жүзеге асырылатын,инновациялық қызметті реттейтін мемлекеттік реттеу нысаны.

Саяси ағымдағы инновациялық-мемлекеттің саясатты келесідей бөлуге болады:

- * инновациялық қызметті ынталандыру тетіктерін жетілдіру процесі;
- инновациялық қызметті кешенді қолдау жүйесін құру;
- инновациялық процесті қолдау инфрақұрылымын дамыту;
- * шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту;
- * конкурстық іріктеу жүйесін жетілдіретін жобалар мен бағдарламалар;
- * ғылымды дамытудың басым бағыттарын қолданатын технологиялар.

Инновациялық дамудың басым бағыттары:

- * ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар және электроника;
- * қару-жарақ пен әскери техника;
- * өндірістік технологиялар;
- * жоғары өнімді есептеу жүйелері;компьютерлік модельдеу;жасанды интеллект;
- * ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер;
- * микроэлектроника, наноэлектроника және кванттық элементтік базасы-жаңа компьютерлер;бейнелерді тану және бейнелерді талдау;

ерекше қасиеттері бар металдар мен қорытпалар; синтетикалық аса қатты материалдар; каталитикалық жүйелер және технологиялар;

микро-және наноэлектроникаға арналған материалдар; мембраналық технологиялар; техногендік орталарды залалсыздандыру;

* керамикалық және шыны материалдары; полимерлер мен композиттер;

* биоинженерия технологиялары; гемодинамика және генотерапия; иммунокоррекция технологиялары;

* ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасын бақылау-және тамақ өнімдері;

* адам өмірін қорғау және өмір тіршілігін қамтамасыз ету жүйелері;

* дәрілік заттар мен тағамдық қоспаларды синтездеу;

* өсімдіктер мен жануарларды қорғаудың биологиялық құралдары;

* ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру және қайта өңдеу;

* экологиялық таза және жоғары жылдамдықты жер үсті көлігі;

* Көлік және кеме жасау технологиясы-әлемдік мұхит ресурстары;

* авиациялық және зымыран-ғарыштық техника және жаңа техникалық шешімдер қабылдау;

* қозғалыс қауіпсіздігі, көлікті басқару, интермодалдық тасымалдар және логистикалық жүйелер;

* жоғары дәлдіктегі навигация және қозғалысты басқару технологиялары; ғарыштық технологиялар;

* энергия үнемдеу технологиялары;

* мұнай мен газды іздеу, өндіру және өңдеу және құбыркөлік; атом энергетикасының қауіпсіздігі;

* радиоактивті қалдықтармен және сәулеленген ядролармен жұмыс істеу; дәстүрлі емес жаңартылатын энергия көздері және оны түрлендіру және шоғырландыру әдістері; көмір өндіру және өңдеу;

* органикалық отынмен электр энергиясын және жылуды өндіру;

* қауіп-қатерді төмендету және табиғи және техно апаттарды болдырмау;

* биологиялық және минералдық ресурстарды болжау; қайта өңдеу және кәдеге жарату;

орман ресурстарын қайта өңдеу және молайту;

* Бүлінген жерлерді сақтау және қалпына келтіру, ландшафттық және биоәртүрлілік; тұрғын үйді тез салу және трансформациялау;

* мехатрондық технологиялар;

* лазерлік және электронды-ионды технологиялар;

* кен орындарын бағалау, кешенді игеру және маңызды шикізатты қайта өңдеуге арналған технологиялық біріктірілетін шағын өндірістер;

Осылайша, мемлекеттік инновациялық саясаттың мақсаттары ғылыми-техниканы дамыту, ұтымды орналастыру, тиімді пайдалану және оны қалыптастыру, оның тиімділігін арттыру.

Мемлекеттік инновациялық саясаттың міндеттеріне:

- 1) МЖМБС-ның үйлестірілген қызметін шаруашылық және ғылыми ұйымдар үшін;
- 2) экономикалық құрылымды қайта құруды іске асыруды қамтамасыз ету; басты бағыттағы ғылыми-техниканы тиімді пайдалану және экономиканың дамуын тұрақтандыру үшін, даму стратегиясын, қарқыны мен пропорциясын анықтайтын-және оның құрылымдық теңгерімділігі;
- 3) ауыл шаруашылығы және "серпінді" зерттеулерді қамтамасыз ету;
- 4) өнеркәсіп салаларыдағы кәсіпорындарды ғылыми технологияларды әзірлеумен айналысатын мамандандыруды тереңдету
- 5) экономикалық реформалар мен инновациялық қызмет саласындағы шағын және орта бизнестің инновациялық белсенділігін арттыру

6.2 Мемлекеттік инновациялық саясат қағидаттары

Мемлекеттік инновациялық қызметтің маңызды қағидаттарына:

- 1) отандық ғылымдарға сүйену;
 - 2) ғылыми шығармашылық еркіндігі, дәйекті демократияландыру және ғылыми саланы қалыптастыру кезіндегі ашықтық пен жариялылық-
 - 3) фундамендердің дамуын ынталандыру- ғылыми зерттеулер;
 - 4) мектептердегі отандық ғылымды сақтау және дамыту
 - 5) ғылым мен техника саласына және кәсіпкерлік-инновациялық қызметті қолдау қолдау;
 - 6) ғылым және білім беру, дамыту жүйесін дайындау;
 - 7) Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау;
 - 8) зерттеушілердің, ұйымдар мен мемлекеттің меншігін қамтамасыз ету;
 - 9) инновацияны дамыту ұйымдардың қызметін қолдау, кәсіпкерлікті дамыту;
 - 10) шағын-ғылыми еңбектің мәнділігін арттыру, өмір мен ТЖҚ лайықты жағдайларын жасау
 - 11) қазіргі заманғы жетістіктерді насихаттауғылым;
- Мемлекеттік органдардың негізгі функциялары:
- 1) ғылыми зерттеулер мен инновацияларға арналған қаражатты шоғырландыру
 - 2) инновациялық қызметті үйлестіру;
 - 3) инновацияларды, осы саладағы бәсекелестікті дамыту, сақтандыру
 - 4) құқықтық базаны құруинновациялық үдерістерді, әсіресе авторлыққұқықтарын инноваторлар мен зияткерлік меншікті қорғау.
 - 5) инновациялық қызметті кадрлық қамтамасыз ету;
 - 6) ғылыми-инновациялық құрылымды
 - 7) Инновациялық процестерді институционалдық қамтамасыз ету;

қамтамасыз ету;

6.3 Инновациялық саясаттың негізгі бағыттары

Сыртқы және ішкі нарықтардағы сұраныс деңгейі-өнеркәсіп салаларының өнімдері және олардың негізгі өндірістік қорларды. Өз өнімімен әлемдік деңгейде шыққан салалар-ҰОК (отын-энергетика кешені, металлургия, химия), оған бекіту үшін тиімділікті арттыру қажет

өндірістік әлеует. Өндіретін басқа да салалар әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім-(машина жасау және қорғаныс кешені)-мемлекеттік қолдау. Үшінші назар талап етеді негізінен ішкі салаға бағдарланған салалар тобы-ҰОК (тамақ және жеңіл өнеркәсіп, өнеркәсіп стро-ық материалдар). Инновациялық саясат салалардың осы топтарының сипаты, ауқымы бойынша ерекшеленеді.-жанарту үшін қажетті ресурстар көлемі мен-іске асыру негізінде өндірістік әлеуетті және техника жетістіктерін бағалау. Отын-энергетика кешені.

Инновациялық саясат және енгізуге бағдарлануы тиіс.-барлау және мониторингілеу әдістерінің-минералдық шикізаттың тапшы және тапшы-оларды алу және қайта өңдеу, сондай - ақ жоғары-сенімді және экологиялық қауіпсіз тасымалдау жүйелері, атап айтқанда: инновациялық қызметті үйлестіру;- инновацияларды, осы саладағы бәсекелестікті дамыту, сақтандыру ; 4) инновациялық тәуекелдердің құқықтық базасын құру инновациялық үдерістерді, әсіресе авторлық құқықтарын инноваторлар мен зияткерлік меншікті қорғау . 5) инновациялық қызметті кадрлық қамтамасыз ету; 6) ғылыми-инновациялық құрылымды қалыптастыру; 7) Инновациялық процестерді институционалдық қамтамасыз ету; қамтамасыз ету; 8) әлеуметтік және инновациялардың экологиялық бағыттарын арттыру; - 10) инновациялық қызметтің өңірлік мәртебесі реттеу; 11) Инновациялық процестерді реттеу;- инновациялық процестердің халықаралық аспектілері.

Инновациялық саясаттың негізгі бағыттары

Сыртқы және ішкі нарықтардағы сұраныс деңгейі- өнеркәсіп салаларының өнімдерінің негізгі өндірістік қорларды. Өз саласында әлемдік деңгейде шыққан салалардың (отын-энергетика кешені, металлургия, химия) тиімділігін арттырып оларды әлемдік деңгейде бекіту керек. Өндіретін басқа да салаларды, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнімдерді (машина жасау және қорғаныс кешені) мемлекеттік қолдау қажет. Үлкен назар талап ететін негізінен ішкі салаға бағдарланған салалар тобы (тамақ және жеңіл өнеркәсіп, өнеркәсіп стро- ық материалдар) ауқымдылығы бойынша ерекшеленеді және одан әрі жетілдіру үшін қажетті ресурстар көлемін іске асыру негізінде өндірістік және техникалық жетістіктерін бағалау.

Отын-энергетика кешені. Инновациялық саясат және енгізуге бағдарлануы тиіс.

- барлау және мониторингілеу әдістері

- минералдық шикізаттың тапшылығын және оларды алу және қайта өңдеу, сондай - ақ жоғары экологиялық қауіпсіз тасымалдау жүйелері, атап айтқанда:

мұнай-газ кешенінде- тиімділікті арттыруға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, кен орындарында күрделі қоры бар және суланған аймақтардағы мұнайдың қалдық қорларымен отынын ала отырып, газ бен конденсатты қайта өңдеу және химиялық өнімдерді өндіруге, сондай-ақ, экологиялық қауіпсіз және төмен қуатты тасымалдау ;

мұнай өңдеу өнеркәсібінде - есебінен моторлы және реактивті отын өндіру, мұнайды терең өңдеу, мұнайды жоғары октанды және биологиялық экологиясын арттыруға қауіпсіздік және энергия сыйымдылығын азайту;

көмір өнеркәсібінде-тұтыну негізінде көмір өнімін- терең өңдеу, байыту және көмірді брикетирлеу, сукөмір суспензиясын порттау, сақтау және жағу, көмірді өңдеудің ашық тәсілінің тиімділігін арттыру, жарылыс технологиясын қолдану базасында кен орындарын, сондай-ақ, шағын бизнестің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға- кешендерді автоматтандыру базасында және мамандандырылған микропроцессорлық бақылау желілері.

Электр энергетикасы. Инновациялық саясат болуы тиіс скон- бу-газ қондырғыларын, құру мен пайдалануда орталықтанған немесе газтурбиналық қондырмалар, газ тәрізді отындағы станциялар мен тиімділігі жоғары паростар- жағудың жаңа технологияларын қолдана отырып, электр станциялары үшін қатты отынмен, экономикалық тиімді шағын және дәстүрлі емес энергетика, сондай-ақ АЭС қалдықтарын көму, экологиялық таза жоғары сапалы энергия сияқты төменгі сортты отын әзірлеу, экономикалық тұрғыдан тиімді жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия- және электр энергиясын берудің тиімділігін арттыру.

Көлік кешені. Инновациялық саясат болуы тиіс көлік құралдары, жаңартуға бағытталған- инфрақұрылымын құру, прогрессивті технологияларды қолдану- көліктің барлық түрлерінің техникалық деңгейін арттыру. Бұл 40 темір жол жылжымалы құрамын жаңарту, теңіз және әуе кемелерін, автокөлік құралдарын, - қайта тиеу кешендерін, жол машиналары мен жабдықтарын,- вигаационных жүйелер.

Металлургиялық кешен. Бағдарлар құру болып табылады, технологиялық циклдарын- барлық кезеңдерде ең жоғары ресурс және энергия үнемдеуді, сортаментті кеңейту және металл прокатының сапасын арттыру.

Химия және мұнай-химия өнеркәсібі. Технологтар- материалдар мен энергия үнемдеуші синтетикалық және кең спектрін өндіру технологиясы,

позициялық материалдар, оның ішінде жаңа әдіс, экологиялық таза тыңайтқыш және ресурс- авто базасындағы шағын топ. Химиялық өндіріс-модульдік жүйелерді құру. Машина жасау кешені. Кәсіпорындар болуы тиіс жалпы учаскені технологиялық қайта жарақтандыруға бағытталған, процестерді автоматтандыру есебінен машина жасау өнімдерін жобалау және дайындау, прогрессивті әдістерін қолдану және бөлшектер мен метал беттерінің сапасын арттыру, құрастыру процестерін механикаландыру және автоматтандыру, бақылау мен диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістерін дамыту- мен тораптарды дайындау және пайдалану процесінде пайдаланады. Инновациялық бағдарламаның басымдықтары нақтыланады және қалыптастырылады. Экономиканың басқа да салаларында: аспап жасау, электр- роника, информатика және есептеу техникасы, Электр техникасына байланыс жеңіл және тамақ өнеркәсібі, Ауыл шаруашылығы, медициналық техника, фармакология және т. б. инновациялық қызметтің экологиялық басымдықтары көп салалар жоқ. Инновациялық саясатты іске асыру үшін- инновациялық технологияларды қайтарымды қаржыландыру жүйесі есебінен орындалатын жобалар мен қолданбалы әзірлемелер конкурстық негізде федералдық бюджет. Шекара жағдайында- инновацияларды бюджеттік қаржыландыру қосымша қаржы тарту қажеттілігі артады (ұйымдардың меншікті қаражаты, жеке инвестициялар)- бюджеттен тыс қорлар қаражаты, халықаралық қарыз қаражаты- кредиттік- қаржылық ұйымдар.

Стратегиялық және жобалық кәсіпорындағы басқарудың басты саласының бірі кәсіпорын басшысының жобаға жауапкершілігі мен ұзақ мерзімді перспективадағы бәсекеге қабілеттілігіне мүмкіндік береді. Дұрыс әзірленген стратегия үш қағидатқа жауап беруге мүмкіндік береді, маңызды сұрақ: "біз кіміз?", "біз не қалаймыз?", " қойылған мақсаттарға қалай қол жеткіземіз?". Классикалық қойылымда бет өңдеу- тегі болашақ кәсіпорынның көзқарасын қалыптастырудан басталады, миссияны және ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтау. Әдетте, негізінде кәсіпорынның негізгі персоналының команда жиынтығын білдіреді, кешенді даму бағдарламасы- қызметтің жекелеген бағыттарын дамыту бойынша әрбір бағдарламаларда - бұл жеке жобалар жиынтығы. Байланысты жобалар кәсіпорынның техникалық және технологиялық дамуы - жағдайлар инновациялық болып табылады.

1-ші қағида. Зерттеулер мен әзірлемелерге инвестиция-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға қол жеткізу керек. Баға, сапа немесе басқа да маңызды ерекшеліктер, бойынша артықшылықтар өнімдер мен қызметтер. Өндірістік процестерді жаңғырту және шығарылатын өнім- бұл ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылығы. Инвестиция басымдықтарын белгілей отырып- алайда, кейбіреулері туралы есте сақтау керек технологияларды сатып алуға, лицензия бойынша алуға немесе көшіруге болады, бірақ дамуында қол жеткізу керек

2-ші қағидат. Барлық өнертабыстар пайда әкелмейді. Ерте жүзде- болашақ пайданы анықтау өте қиын, кейбір идеяларды олардың болашағына қамқорлық жасамай дамыту керек. Бірақ өнертабысқа жұмыс істеу процесі соңына жақынырақ, техникалық елден бас тарту қажет- және ол шығындарды төмендеті алады ма немесе өнімнің тұтынушылық қасиеттерін арттыру.

3-қағидат. Барлық табысты инновациялар нарыққа қызмет етпейді. Кейде айтуға қиын қолданылуын және құндылықтар мүлдем жаңа базарда "іріктеуден" өтпеген дүкендерді сатып алу. Болашақ болжамдары жаңа тауарлар мен қызметтерге сұраныс қате. Мұндай жағдайларда нарықты талдау топтарды іздеуге бағытталуы тиіс, жаңа өнімнің алғашқы тұтынушылары. Егер жаңа тауар үшін он болашақ тұтынушыларды табу қиын болса, онда ол - пайдасыз.

4-қағидат. Құнды жаңалық әрдайым пайда әкелмейді. Мысалы, компания сканер Годфри Хаунсфилд өнертапқышы ЕМІ сканердің өнертабысы үшін Нобель сыйлығына ие болды, дегенмен, оның құралы тек ми сканерлеу үшін жарамды болды. Технология ойлап болған кезде ғана таралды- тек бүкіл денені сканерлеу үшін жарамды құрал.

5-ші қағидат. Жаңа өнімді немесе қызметті сәтті айналдыру фирманың танымалдығы мен нарықтың зерттелуі көмектеседі.

6-қағидат. Инновациялардан пайда алуға ықпал етеді, оның меншік құқығымен қорғалуы, күшті және серпінді зерттеу және әзірлеу қызметі, технологиялық күрделі дәрежесі- және кәсіпорынның қосымша мүмкіндіктері. Жеке құқығы- патент нысанын әрдайым қабылдамайды. Анықталмаған білім және ұйымдастыру мүмкіндіктері кейде кем түспей қорғалады, жас патенттік.

7-қағидат. Зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелері әрқашан түсініксіз. Инвестициялар туралы мәселені шеше отырып, табыс және мүмкін пайда мөлшері:

- егер табыс және өткізу перспективалары жоғары болса, онда жоба бойынша жұмыс істеу мәні;
- жоғары табыс ықтималдығы бар, бірақ аз жобалар- шығындарды өтемеген жағдайда, өтімділік пективтерімен іске асыру керек;
- табысқа жету мүмкіндігі аз және болашағы аз жобалар- сіз ақтауды тоқтату керек;
- егер сату әлеуеті жоғары болса, жобаның табысқа жету мүмкіндігі аз, онда бұл сәттілік немесе кездейсоқ сәттілік есебі, үшін кезінде- шешім қабылдау үшін қосымша талдау қажет.

Инновациялық жобалар портфелін таңдай отырып, салмақты шешімдер орнату қажет арасындағы баланс және ықтимал ұтыспен, сондай-ақ қолданыстағы өнімдер мен қызметтерді жасау және жаңаларын жасау. Тұнба- жаңа тауарлар әдетте ең жоғары табыс әкеледі, ал бұл

тауарлардың имитациясы - өзін-өзі ұстағанға қарағанда анағұрлым қауіпті іс. Жаңа өнімді дайындау міндетті түрде бәсекелестікке тап болады. Іске асырылуына қарай кәсіпорынның стратегиялық даму жоспары-инновациялық жобалар портфелін талдауды қайталау. Басқару- даму процесі ішінара тұрақты болып табылады Стратегиялық жоспарлау тұрғысынан даму басымдықтарын қайта қарау мақсатталған фирмалар.

Бақылау сұрақтары:

1. Инновациялық саясаттың негізгі бағыттары
2. Мемлекеттік инновациялық саясат қағидаттары
3. Мемлекеттің инновацияның саясатының мазмұны
4. Инновациялық саладағы мемлекеттік органдардың функциялары
5. Мемлекеттік инновациялық саясаттың міндеттері
6. Мемлекеттік инновацияларды қолдау бағыттары
7. Инновациялық дамудың басым бағыттары:
8. Мемлекеттік реттеудің инновациялық қызметтегі халықаралық байланыстар нысандары қандай
9. Мемлекеттік инновациялық саясат түсінігі
10. Инновациялық реттеудің ағымдағы мемлекеттік саясаты негізгі нысандары қандай

7. Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу

7.1 Инновациялық қызметті реттеудегі құқықтық, нормативтік актілер

Әлемдегі экономикалық шапшаң өсуі - инновациялық нарықтың үдеріс әсері. Қазіргі уақытта үлкен ,кіші мемлекеттердің барлығы дерлік, негізінен инновацияның ұлттық, аймақтық және трансұлттық күрделі жүйесінде, жылдам дамыған жаңа технологиялармен жұмыс істеуде. Нарықтық бәсеке жағдайында, қолданыстағы барлық жоғары технологиялар дамыған елдердің монополиялық үстемдігінде , ал дамушы елдер тек шикізат беруші ретінде ғана қалып отыр. " Үлкен Сегіздік " G8 елдері жоғары технология өндірісінің 90% -на және әлемдік табыстың 83% -на ие.

Қазіргі уақытта ғылымды көп қажет ететін өнімдер барлық дамыған елдердің негізгі бюджетін толықтыру көздері мен айқындаушы факторлары болып есептеледі. Жобалық жұмыстар мен ғылымға деген шығын ЖІӨ - мен салыстырғанда АҚШ, Германия, Жапонияда соңғы бірнеше жылда шамамен 3% - ды құрады, ал Ұлыбританияда 2% - дан асып кетті.

Сонымен, XX ғасырдың аяғында Солтүстік пен Оңтүстік арасында үлкен технологиялық алшақтық байқалады, бұл бүкіл әлем елдерін технологиялық жағынан үш топқа бөлінеді: 1) инновация әзірлеуші жаңалықшыл (новаторлар) - елдер; 2) инновацияны өз мүддесіне пайдаланатын елдер; 3) технологиялық прогрестер мен инновациялық үдерістерден тыс қалған елдер.

Әлемдегі шаруашылық байланыс жүйесінде дамыған индустриалды елдермен салыстырғанда, бұрынғы кеңес үкіметі кеңістігіндегі елдер орташа дамыған және төмен дамыған елдердің қатарына жатқызылады. Қазақстан, бүгінгі таңда отын- энергетика ресурстары жетіп артылатын, тау-кен металлургия және ауылшаруашылық өнімдері нашар дамыған, технологиясы қалып қойған кәсіпорыны бар, оның өндеу деңгейі төмен, негізінде әлемдік нарыққа тек шикізат ресурстарын экспорттай алатын ел деп саналады.

Металл өндірісі мен мұнай өндіруден басқа салаларда жабдықтардың тозығы әбден жеткен, соңғы 3 жылда олар 45% -дан 62%-ға өсіп отыр. Өндірістік кәсіпорындардағы тозығы жеткен машинаның, жабдықтың және көліктің үлес салмағы 12% -ға жетіп отыр. Металлургия, машинажасау, энергетика, ауыл шаруашылығы сияқты маңызды салалардың негізгі қорлары толығымен өз мүмкіндігін өтеп шықты, енді жаңартуды қажет етіп отыр. Ішкі және сыртқы нарықтарға бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін, экономиканың технологиялық деңгейін көтеру, отандық өндірісті дамыту қажет.

Қазіргі экономикалық жағдайда әлемдік қауымдастықтың дамудың жаңа сапалы сатысына көшуі - инновациялық және инвестициялық үдерістердің белсенділігінің артуымен байланысты. Еркін бәсекелестік механизмі дамыған нарық жағдайында ұсыныс пен сұраныс мәселелерін шешуде. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде белгілі ғылыми- инновациялық саладағы көптеген индустриалды елдердегі нарықтық қатынастарға мемлекеттің араласуын көріп отырмыз.

Инновациялар негізінде Қазақстандық дамудың жаңа формалары мен әдістерін табу қажеттілігі туындап отыр. Бәсекеге қабілеттіктің артуы инновациялық үрдістердің белсенділігінің артуымен тығыз байланысты. Өндіріске жаңа технологиялардың ендірілуі, оның ішінде ресурстарды үнемдейтін және ішкі және сыртқы нарықтарда шетелдік аналогтармен табысты бәсекелесе алатын үздік тұтынушылық қасиеттері бар инновациялық өнімдердің шығарылуын көбейту және ұлғайту болып табылады.

Жапонияның "Sony" фирмасының президенті Акио Морито ұлттық инновациялық жүйе мен қоғамның ұлттық инновациялық қабілетін, ұлттық инновациялық менталитетін қалыптастырудың маңыздылығына тоқтала келіп былай дейді: " Жапонияның экономикалық қуаттылығының арту себебі шетелдің маңызды зерттеу нәтижелерін сатып алып

отырғандығында емес. Оған Жапония үлкен нәтижелерге негізделген өнімді шығару жолын табу арқылы жетіп отыр. Америкада технологияларға деген тапшылық жоқ. Алайда, онда осы технологияларды коммерциялық тұрғыда қолдануға бағытталған шығармашылық белсенділіктің төмендігі байқалады. Менің ойымша, бұл - Америкадағы ел ірі мәселе. Ал Жапониядағы шығармашылық белсенділік - оның ең мықты жағы".

Бұл мемлекеттің экономикалық басымдылығы формуласының нәтижесі- негізгі білімнің, патенттер мен технологиялардың коммерциялық өнімге айналуының көрсеткіші. Мұның барлығын адамдардың инновациялық қызметі мен жоғары шығармашылық белсенділігі қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыдан келгенде, бай мемлекет дегеніміз- дамыған инновациялық жүйесінің жоғары сапасын қамтамасыз еткен мемлекет, яғни ұлттық инновациялық қабілет деңгейі жоғары ел, ұлттық инновациялық қабілет деңгейі жоғары ел, ұлттық инновациялық менталитетті қалыптастырған мемлекет деген сөз.

Технологиялық жағынан дамыған елдерде ғылыми жаңалықтар жүйесінде университеттер маңызды рөл атқарады. Өйткені, олардың басты қызметі мамандарды дайындауға ғана емес, негізін қолданбалы зерттеулерді жүргізуге бағытталған ғылыми кешендер құрайды.

Инновациялық дамудың әлемдік тәжірибесіне қарасақ, бұл мемлекеттердің қол жеткізген табыстары ғылым мен техника жетістіктерінде жатқанын көреміз. АҚШ пен Ұлыбритания жалпы ұлттық қаржының 11-12%-ын ғылымның дамуына бөледі. Ал Франция мен Жапонияда бұл көрсеткіш 15-16%-ды құрайды. Сондықтан АҚШ, Германия, Жапония мен Ұлыбританияның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары әлемдегі аса ірі ғылыми орталықтар болып есептеледі.

Инновациялық қызметтерді реттеу мақсатында мемлекет инновациялық қызметке тікелей және жанама қолдау көрсете алады. Инновациялық қызметке тікелей мемлекеттік реттеу ғылым мен техниканың дамуының негізгі бағыттарын таңдау, мемлекеттік бюджеттен жобаларды мақсатты қаржыландыру, инновациялық қызмет инфрақұрылымын қалыптастыру және т.с.с. негізінде жүзеге асады.

Ал инновациялық қызметті жаңама реттеуге фискалдық әдістерді қолдану(жеңілдікті салық салу, жылдамдатылған амортизация, жеке нарықтар мен салаларды реттеу), интеллектуалдық меншікті құру және қорғау саласында нормативті құқықтық реттеу, ғылыми білімді коммерциализациялауға қатысушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау жатады.

Өндірістік қатынастардың негізгі субъектісі-мемлекет болып отыр. Бұл мәселе мемлекеттің тиімді әлеуметтік-экономикалық жүйені қалыптастыруда белгілі рөлге ие болуында ғана емес, елді жаңа

инновациялық деңгейге көтеруде, әсіресе өндірістік салада бір талпыныс күшін құру керек. Бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді қаржылық шығындар, яғни осы үдерісті ұйымдастырумен байланысты үлкен қызмет. Осыған орай инновациялық үдеріске тиімді әсер ету үшін мемлекет қандай іс-қимыл жасау керек екенін анықтап алу керек.

Эволюциялық даму жағдайында ұлттық деңгейле инновациялық жүйенің қалыптасуының негізгі субъектісі-жеке бизнес болып табылады. Сондықтан да, инновациялық кәсіпкерлікті қалыптастыруға мемлекеттің белсенді қатысуы заңды құбылыс деп түсіну керек.

Мемлекет қызметінің маңыздылығы жаңа өнімді ойлап табу, оны жасау және бірыңғай инновациялық тізбек қалыптастыру. Инновациялық өнімді жылжытудың бірыңғай технологиялық тізбегін қалыптастыру керек себебі, бірыңғай жүйесіз инновациялық үдеріс субъектілерінің қызметі нақты нәтидеге жете алмайды.

Қазіргі таңда мемлекет инновациялық үдерістердің координаторы, ынталандырушы ролін атқарып жатқанда, ғылыми-технологиялық саясаттың негізгі міндеттері мынадай:

- ғылыми - техникалық және инновациялық саланы заңды шаралар негізінде қорғау ,қолдау;

- өнеркәсіп пен ғылым арасындағы байланысты күшейту, инновацияларды өнеркәсіпке енгізуді жылдамдату;

- ғылыми-технологиялық даму бағытын реттеу, келешекте, стратегиялық салалардың дамуына жағдай жасау;

- ғылыми-технологиялық зеттеулерге, инновациялық үрдістерге мемлекет тарапынан қаржыландыру жолдары мен формаларын ұйымдастыру, инвестициялар бағыттауды қолдау, ынталандыру;

- ғылым саласындағы білім беру, мамандандыру мәселелерін шешу , жоғары оқу орындарын, ғылыми институттарды, лабораторияларды қолдау;

- мемлекеттік экономика инновациялар диффузиясы мен технологиялар трансфертін күшейту, отандық өнім өндірісін шетелдік бәсекелестерден қорғау.

- Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттің араласуынсыз инновациялық дамудың күткен нәтижелеріне жету қиын, сондықтан инновациялық және инвестициялық саясатты өңдеу мен жүзеге асыру мемлекеттік реттеудің объектілері болып қала беруі керек. Мемлекеттік реттеудің құралдары мен нарықтық механизм арқылы жүзеге асатын құрылымды саясат экономиканың құрылымды салаларының барлық элементтерінің өзара байланысын қамтамасыз етеді.

7.2 Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері

Мемлекеттің инновациялық саясаты жаңа өнім және технологияны өндіруге және осы негізде отандық тауарларды нарыққа өткізуді кеңейтуде мемлекеттің ықпалымен бағытталған, әдістер мен бағыттардың жиынтығын көрсетеді. Жеке сектордың рөлі өз зерттеулерінің негізінде инновацияны нарыққа өңдеу мен өткізуде, сонымен қатар отандық және шетелдік технологияларды тартуда көрінеді. Мемлекеттің рөлі сапалы берік білімді алуға, инновациялық инфрақұрылымды құру, стратегиялық мінездегі технологиялық кешенді құрастыру және инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін институционалдық қолайлы шарттар жасауға көмектесуді білдіреді.

Инновациялық саясаттың негізгі қағидаларын қалыптастыруда, қоғамның әлеуметтік-экономикалық мақсаттары есепке алынады. Мұнда қысқа, ұзақ, орта мерзімдік ішкі заңдылықтарға негізделген ғылым мен техниканың дамуы, халық шаруашылығы мен есеп жүргізудің бірлігін анықтайды.

Инновациялық саясатты іске асыруда өнеркәсіппен кәсіпорындар көбінесе экономикалық өркениетке ұмтылуға тырысады. Жалпы мемлекетте жүргізілетін ғылыми-техникалық саясатты қалыптастырудың негізгі қағидалары төмендегідей:

- Орта және шағын бизнес субъектілерін инновациялық қызметке тарту, олардың қаржылық-несиелік салада толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуін талап ету;
- Инновациялық саясатты дамытуға халықаралық серіктестіктерді тарту және ұлттық мүддені, интеллектуалдық әлеуетті қорғау;
- Инновациялық саясаттың экономикалық-әлеуметтік бағытын жеке-дара қарастыру;
- Әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық дамудың жаңа бағыттарын тандап алу;
- Ғылым мен техниканың басым бағыттарын іске асыру үшін ресурстарды бір жерге топтастыру;
- Ғылым-өндіріс-тұтынушы жүйесіндегі халықаралық еңбек бөлісінің объективті үдерістерін көрсету үшін, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтар мен топтарға мүше болу;
- Осы жүйені қолданысқа енгізіп, қалыптастыру үшін қажетті орталықтың болуы.

Мемлекеттің ғылыми-техникалық саясаты – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының қосымша бөлігі. Оның негізгі бағыттарының бірі-мемлекеттің ғылыми техникалық және инновациялық дамуының, бағытын анықтап, ұзақ мерзімді бағыт-бағдар жасап, оны іске асырудың тиімді механизмдері мен жолдарын тағайындау.

Экономикалық дамыған елдерде мемлекет инновациялық қызметтің дамуына қажетті экономикалық, қарылық, ұйымдастырушылық және нормативтік-құқықтық жағдайларды жасау арқылы ынталандырады (7.1 – кесте).

7.1 – кесте. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін реттеу әдістері

Реттеу әдісі	Сипаттамасы
Техника-технологиялық	Жаңа техника және технологияны, технологиялық инновацияларды жасап шығару және жетілдіру, ұйымдық технологиялық құрылымды қалыптастыру
Экономикалық	Салықтық жеңілдіктер, банктік және мемлекеттік кепілдіктер, табыстылық нормасы, инвестициялық жеңілдіктер, мемлекеттік инвестициялар, кедендік жеңілдіктер, жеделдетілген амортизация және т.б.
Ұйымдастырушылық	Бірлескен кәсіпорын құруға қатысу, кәсіпорынды қайта құру, орта және шағын бизнесті дамыту және т.б.
Нормативтік-құқықтық	Шаруашылық субъектілерінің қызметін реттейтін ережелерді бекіту (заңдар және актілер), экономикалық орталықтандыруды бақылау.

Инновациялық саясат орындалудың екі деңгейін болжайды: мемлекеттік және жеке кәсіпкерлік. Бұлар арқылы ғылыми зерттеулерді жүргізуге және оларды өндіріс нәтижесіне енгізуге қажет қаржылық, еңбектік және материалдық ресурстар шоғырланады. Олардың компромисінің жиынтығына мемлекеттің инновациялық стратегиясы, ұйымдық, қаржылық-экономикалық, құқықтық механизмдердің құрылуы жатады.

Ғылыми зерттеулер мен өңдеулерді қолдау мақсатында инновациялық үдерістерді ұйымдық түрде басқару мен дамуына мемлекеттің қатысуы ХХ ғасырдың ортасында қалыптасты, ал екінші жартысында инновациялық үдеріс дербес бағыт ретінде өнделе бастады, ал жүзжылдықтың соңында ұлттық инновациялық жүйелердің концепциялары қалыптаса бастады.

Ғылыми және техникалық зерттеулерді ынталандыру және олардың нәтежиелерін пайдалану мақсатында дербес және тұтас ғылыми саясатты

өндеу идеялары бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-та алғашқы рет құрылды. Еуропа елдерінде бұл үдеріс 10-15 жылға кешірек пайда болды. Алғашында құрастырушы экономикалық саясат ретінде жұмыс істеген ғылыми-техникалық саясат қазіргі уақытта ұлттық саясаттың дербес бағдары болып қалыптасты.

Инновацияларды әр түрлі деңгейде басқарудың көптеген түрлері бар. Басқа саясаттар секілді ол барлық елде бірдей емес, алайда бәріне бірдей мақсатқа бағынады: инновациялық белсенділікті ынталандыру мен ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту.

Әр түрлі дәуірлер мен әр түрлі елдерде бөлек немесе біріккен күйінде мемлекеттің мінез-құлықтары жайлы бірнеше үлгілері бар. Осы немесе басқа саясаттың бөлек элементтерін қалау немесе таңдау нұсқасы негізінде белгілі бір стратегиялық мақсаттармен байланысты қоғамдық дамудың қайсыбір моделі берілген.

Ғылымда озаттылыққа ұмтылған елдер қолданатын модельдің мәні ғылыми-өндіріс цикл сатыларының барлығын қамтитын ірі масштабты мақсаттық жобаларды орындау болып табылады. Ол мыналардан тұрады: бюджет есебінен алынған ғылыми зерттеулердің барлық нәтижелері өндірістік құралдарды инвестициялау немесе жаңа жұмыс орындарын құру міндетінде, әрбір отандық өндірушіге тегін немесе арзан бағада беріледі. Бұл саясат ғылым мен техниканың нақ өзі жаңашаланудың негізгі тетігі болып табылады дегеннен шығады және олардың дамуына ең алдымен мемлекет жауап береді. Мұндай нұсқада әр түрлі мемлекеттік бағдарламаларды, ірі ақша жұмсауларды және басқа да мемлекеттік қатысуларды өндеуге қол жеткізе аламыз. Мұндай саясат шамамен 40-50 жылдары пайда болған.

Бұл елдерде орталықтан реттейтін инновациялық қызмет түрлері жоқ, бірақ координациялық механизм және құқықтық шаралар жүйесі дамыған. Бұл жүйе жеке кәсіпкерлікке қатысты ресурстарды әлеуетті пайдалануға және де мемлекеттік бюджетті реттеуге бағытталған.

Әдетте мұндай инновациялық стратегия түрін «көшбасшы» немесе «өсіруші» деп те атайды. Барлық озық жоғарғы технологиялық салада өзіндік бастапқы зерттеулер нәтижесінде пайда болады.

«Имитациялық модель» немесе «уақытша алу моделі» Жапонияда, Оңтүстік Кореяда қолданылған, дамыған елдерде шығарылған инновацияны уақытша алуға негізделген. Бұл стратегия арқылы, инновацияны шығарудағы бастапқы үдерістерді ескермей, дайын инновацияны әрі қарай дамытуға болады.

Келесі стратегияның түрі «тасымалдау» деп аталады. Бұл стратегия Оңтүстік Шығыс Азияның кейбір елдерінде және де Қытайда қолданылады. Стратегияның ерекшелігі – өте қарапайымдылығы мен ғылыми техникалық зерттеулерді қажет етпейтінде.

Белгілі бір мемлекет бұрыннан танымал, дайын өнімді, ешбір өзгеріссіз сатып алып, қолданады.

Жалпы инновациялық стратегияны дұрыс қолдану арқылы, экономикалық жетістіктерге жеткен мемлекет ретінде - Жапонияны айтуға болады. Жапонияның технологиялық саясаты, әрқашанда экономикалық өсуге негізделген. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Жапонияның бірден-бір мақсаты бұзылған экономикасын қалыпқа келтіру еді. Бұл мақсат, іріктелген несиелік саясат негізінде, ең жаңа технологияларды сатып алып, қайта өрлеуді жүзеге асыруға бағытталды. Шетелдік технологияларды сатып алуда, соңғы 30 жыл ішінде Жапония 10 млрд. долларға шығындалды.

Барлық лицензиялар сомасы 42 мыңға жуықтады және де жартысынан көбі АҚШ-тан алынған. Белсенді импорттық ғылыми техникалық білім арқылы Жапония тез арада дамыған елдер қатарына қосылды. Осы кезде белсенді рөл атқарған мемлекет болды. Мемлекеттің араласуы арқылы, ірі фирмалардың ғылыми техникалық дамуы, кішігірім фирмаларға да жағымды әсерін тигізді.

Жапонияда ұлттық ғылыми техникалық саясатты жүзеге асырып, қадағалап отыратын үш негізгі ұйым бар.

- Білім министрлігі.
- Ғылым және технология агенттігі.
- Ғылыми зерттеулерге қолдау көрсететін сыртқы сауда және өндіріс министрлігі.

Жапонияның басқа елдерден айырмашылығы ядролық энергетика және ғарыштық зерттеулерге көп көңіл бөлінуінде.

Осы секторларды дамытуда мемлекеттік қолдау жақсы көрсетілген.

Жапония инновациялық дамуды мемлекеттік қолдауда, дәстүрлі әдісті қолданбайды, көбіне Жапондық мемлекеттік органдар, арнайы әдістерді қолданады:

- Қаржылық ресурстарды мақсатты ұйымдастыру.
- Соңғы технологияларды пайдалануда, кәсіпорындарға ықпал ету.
- Шетелдік ғылыми техникалық алмасуларды бақылау.

Мемлекет инновациялық үдерістерді реттеуді, тікелей және жанама түрде жүргізеді.

Инновацияны тікелей мемлекеттік реттеуде ең бастысы, мемлекеттік бюджет қолданылады.

- Іс жүзінде ғылыми зерттеулер мен инновациялық үдерістерді мемлекеттік қолданудың негізгі кең тараған үш түрлі әдісі бар: ғылыми зерттеулерге мемлекеттің тікелей қатысуы. Мемлекеттік бюджетпен қаржыландырылатын ірі зертханалар қалыптастыру, нәтижелерін ақысыз түрде көпшілікке ұсыну. Әдетте, бұл зертханалар қорғаныс, энергетика, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы мәселелерін шешумен айналысады.

- Қайтарымсыз негізде субсидиялар бөлу. Мемлекеттік емес зертханаларда іске асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді. Негізгі қолданылатын шарт-зерттеулер үдерісінің барысы бойынша толық есеп беру, алынған нәтижелерді ашық түрде жариялау.

- Ғылыми-техникалық зерттеулер мен тәжірибелерге инвестиция бөлген жеке бизнеске салық жеңілдіктерін ұсыну.

Алғашқы екі қаржыландыру әдістері- ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер үдерісіне мемлекеттің тікелей қатысуына және қайтарымсыз негізінде субсидиялар ұсынуға, мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруына тікелей негізделген. Мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану – ғылыми-техникалық саясатты іске асырудың негізгі қаржы құралы.

Бюджет арқылы университеттердегі білім беру, мемлекеттік зертханалардағы стратегиялық мақсаттарға зерттеулер мен тәжірибелер және келісімшарт бойынша мемлекеттік емес сектордағы инновациялық үдерістер қаржыландырылады.

Бұл қаржыландыру түрлері мемлекеттік тапсырма негізінде іске асырылады. Бұл үдеріс заң органдарының, басқару аппараттарының, министрліктер мен агенттіктер қызметшілерінің қатысуымен жүргізіледі. Ғылыми-техникалық жұмыстарға мемлекеттік тапсырмаларды тағайындаудың негізгі құралы-келісімшарттар мен жобалар.

Әр мемлекет экономикалық, географиялық, ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып осы қаржыландыру түрлерін, олардың жиынтығын пайдаланады.

Тікелей мемлекеттік қолдаудың екінші түрі: инновациялық үдерістерді құқықтық реттеу, яғни инновациялық қызметті заңға сәйкес жүргізу, құқықтарын сақтау, интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғау.

Инновациялық инфрақұрылымды құру мақсатында, мемлекет инновациялық үдерістерді дамытуға қолдау көрсетеді, яғни инновацияның таралу орталықтарын құру, ғылыми технологиялық парктер, бизнес инкубаторлар, әр түрі инновациялық қорлар құру.

Әлемдік тәжірибеде инновациялық үдерістерге тек тікелей әсері ғана емес, сонымен қатар көптеген жанама әсерлері де бар. Олар мемлекеттің салықтық, несиелік, кедендік, амортизациялық саясаты арқылы жүзеге асырылады.

Жанама инновациялық саясаттың ең көп тараған түрі: салықтық және амортизациялық заңнамалары либерализациялау. Оның тиімділігі көптеген алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибелерінен көрінеді.

Бұл елдерде жанама инновациялық саясатты мемлекеттік реттеу, салық, несие жеңілдіктері, амортизацияны тездету және де инновациялық жеңілдіктер арқылы, ауқымды түрде қолданылады. Ескеретін бір жайт, барлық көрсетілетін мемлекеттік қолдау түрлері инновациялық үдерістерді

тек дамытып қана қоймай, сонымен қатар инвестициялық салымдарды көбейтуге де бағытталған.

Салықтық реттеу мемлекеттік қолдаудың формасы ретінде жақын арада көрініс тапты. Бірақ оған қарамастан жиі қолданылады. Бұндай қолдау көбіне дамыған елдерде қолданылады, себебі келесідей артықшылықтарға ие:

➤ Жеке сектордың автономдығын және де зерттеу жұмыстарының экономикалық жауапкершілігін сақтайды.

➤ Биліктің барлық деңгейіндегі бюрократиялық жұмыстардың аз болуын талап етеді.

Жеңілдетілген түрдегі салық салу, салық салу базасын азайту, яғни өзіндік құн арқылы жүзеге асырылады.

Әлемдік тәжірибеде инновациялық қызметті жүзеге асыруда салықтық жеңілдіктердің келесідей түрлері бар:

❖ Өнімнің өзіндік құнына инновациялық үдеріске кететін шығындарды қосу;

❖ Инвестициялық және зерттеушілік несиелер беру, яғни салық салудан түскен қаржының белгілі бір мөлшерін инновациялық зерттеулерге жұмсау.

❖ Салықтық демалыстар инновациялық жобаларды жүргізудегі бірнеше жылдық салықтық демалыстар.

❖ Әр түрлі кәсіпорындарда зерттеушілік шығындар көлемін әрдайым қадағалау мақсатында салықтық жеңілдіктер жүйесін қолдану.

❖ Инновациялық кәсіпорындарда берілетін, жеке және заңды тұлғалардың салық салу жеңілдіктеріндегі дивидендтер.

❖ Ғылыми-зерттеу институттарында және де басқа кәсіпорындардағы құрал-жабдықтарға салынатын салық мөлшерін азайту.

❖ Инновациялық жобаларды қаржылық қолдайтын қайырымдылық қорларға, салықтық түсімдерді жұмсау.

Салық жеңілдіктерінің екі түрі бар:

• Көлемді. Көлемді қағида бойынша жеңілдік шығындарға пропорционалды беріледі;

• Өспелі. Өспелі қағида бойынша жеңілдік сол компанияның зерттеу жұмыстарына жіберген шығындарына байланысты анықталады.

Инновациялық кәсіпорындарда салық салудағы жеңілдіктерді қолданудың негізгі мәні – кәсіпорынның инновациялық қабылдаушылық деңгейіне байланысты пайдаға салықты азайту. Сол деңгей қаншалықты жоғары болса салық жеңілдігі соншалықты көп болады. Бірақ кәсіпорын инновациялық коммерциялану жағдайына жететіне күмән болмауы керек.

Осы екі қағиданың қайсысы тиімді екенін әрине анықтап көрсету қиын. Әр мемлекет ғылым және ғылыми-зерттеу саласында өзінің мүмкіндігіне байланысты керекті қағиданы қолданады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, біздің елімізге тиімді юолатын үдеріс- бюджеттік субсидияларды және салықтық жеңілдіктерді тиімді сәйкестендіру. Осы бағыттарды мемлекеттік қолдау арқылы, мемлекет инновациялық үдерістерді дамытуға жалпы шаруашылық және де әлеуметтік-саяси сияқты тиімді жағдайларды туғызады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, негізгі мәселе – елде бар ресурстарға байланысты негізгі жағдайларға орай басқару.

Инновациялық және инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдаудың тағы бір түрі – амортизациялық саясат. Амортизация нормасын өсіру арқылы кәсіпорындардағы қаржылық жағдайды көтеру, осыған байланысты техникалық базаны жаңартуға ұмтылысты көтермелеу.

Инновациялық саясаттың басты ерекшелігі – оның әрдайым мемлекет назарында болуы. Қызықтысы, ғылым мен техника нарық жағдайында басқа салалар сияқты өз алдына дербес дами беруге кейде қабілетсіз болып келеді. Алайда ғылым жеке меншік өндіріске жұмыс істеген жағдайда, оның нарықтық сұраныс пен ұсыныс заңдылығы арқылы даму мүмкіндігі жоғары екендігі сөзсіз.

7.3. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау

Отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын ұйымның инновациялық белсенділігін, бәсекеге қабілеттілігін көрсететін көрсеткіштері мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Шығын бойынша;
2. Уақыт бойынша;
3. Жаңаруы бойынша;
4. Құрылымы бойынша.

Шығындық көрсеткіштер:

1) Фирма тауарының ғылыми сыйымдылығының көрсеткішін сипаттайтын ғылыми зерттеулерге кеткен салыстырмалы шығындар;

2) Лицензияларды, патенттерді, ноу-хауды алуға кеткен салыстырмалы шығындар;

3) Инновациялық фирманы сатып алуға кеткен шығындар;

4) Инновациялық қызметтің дамуына арналған қорлардың бар болуы;

Инновациялық үдеріс динамикасын сипаттайтын көрсеткіштер:

1) Инновациялықтың ТАТ көрсеткіші;

2) Жаңа өнім (жаңа технология) идеясын таңдау үдерісінің ұзақтығы;

3) Жаңа өнім өндірісі дайындау ұзақтығы;

4) Жаңа өнім өндірісі циклының ұзақтығы;

Инновациялықты сипаттайтын ТАТ көрсеткіші кеңінен қолданылады, ол ағылшынның «turn around time» («айналып үлгер») сөзінен пайда болған түсінік. Бұл түсінік жаңа өнімге сұранысты немесе қажеттілікті анықтау кезінен бастап инновациялық өнімді көп көлемде

тұтынушыға немесе нарықта жаппай сату көзге дейінгі уақыт деп түсіндіріледі. Мысалы Matsushita компаниясының жаңа түсті теледидарын нарыққа енгізуде ГАТ көрсеткішінің рекордтық мәні тиесілі болды -4,7 ай, бұл дегеніміз инновациялық үдеріс мерзімі не бары 4,7 айды құраған.

Жаңару көрсеткіштері:

1. жаңалық-үдерістерді және жаңалық-өнімдерді енгізу немесе өңдеу саны:

2. өнім портфелінің жаңару динамикасының көрсеткіштері
3. игерілген жаңа технологиялардың (технологиялық жетістік) саны
4. экспортталатын инновациялық өнімнің көлемі;
5. көрсетілетін жаңа қызметтердің көлемі.

Құрылымдық көрсеткіштері:

1. Зерттеушілік, өңдеуші және басқа да ғылыми-техникалық құрылымды бөлімшелердің саны мен құрамы (тәжірибелік және сынақ кешендерін қоса)

2. Жаңа технологияны пайдаланумен және жаңа өнім жасаумен айналысатын біріккен кәсіпорындардың саны мен құрамы.

3. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын қызметкерлердің саны.

4. Шығармашылық ынталы уақытша бригадалар мен топтардың саны мен құрамы.

Бұл көрсеткіштердің бәрі инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін, инновациялық өнімдерді нарыққа енгізу жылдамдығы мен жиілігін анықтау, талдау үдерісі үшін халықаралық тәжірибеде жиі қолданылады. Әр мемлекетте инновациялық даму үдерістерін талдау, оны тежеуші факторларды анықтау үшін бұл көрсеткіштерден басқа да статистикалық көрсеткіштер пайдаланылады.

7.4 Мемлекеттің инновациялық- инвестициялық саясатының ерекшелігі

Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау негізіне келесі принциптер қойылған:

- Жобаны барлық оның өміршеңдік мерзімі бойы (есеп кезеңінің) қарастыру – инвестицияның алдындағы зерттеулерді жүргізуден жобаның тоқтатылуына дейінгі;
- Өнімнің, ресурстардың ақша қаражаттар ағымдарын үлгілеу (модельдеу);
- Алдағы әр уақытылы табыстар мен шығыстарды олардың бастапқы кезеңінің экономикалық өлшемділік жағдайына келтіру;

- Болжамды интегралдық нәтижелер мен шығындарды капиталға қойылатын табыстың нормасына жетуіне бағдарлаумен салыстыру арқылы нәтижені анықтау;

- Ағымдағы (базистегі), болжамды және есеп айырылысу бағаларын қолдану.

Мүмкін болатын қатысушыларды қаржыландыру үшін жобаның әлеуетті тартымдылығын анықтау мақсатымен жобаның тиімділігі тұтас бағаланады. Ол өзіне қосады:

- Жобаның қоғамдық (әлеуметтік-экономикалық) тиімділігін;
- Жобаның коммерциялық тиімділігін.

Қоғамдық тиімділік көрсеткіштері инвестициялық жобаның іске асыратын әлеуметтік-экономикалық салдарын толығымен қоғам үшін ескереді, соның ішінде әрі тікелей жобаның нәтижелерін, әрі «сыртқы» экономиканың шеттес секторындағы шығындар мен нәтижелерді, экологиялық, әлеуметтік және басқа сыртқы экономикалық нәтижелерді.

Коммерциялық тиімділік көрсеткіштері инвестициялық жобаны іске асыратын қатысушы үшін оны орындаудың қаржылық салдарын ескереді, ұсынысында ол жобаны жүзеге асыру барлық керекті шығындарды жүргізеді және барлық оның нәтижелерін пайдаланады.

Жобада қатысушының тиімділігі өзіне кірістіреді:

- Жобада кәсіпорындардың қатысу тиімділігі (кәсіпорындар қатысушылар үшін инвестициялық жобаның тиімділігі);

- Кәсіпорындардың акцияларына инвестициялаудың тиімділігі;

- Кәсіпорындар – инвестициялық жобаның қатысушыларға қатыстығы бойынша тым жоғары деңгейлі құрылымдардың жобадағы қатысу тиімділігі, соның ішінде:

- Аймақтық (жергіліктік) және халық шаруашылық тиімділік (ҚР кейбір аймақтары және халық шаруашылығы үшін);

- Салалық тиімділік (халық шаруашылығының кейбір салалары, қаржылық-өнеркәсіптік қауымдар, кәсіпорын бірлестіктері және холдингілік құрылымдар үшін);

- Инвестициялық жобаның бюджеттік тиімділігі (мемлекеттік жобаға қатысу тиімділігі жағынан бюджеттердің барлық деңгейлерінің шығыстар мен табыстар жөніндегі көзқарасы).

Жоба, әрбіреу қаржылық операция сияқты, яғни табыстарды алумен және (немесе) шығындарды жүргізумен байланысты операция, ақша ағындарын тудырады (нақты ақша ағындарын).

Инвестициялық жобаның ақша ағыны – бұл уақытқа қарай байланысты ақша түсімдері мен төлемдері (кетістері).

Әрбір адымда ақша ағынының мәні сипатталады:

- Осы адымда ақша түсімдеріне тең болатын түсімдермен (немесе ақшалай тұлғаланатын нәтижелермен);
- Осы адымдағы төлемдерге тең болатын кетіспен;
- Түсім және кетіс аралық айырымы тең болатын сальдомен (активті баланспен, нәтижемен).
- Ақша ағыны әдетте (ішінара) ағындардың қызметінің кейбір түрлерінен тұрады: инвестициялық; операциялық; қаржылық.

Ақша ағындарының бірінші екі түрі бастысы болып саналады. Инвестициялық қызметінен ақша ағыны үшін кетіске және түсімге жататындар:

- Кетіске – күрделі жұмсалым, іске қосу – жөндеу жұмыстарына жұмсалатын жұмыстар, жобаның соңындағы жойылу шығындары, айналым капиталына және қосымша қорға салынатын қаражаттардың көбеюіне жұмсалатын шығындар;

- Түсімге – жобаның активтерін сатудан түсетін түсім, айналым капиталдың азаюы арқылы түсетін түсімдер.

- Ақша ағындары үшін операциялық қызметтен кетістер мен түсімдерге жататындар:

- Кетістерге – өндірістік шығындар, салықтар;
- Түсімдерге – өткізуден түсетін, сонымен қатар басқа және өткізуден тыс табыс, соның ішінде қосымша қорға салынатын қаражаттардан түсетін түсімдер.

Ақша ағындары үшін қаржылық қызметтен түсімдер мен кетістерге жататындар:

- Түсімдерге – меншікті (акционерлік) капиталдың салдары және тартылған қаражаттар: демеу қаржылар (субсидиялар) және ақшалай қосымша көмек (дотация), қарыз қаражаттар, соның ішінде кәсіпорынның меншікті борышқорлық бағалы қағаздарын шығару арқылы;

- Кетістерге - займдарды қайтаруына және қызмет көрсетуіне және кәсіпорынның шығарылған қымбат қағаздарына, сонымен бірге кәсіпорынның акциялары бойынша дивиденттері бөлеуіне жұмсалған шығындары.

Қаржы қызметінен болатын ақша ағыны, ереже бойынша, тек жобаға қатысу тиімділігін бағалау кезеңінде ғана ескеріледі.

Ақша ағындары әрбір адымдағы түсімдер мен кетістер қандай бағаларымен тұлғалануына байланысты ағындық, болжамдық және дефлирофтық бағалармен тұлғалануы мүмкін.

Жобада инфляцияның ескерусіз кепілдікке алынған бағаларды ағындық деп аталады. Жалпы инфляцияның базистік индексіне бөлу

арқылы тіркелген уақыт сәтінде бағаның деңгейіне келтірілген олжамды бағаларды дефлирофті болып саналады.

Нақты ақша ағынының концепциясы әрбір адымдағы жоба бойынша түсім мен кетістің нақты ақшалар өлшенісін жорамалдайды. Инвестициялық мерзім шегінде есептің адымы ай, тоқсан, жыл болуы мүмкін.

Есепті адымға бір жылды ала отырып инвестициялық мерзімнің әрбір жылы үшін анықталу керек:

- Өткізуден түсетін түсімдер;
- Өткізуден тыс болатын табыстар;
- Несиелер, демеу қаржылар (субсидиялар);
- Қымбат қағаздар бойынша табыстар;
- Ағымдағы шығындар;
- Салықтар мен аударымдардың барлық түрлері;
- Салықтар мерзімін ұзарту және салық салу бойынша жеңілдіктер;
- Инвестиция салымдарының көлемі;
- Акция бойынша дивиденттерді төлеуге жұмсалатын шығыстар.

Жалпы алғанда есептеулердің әрбір адымдағы түсімдері мен кетістерінің жоба бойынша нақты ақшалар өлшемінің сальдосын (S_t) құрайды:

$$S_t = H_t - Ш_t - K_t,$$

Мұнда H_t - есептің t - адымында жетілетін нәтижелер;

$Ш_t$ - есептің t - адымында жүргізілетін шығындар;

K_t - есептің t - адымында жұмсалатын инвестициялар;

t - есептің адымы.

Инвестициялық барлық кезіндегі динамикалық тізбек түрінде көрсетілген S_t мәні нақты ақшалардың адымы деп аталатынын, немес қолма-қол ақша ағынын қалыптастырады. Осыған сай S_t нақты ақша ағынының мүшесі деп аталады (қолма-қол ақша ағынының мүшесі).

Жалпы алғанда бір жылға тең болатын есептік адым кезде t жылындағы қолма-қол ақша ағынының мүшесі мынадай болып қалыптасады:

$$S_t = T_t - Ш_t - C_t - K_t - Ж_t,$$

Мұнда, T_t - инвестиция кезінің t - жылындағы өнімді өткізуден түсетін түсім, өткізуден тыс және басқа қызметтен түсетін түсімдер, теңге;

$Ш_t$ - өнімді өндіруге және өткізуге жұмсалған ағымдағы шығындар (амортизациялық аударымдарды есепке алмағанда), t - жылындағы өткізуден тыс шығыстары, теңге;

C_t - t - жылында өндіріп алынатын салықтар мен төлемдер (есепке алынбайтын ағымдағы шығындар құрамындағы), теңге;

K_t - жылындағы жобадағы инвестициялар, теңге;

J_t - жылындағы осы инвестициялық жоба бойынша негізгі құрылымдардың жойылу құны, теңге.

Нақты ақша кетістерін есептеу кезінде ағымдағы шығындар құрамында амортизациялық аударымдар ескерілмеуі керек, себебі амортизация- бұл құрылыс кезеңінде инвестиция түрінде жобаға салынған негізгі капиталдың тозу құны.

Амортизациялық аударымдар негізгі құралдардың жай ұдайы өндірістің көзі бола тұрып нақты ақша ағынын көбейте отырып жинақталады. Мүлікке және пайдаға салықтар есебі кезінде амортизациялық шығындар сөзсіз ескерілуі керек. Шетел практикасында :

$$TT = T_t - Ш_t - C_t,$$

мөлшерін таза табыс немесе “нетто” табыс деп аталады (таза деп, себебі табыс барлық салықтарды алып тастаумен анықталады; осыған қарай нақты ақша ағынның мүшесі таза табыс және инвестиция аралық айырымы ретінде көрсетіледі).

Келесі шектегі есептеулерде “таза пайда” және “таза табыс” түсініктерін тепе-тең демеу керек, себебі таза пайданы есептеу кезде өткізуден түсетін түсімнен барлық ағындағы шығындарды және салықтарды шегереді ($П\ таза = T - Ш - C$), ал таза табысты есептеу кезде өнімді өткізуден түсетін көлемнен ағындағы шығындарды (амортизациясыз) шегереді, яғни жалпы жағдайда таза табыс мөлшері амортизациялық шығындар мөлшерінен көбірек.

Нақты практикада нақты ақша түсімі мен кетісі ондаған құрастыруды қалыптастырады, бірақ нақты ақша концепциясын.

7.5. Инновациялық қызметті дамытудағы инфрақұрылым мәселесі

Нақты тәжірибеде кездесетін инфрақұрылым түрлі құрылымдық түрлерін бірнеше түрге біріктіруге болады, олар жауапкершілікті, орындалатын функциялар мен жұмыстар, мамандану мен кооперациялауды бөлудің түрлі варианттарын қарастырады. Инфрақұрылым функционалдық, тематикалық және аралас ұйымдық құрылымдар болады.

Инфрақұрылым функционалдық құрылымы толық мамандандырылған бөлімшелердің жиынтығын құрайды, олардың әрқайсысы өз профилі мен мамандандыруына сәйкес келетін ғылыми зерттеу және ТКЖ нақты бөліктерін орындайды.

Әрбір осындай бөлімше өз құрамында біртекті мамандықтағы қызметкерлерді біріктіреді.

Топтастырудың бастамасын орындалатын функция немесе жұмыс әдісі құрайды. Қарастырылатын құрылым түрі жеткілікті ұқсас, біртекті зерттеулер немесе жобалық-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде жеке қарауыштарға бөлінетін жұмыстар орындалатын кәсіпорындарда кең таралған.

Функционалды құрылым түрінің артықшылықтары:

— қызметкерлер мен құрылғылар мамандануының жоғары дәрежесімен және бірқалыпты жүктелуімен негізделген адамдың және материалдың ресурстарды пайдаланудың жоғары интенсивтілігі;

— ғылым мен техниканың тар саласында білім мен тәжірибені шоғырландыру мүмкіндігі;

— ғылыми-техникалық, патенттік және басқа да ақпаратпен қызмет көрсетудің ыңғайлылығы;

— үйлесімді және стандартты шешімдер мен конструкцияларды кеңінен пайдаланудың мүмкіндігі;

— түрлі жобалар құрамындағы біртекті жұмыстардың бірдей сапа деңгейі;

— жас мамандарды дұрыстап бейімдеу;

— білікті стандарттарды, қарапайым және еңбектің сапасын бақылаудың тиімді әдістерін дайындаудың мүмкіндігі;

Құрылымның функционалды түрінің кемшіліктері:

— мамандандырылған бөлімшелердің көптігінен жоспарлау, бақылау және оперативті реттеу жұмыстарының орындалу барысының күрделілігі;

— қажетті техникалық және жоспарлық құжаттамалардың үлкен көлемі;

— горизонтальды деңгейде түрлі көп келісімдердің қажеттілігі;

— салаларды біріктірудің мүмкінсіздігі және тақырып бойынша жұмыстарды орындаудың күнтізбелік графигінен едәуір ауытқуларға жоғары сезімталдық;

— орындаушылардың кәсіби ықыластарының ортасының тарлығы және бірқалыптығы, олардың творчестволық потенциалының ашылуына мүмкіндіктің жоқтығы.

— инфрақұрылым ұйымдық құрылымның тематикалық түрі бөлімшелердің түрлі профильдегі мамандарды біріктірумен сипатталады. Толық автономия шарттарында жұмыс істейтін тематикалық бөлімшелер жұмыстарды басынан аяғына дейін орындайды. Тематикалық бөлімнің құрамында тақырыпты уақытында және сапалы орындауға қажетті барлық ресурстары бар, және де оның қызметі басқа бөлімшелер қызметіне тәуелді емес. Мұнда тематикалық құрылым соңғы нәтижеге, яғни сыртқы тұтынушыға бағытталған.

Ұйымдық құрылымның тематикалық түрінің артықшылықтары:

- ұжымның нақты айқындалған мәселелерге бағытталуы;
- шешімдердің оперативтілігі;
- тақырып бойынша жұмыстарды уақытында және сапалы орындайтын басшылар мен мамандардың жоғары жауапкершілігі;
- ғылыми бағытта нақты жаңа идеялардың пайда болуының үлкен ықтималдылығы;
- дайындау кезеңдерін біріктірудің, олардың орындалуын параллельді-тізбекті схема бойынша ұйымдастырудың мүмкіндігі;
- түрлі келісімдер санының аздылығы.

Инфрақұрылым ұйымдық құрылымның тематикалық түрінің кемшіліктері:

- тар профильдегі мамандардың толық жүктелмеуімен байланысты ресурстарды пайдаланудың төмен интенсивтілігі;
- функциялар, құрал-жабдықтар, аудандардың қосарланушылық салдарынан дайындамалардың құнының жоғары болуы;
- лабораторлық құрал-жабдық пен экспериментальды базалардың бірқалыпсыз жүктелуі;
- оқу орындарынан немесе басқа жақтан келген мамандардың бейімделу мерзімдерінің тым ұзақтығы;
- ақпараттық қамсыздандырудың күрделілігі.
- Нақты тәжірибеде көбінесе құрылымдардың аралас түрлері қолданылады, олар ҒЗТЖК сапалы әрі тез орындауға және нәтижелерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Матрицалық ұйымдық құрылымдар Инфрақұрылым бөлімшелерінің горизонтальды және вертикалды өзара әрекет етуімен сипатталады. Горизонтальды әрекет ету жасалынатын тақырыптар немесе жобаларға сәйкес келеді, ал вертикалды-функционалды бөлімшелермен орындалатын операциялардың маманданған түрлеріне сәйкес келеді.

Матрицалық құрылымның басты ерекшелігі – тақырып (жоба) басшыларының барлық горизонтальды байланыстарды үйлесімдеу мен реттеуде арнайы өкілеттілігі болуы керек.

Матрицалық құрылымның екі түрі бар: жобалық-матрицалық және функционалды-матрицалық.

Жобалы-матрицалық құрылымдағы ұйымдарда функционалды бөлімшелердегі қызметкерлер тақырып (жоба) басшысының қарамағына оның түгел орындалу уақыт бойына тікелей беріледі. Бұйыру құқығы бар тақырып басшысы орындаушыларға тікелей тапсырмалар береді, олардың қызметін бақылайды және үйлесімдейді, яғни тақырып бойынша барлық жұмыстарды басшылыққа алады.

Функционалды бөлімшенің басшысы берілген мамандықтағы жалпы жұмысшылардың саны ұйым қажеттілігіне сәйкестігін бақылайды, мамандарды тақырыптар бойынша бөледі, өз жұмысшыларына әдістемелік

көмек көрсетеді, қызметкерлердің қызметін жоғарылату сұрақтарымен айналысады және т.б.

Ұйым жоғары сапалы жұмысты қажет ететін, басқа бағдарламаларға қатыспайтын жеке мамандар мен ұжымдарды пайдалануды қажет ететін бір-бірінен едәуір ерекшеленетін күрделі, шектелген жобаларды орындағанда, жобалы-матрицалық құрылымды пайдалану ұтымды болады.

Жұмыстарды ұйымдастырудың функционалды-матрицалық құрылымында тақырып бойынша жұмысқа тартылған мамандар жоба басшысына толық бағынбайды, олар екі жақты бағыну шеңберінде әрекет етеді.

Жоба басқарушысына инновациялық процестерді және тақырыптар бойынша жұмыстардың орындалуын білікті басқарудың міндеттері жүктеледі, ал осы шешімдердің жүзеге асырылуын ұйымдастыруды бөлімше басшылары қамтамасыз етеді.

Өкілеттіктерді бөлудің осындай вариантында топтың барлық мүшелерінің жұмысын біріктіретін тақырып басшысы ненің және қашан орындалатынын анықтайды, ал бөлім басшылары – нақты кім және қалай жасайтынын айқындайды.

Егер инфрақұрылым бір уақытта ұзақ мерзімді сипаттағы шағын күрделі және жауапкершілікті бағдарламалар және көп күрделі емес жұмыстар орындалса, мұндай құрылым мақсатқа сай болады. Ұйымдық құрылымның осы түрі көбінесе жиі қолданылады.

Аралас құрылымның тағы бір түрі жобалар бойынша жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Жобалық бөлімшелер (бригада, топ) қолданбалы мәні бар басты кешенді мәселелерді дайындау үшін ұйымдастырылады, қойылған міндеттерді орындағаннан кейін таратылады.

Бөлімшенің берілген тақырыптың барлық негізгі жұмыстарын орындауға қажетті кадрлары және материалдық ресурстары болады, ал көмекші және қызмет ететін қызмет инфрақұрылым масштабында орталықтандырылған болады.

Жобалар бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жоғары оперативтілікпен және тез арада жүзеге асырумен сипатталады, өйткені негізінде бұл бөлімшелер олардың өндіріске енгізілуіне жауапты болады.

Фазалық құрылым берілген тақырыптардың орындалуы проблемалы бейімделген конвейер бойынша тізбекті фазалармен еңбекті бөлуді ұйғарады. Бұл фазалардың біріншісі-қабылданған жұмыстар бағытын болжамдау және негіздеу, екіншісі – ізденушілік зерттеулер, үшіншісі-жобаны инженерлі-технологиялық талқылау және оны тәжірибелік тексеру.

Бақылау сұрақтары:

1. Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау принциптері қандай
2. Инновациялық үдеріс динамикасын сипаттайтын көрсеткіштер
3. Шығындық көрсеткіштерді атаңыз
4. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін реттеу әдістері
5. Мемлекеттің ғылыми-техникалық саясаты қандай
6. Инновациялық саясаттың орындалуының деңгейлері
7. Мемлекеттің инновациялық саясаты дегеніміз не
8. Мемлекеттің инновациялық саясатының басты мақсаты мен негізгі бағыттарын құрастырыңыз
9. Мемлекеттің инновациялық саясатын жүргізуде негізгі мәселелері жайлы айтыңыз
10. Инновациялық жүйенің негізгі элементтерін атап көрсетіңіз

8. Инновациялық стратегиялардың ерекшелігі

8.1 Инновациялық стратегиялық мәні мен міндеттері

Инновациялар – бұл компанияның әр дайым гүлденуі мен өсуіне апаратын жол. Бизнестің жаңа түрлерін жасай отырып, кәсіпкерлер қаржыландырудың жаңа көздерін тауып отырады.

Инновациялық саясат өндіруші бөлімдер қызметін тұтынушылардың талабына сай қанағаттанарлық өнім өндіруге, фирманың экономикалық әлеуетін күшейту қамтамасыз ететін өндіріс бөлімшелерінің қызметін бағыттайды.

Инновациялық саясат басты үш бағытта жүзеге асырылады

- Жаңа өнім өндіруге мамандану;
- Жаңа өнімнің тез техникалық жаңаруына бейімделу.
- Дәстүрлі, жаңа емес, бірақ басқа нарықта қажетті өнімдерді шығаруға бағыт алу.

Инновациялық саясатты реттеу келісідей мәселелерді шешуге көмектеседі:

1. Нарықта пайдалануы бойынша баламасы жоқ, жаңа тауар шығару. Бұл саясат технико- экономикалық көрсеткіші жоғары және тұтынушыға белсенді әсер ететін өнім өндіруге бағытталған. Бұндай өнімді жүзеге асыру үшін ғылыми -зерттеулерге көп қаражат жұмсалуды, ғылыми техникалық қызметтегі қосалқы дайындаманың болуы, терең және қолданбалы ғылымдар, тәжірибелік- конструкторлық жұмыстар

саласындағы жетістіктер , өнімді тез игеру мен жаппай өндіріске енгізу қажет. Ал бұл мақсаттарға жету үшін компания нақты бағдарлама, қызметтерді басқару мен ұйымдастыру әдістеріне ие болуы керек.

2.Нарыққа ұқсас және коммерциялық табысы бар өнім шығару. Бұл стратегияны таңдау мақсаты нарықтағы инновациялық көшбасшылардың шығарған өнімнің табысының бедгілі бір үлесін иемденіп қалу немесе сол көшбасшының басқан қадамы арқылы жүріп отыру . Екі жағдайда да көшбасшы ұсынатын инновациялық өнімге ұқсас өнім немесе еліктеуіш өнім жасау мәселесі шешіледі. Мұндай саясатты іске асыру мықты тәжірибелі- конструкторлық бөлімнің болуы және инновациялық өнімді тез арада қайталауды талап етеді.

3.Шығарылатын өнімнің техникалық жаңартылуы жөнінде өндіріс бағыт- бағдары мынадай сұрақтарды шешуден тұрады, өзгертулер енгізу арқылы және тауарды модернизациялау негізінде жетілдіру , бәсекелес фирмалар өндіретін ұқсас тауарлардың техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне жету. Жаңартылған қасиеттері бпр тауар өндірудегі өндіріс бағыт бағдары өндіріс технологиясын жаңартуды және өндіріс қызметінде шығындарды үнемі азайтып отыруға себеп болады .

Инновациялық саясат игерілген тауардың үнемі сапалық сипаттамасын жақсартып отыруға және инновациялық қызметке бағдарлама құру арқылы жаңа тауар мен техникалық үдерісті іске асыруды қамтамасыз етеді. Мұндай саясат компания тауарларын зерттеу негізінде жаңартылған тауар шығаруға , нарықта пайда болған жаңа тауарларға ұқсас тауар өндіру немесе басқа фирмалардың ғылыми- техникалық жетістіктерін лицензия арқылы шеттен сатып алып жаңа өнім жасауға мүмкіндік береді.

8.2 Нарық жағдайындағы фирмалардың инновациялық стратегиялары

Инновациялық қызметтерді ұйымдастыру және басқару инновациялық жобаны іске асыру стратегиялары басталады . Инновациялық менеджмент компания басқарушыларымен ең жоғарғы дәрежеде жүзеге асырылатын стратегиялары басқарудың белгілі бір бағыты болып табылады. Инновациялық менеджментте басты назар иновациялық стратегияны жасау және оны жүзеге асыру шаралары аударылады.Инновациялық стратегия-инновациялық мақсаттарға жетудің жан-жақты,кешенді жоспары.

Booz Allen Hamilton жүргізген зерттеуінің нәтижесі бойынша әлемнің 1000 ең инновациялық компанияларының табыстарының құпиясы бар-жоғы екеу ғана екен.Бірінші маңызды фактор –инновациялық сала стратегиясы мен жалпы корпоративтік стратегия арасындағы байланыс.Екінші-тұтынушылардың пікірін ескеру.Әрбір табысты

инноватор компанияның тұтынушылармен байланыс жасау қызметі және инновациялық циклдың әрбір фазасында кері байланыс механизмі бар.

Инновация саласындағы ең табысты корпоративтік стратегияларды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1.Қажеттілікті іздеу.Осы стратегияны қолданатын компаниялар жақын арада қандай өнім шығару немесе қызмет көрсету керек және ол үшін қандай үдерістерді жүзеге асыру керек деген мәселені шешуге нақты және болашақ тұтынушаларын өте белсенді тартады.Бұл компаниялар үшін өз нарығында бірінші орын алу және өз саласында қандай да бір жаңалықты бірінші шығару маңызды болып табылады .Мысалы:DeWalt компаниясы .

2.Нарықтық бақылау .Инновацияларға мұндай көзқарас ұстанушы компаниялар нарықты өте терең зерттеп, өз клиенттерін пікіріне құлақ асады.Олардың қызметі өз өнімдерін түбегейлі және күрт өзгертуге емес.ақырындап жетілдіруге бағытталған.

Мысалы:Plantronics компаниясы.

3.Технология соңынан жүру.Инновацияларды өмірге осындай схема негізінде әкелуді жөн санайтын компаниялар бірінші кезекте өздерінің техногиялық мүмкіндіктеріне бағытталады.Олар көбіне нарыққа қажеттіліктерді қанағаттындыратын өнім ұсынады.Мұндай өнімнің пайда болатынын ешкім де ойламаған.

Мысалы:Siemens компаниясы

Жоғарыдағы көрсетілген топтардың әрқайсының инновациялық үдерістердің әрбір кезеңінде өзіндік ерекшеліктері болады,ол төмендегі кестеде көрсетілген:

Белгілі бір компанияға инновациялық стратегияның қай түрін таңдау керек?Біріншіден,инновациялық және жалпы стратегия арасындағы байланысқа,екіншіден,бәсекелестік ортаға мән беру керек.Инновацияның жоғары тиімділігіне,табыстығына қол жеткізу үшін жобаның басынан соңына дейінгі инновациялық үдерісті нақты және қатаң басқару керек екенін инновацияның әлемдік көшбасшылары дәлелдеп отыр.Мұндай басқару әрбір қадамда бақылау және әр факторды сараптап,талдауды,яғни жаңа өнімді жасап шығаруға кеткен уақытша және қаржылық шығындардан бастап,жаңалықты нарықтың қабылдауына дейінгі кезеңді қамтиды.Бірақ қарамастан,инновацияның табыстылығы осы салаға компанияның қанша көлемінде инвестиция салғанына қатысты емес.

8.1 кесте. Инновациялық компаниялардың корпоративтік стратегиялары

Стратегия	Идеяны іздеу	Жобаларды іріктеу	Жаңа өнімдерді шығару
Қажеттіліктерді іздеу	Тұтынушылар идеяларын жинау, олардың қажеттіліктерін талдау, клиенттік базаны қалыптастыру және сегменттеу	Инновацияға салынған инвестицияның қайтуын қатаң бақылау	Тұтынушылардың таңдауын сәйкес өнімді жасау
Нарықты бақылау	Нарықты зерттеу, ресурсты тарту	Үдерісті қатаң тәртіпті ұстау	Жетілдірілген белгісі бар өнімді нарыққа тез шығару
Технология соңынан жүру	Жаңа технологияларды іздеу, инновацияларды және трендтерді талдау	Тәуекелдерді басқару	Сапаны терең сынақты өткізу

Зерттеу нәтижесінде ең тиімді инновациясы бар 118 компания анықталды. Олардың жаңа зерттеулер жүргізуге салған қаражатының ақталуы көбірек, ал инновацияға кеткен шағындарының сатылым көлеміне қатысты үлесі азырақ болып келеді. Өткен жылдағы тізімге қарағанда 60 жаңа есім бар. Өткен жылда жариялаған ең тиімді инновациясы бар 94 компанияның тек 58-і ғана өз позицияларын биыл да сақтап қалған. Олардың қатарында мынадай компаниялар бар: Adidas, Apple, Christian Dior, Google, Plantronics, Samsung Electronic, Yahoo және т.б.

Стратегияны таңдау, басқа да инновациялық қызметтің ғылыми зерттеу жоспарларын жасаумен байланысты. Инновациялық стратегияны жасау негізіне жататындар:

*Өнімнің өмірлік цикл теориясы;

*Фирманың нарықтық ұстанымы ;

*Жүргізіліп жатырған ғылыми-техникалық саясат;

Инновациялық стратегиялардың келесідей типтері көрсетілген:

1. Шабуылдау стратегиясы – бұл өз қызметін кәсіпкерлік бәсекелестік ұстанымына негіздеген фирмаларға тән. Бұл стратегия шағын инновациялық фирмаларға, немесе эксплоренттерге, яғни < жарып өтерлік > жаңа енгізілімдерге маманданған фирмаларға тән. Қаржы көздерінің көп

бөлігі,көбінесе тартылған,мұндай ұйымдарда ғылыми зерттеулерге жұмсалады.

Эксплеренттік(пионерлік)стратегия жаңа немесе түпкілікті жаңарған ескі нарық сегментін шығарумен байланысты,революциялық шешімдерді іздеу мен жүзеге асыруды мақсат тұтынатын алғашқы өндірушілер.Олардың экономикадағы басты рөлі-инновациялық,түпкілікті өзгерген, «жарып Өтерлік» жаңа енгізілімдер. Осындай компаниялардың қатарында iPod, iPad өнімдерін жасап шығарған «Apple» компаниясы,алғашқы ұялы телефон ойлап тапқан «Motorola» компаниялары жатады. Эксплеренттердің мықтылығы түпкілікті жаңа,нарықта бұрын болмаған инновацияларды жасап шығару.Мұндай инновациялық жобалардың 10-ның тек біреуі ғана табысқа жетуі мүмкін,бірақ осы жалғыз жоба нәтижесі үлкен техникалық,қаржылық және моральдық жетістіктерге жетеді.Бұл инновациялардың кейбіреуі жаңа технологиялық кезеңнің қалыптасуына себеп болады.Олардың ұраны «Қолдан келсе,жаңа,жақсы және арзаңырақ инновациялар жасау».

2.Қорғаныстық стратегия-фирманың фирманың нарықтағы бәсекелестік позицияларын сақтап қалу үшін бағытталған стратегия.Мұндай стратегияның басты функциясы-инновациялық қызметтегі «шығындар-қорытынды» арақатынасын тиімді ету. Бұл стратегия интенсивті ғылыми зерттеулерді қажет етеді.Мұндай стратегияны ірі компаниялар да,шағын компаниялар да қолдана алады. Әдетте бұл стратегияны коммутант компаниялар қолданады. Коммутант (біріктіретін) стратегияныкүші белгілі бір тұтынушы топтарының шағын қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілеттілігі.Бұл өнімнің тұтыну құндылығын көтерудің жолы,яғни өте жоғарғы сапа арқылы емес,нарықтағы эксплерент фирмалардың ерекше инновациялық өнімдерін модернизациялау арқылы табысқа жету.Коммутанттардың ұраны «Тек Сіздің мәселеңізді шешкенім үшін төлейсіз».Виоленттер,пациенттер,эксплеренттер қызықпайтын нәрселердің барлығына кіріседі.Мысалы Мак Дональдс стратегиясы-белгілі бір тұтынушы топтарға бағытталған икемді,даму және инновацияларды тез енгізетін стратегия.

3.Еліктемелік стратегия-мықты нарықтық және технологиялық позицияларға ие компаниялар қолданады.Яғни жаңа тауарды нарыққа енгізуде пионер болып табылмайтын компаниялармен қолданылады.Бірақ ерекше инновациялардың тұтынушылық қасиеттерін шағын инновациялық фирмалардан не көшбасшы-инновациялық компаниялардан көшіріп жаппай өндіріске енгізеді.Бұл стратегия көбіне жеткілікті қаржылық,адам ресурстарына ие ірі компаниялармен(виолент-фирма)сипатталады,яғни бәсекелестерінен өндірістің сериялылық және масштабы әсері есебінен озып отырады.Виоленттік-жігерлік стратегия ірі стандарттық,жаппай өндіріске жұмыс жасатйын фирмаларға тән.Фирмалардың ұраны

«Арзан,бірақ сапалы», Мысалдар, «Тоета», «Шевроле», «Сименс». Бұл фирмалар кең ауқымды,жұмысшылар саны көп,көптеген бөлімшелері және еншілес кәсіпорындары,толық ассортименті бар және мықты қаржылық күші бар компаниялар. Олар ғылыми зерттеулерге қомақты шығындарымен,күшті маркетингтік зерттеулерімен,жарнамалырымен ерекшеленеді.Виоленттердің тауары жоғары сапалы,стандарт денгейіне сай болады,бірақ олар инновациялық сферада пионерлер болып табылмайды.

4.Қуыс (ниша)стратегиясы-кең нарықтық шағын сегментіне,жаңа бірегей сипаттамалары бар тауарды өндіру арқылы бейімделумен сипатталады.Қуыстық стратегия бойынша тауар дифференциясының мақсаты,инновациялар нарықтық шағын сегментіне бағытталады.Бұл стратегияны қолданушы компанияларды пациент деп атайды.Пациент-фирмалар әр түрлі көлемде болады:шағын,орта және кейде ірі.Бұл стратегия шектеулі тұтынушылар шеңберімен жұмыс жасайтын фирмаларға тән.Өздерінің қымбат және жоғары сапалы тауарларын,нарықтағы кәдімгі тауармен қанағаттанбайтын тұтынушыларға бағыттайды.

Олардың ұраны «Қымбат,бірақ жақсы» Пациент фирмалар басты корпорациялармен тікелей бәсекелестіктен бас тартады,сондықтан оларды экономиканың «қу түлкілері» деп атайды.Олардың көлемі әр түрлі болуы мүмкін:ірі, орта және шағын. Пациенттік-бұл тауарды дифференциялау стратегиясы,және шағын нарық сегментінде өз қуысын табу.Мысалы, Край Ресерч компаниясы инновациялық суперкомпьютерлерді ерекше тапсырыспен жасайды.

8.3.Қазақстанның индустриялық-инновациялық стратегияның жүзеге асуы.

Басқару процесінде күрделі мәселелерді шешу үшін 2003 жылдың 1 маусымында Республика Президентінің Индустриялық – инновациялық стратегиясын бекіту туралы Жарлығы қабылданды. Стратегияның басты мақсаты – мемлекеттің жекеменшік сектормен серіктестігі. Сайып келгенде, өте қажетті мәселе экономиканы әртараптандыру мен оның қазіргі шикізаттық бағдарын өзіміздің кәсіпорындарында жоғары қосымша құнымен өнімдер шығаруға бағыттау.

Индустриялық – инновациялық стратегияны іске асыру үш кезенді қамтиды.

Бірінші кезеңде (2003-2005ж.ж) – заңдар мен салалық даму бағдарламаларына өзгеріс енгізу, ғылымды, білімді және аса білікті мамандар дайындауға жұмсалатын қаржы көлемін анықтау қажет. Даму институттары құрылып, солар арқылы мемлекет нақты өнімдер шығаратын біртұтас жобаларын жасауға қатысуы тиіс.

Екінші кезеңде (2006-2010ж.ж) – жекеменшік сектордың ынтагерлігін зерттеуге баса назар аударылып, жобаларды қаржыландыратын, басқару, инженерлік – техникалық және жұмысшы – кадрларды дайындауға инвесторлар іздестіру қажет. Бұдан басқа, құрылысты, негізгі және көмекші объектілерді жүргізуді жоспарлау қажет. Жаңа ғылыми – инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру көзделуі керек.

Инновациялық менеджменттің қазіргі және келешектегі басты мәселелерінің бірі – бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелігі мол басым салаларды дамыту, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесін дамытуға жол ашу. Сонымен қатар жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізетін экономикалық дамуды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесі – ұлттық инновациялық жүйені жасау.

Индустриялық инновациялық дамудың инфрақұрылымы қазірдің өзінде даму үстінде. Мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру 2005 жылдың басында 730 млн АҚШ долларын құраса, Инвестициялық жобалар портфелі 1 млрд 200 млн АҚШ долларынан асты. 2004 жылы 204 инвестициялық жоба іске асырылса, соның тең жартысы даму институттарының қолдауымен жүзеге асты.

Инновациялық инфрақұрылымды ары қарай дамыту үшін Қазақстан Республикасының Президенті жаңа шара қолдануды белгіледі. 2006 жылғы 16 наурызда ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының индустриялық – инновациялық саясат шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан ары арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды. Индустриялық – инновациялық даму саласында мемлекеттік экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау мақсатында «Қазына» тұрақты даму қоры акционерлік қоғамы құрылды.

Үшінші кезең (2011-2015жж.) – негізгі кезең. Бұнда ұйымдық шаралар кешенін, өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің бәсекелестігін нығайту және соның нәтижесінде экономиканың құрылымын өзгерту экспортты әратараптандыру (диверсификациялау) көзделіп отыр. Осы кезеңнің бір ерекшелігі, өндіріс пен экспорттың өсу қарқыны мұнай мен газ өндірудің қарқынынан артық болуы тиіс. Егер осы кезеңде көзделіп отырған шаралар нақты іске асса, онда жыл сайын ұлттық экономиканың өсу қарқыны кем болмайды, өңдеу өнеркәсібінде – 8,4%. 2015 жылы 2000 жылмен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің көлемі 3,5-3,9 есе артуы тиіс.

Алдын ала есептеуге қарағанда қойылған міндеттерді орындау үшін аталмыш салаларға жылына 1,2 млрд доллар инвестиция салынуы керек (жекеменшік инвестицияларды қоспағанда) Мемлекет тараптарына салынатын инвестициялардың көлемі 260 млн доллардан кем болмауы тиіс. Стратегияны іске асыру үшін болжам бойынша инвестициялық шығын жылына 1,2 АҚШ долларын құрайды. Сонымен стратегияны іске

асыру үшін мемлекет шығыны 2002 жылғы бағамен 260 млн АҚШ доллары болады. Стратегияны орындау барысында бұл қаражаттардың жыл сайын жекеменшік секторды қаржыландыру үшін институттарға бөлінуі жоспарланады.

Стратегиялық шараларды қаржыландыру үшін Даму банкінің, Инвестициялық қордың, Инновациялық қордың қаржылары тартылады. Бұдан басқа жаңа технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді, инфрақұрылымды дамыту үшін іске асырылатын ең басты басымдықтар мен тиімді жобаларды қолдануға халықаралық ұйымдардың көмегі мен донер елдер тартылады.

Негізгі қаржы жүктемесі жекеменшік секторға түседі. Алдын ала бағалағанда мемлекеттік және жекеменшік капиталдың арақатысы 1:5 болуы тиіс[12].

Дүниежүзілік банк Қазақстаннан әлемдегі инвестициялар үшін ең тартымды 20 елдің санатына енгізеді. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде елдің экономикасын дамыту үшін 21 млрд АҚШ доллары тартылған.

Қабылданған үлгіге сәйкес стратегиялық жоспарда Қазақстан ашық экономикалы ел болып қалыптасады. Ол экономиканың бағдары бәсекелестік негізінде тауарларды, қызмет көрсетуді, капиталды және жұмыс күшін экспортқа шығаруды және барлық әлемдегі елдермен өзара ұтымды ынтымақтастықты дамыту.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық-технологиялық даму стратегиясы.

2020ж. Дейінгі Қазақстан Республикасы инновациялық – технологиялық дамуының стратегиясы 2010жылы ҚР Президентінің жолдауына сәйкес жүзеге асырылады. Артықшылығы бар салаларға 13 сала жатқызылады. Қазақстанда индустриялау картасына 162 жоба енді, жалпы инвестициялардың көлемі 6,5 трлн. Теңге. Экономиканы дивесификациялау шеңберінде мемлекет ұлттық инновациялық жүйені келесі принциптермен қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

1) әлемдік деңгейдегі университеттерді құру және ҒЗТКЖ–дың алдыңғы қатардағы жүйесін қалыптастыру үшін университеттік ғылымды дамыту;

2) гранттар жүйесі негізінде мемлекет үшін пайдалы ҒЗТКЖ қаржыландыру. Мемлекетті индустриялаумен сәйкес ҒЗТКЖ артықшылықтарын айқындау Қазақстан Республикасы Өкіметінің қарамағындағы Жоғары ғылыми –техникалық комиссиясымен жүзеге асырылады;

3) сарапшыларды тарту арқылы және шетел мамандарымен бірге өтініштерді бағалаудың трансперттік процесін енгізу;

4) ұлттық қажеттіліктерге бейімделген тиімді шетел технологияларын қолдану.

Қазақстанды индустрияландыру мемлекеттік және жеке сектордың рөлдерін нақты айқындау принциптеріне, тауарлардың сапасы, жұмыстар мен қызметтердің өнімділігінің өсімі негізінде айқындық пен бәсекелестікті максималдауға, олардың құнын төмендетуге негізделеді.

Стратегиямен диверсификацияның келесі маңыздылықтары мен кезеңдері айқындалды. *Бірінші кезеңде* (2010-2014ж.ж) бірінші кезекте отындық экономиканы жеделдеген диверсификациялау жеті бағыт бойынша жүзеге асырылады. Бұл-агроөнеркәсіптік кешен мен ауылшаруашылық өнімді өңдеу; құрылыстық индустрия мен құрылыс материяларын өндру; мұнайөңдеу мен мұнайгаз секторындағы инфрақұрылым; металлургия мен дайын металл өнімдерін өндіру; химиялық, фармацевтикалық және қорғаныс өндіріс; энергетика; көлік және байланыс; сонымен қатар, машина жасау мен туризм индустриясы. *Екінші кезеңде* (2015-2019 ж.ж) диверсификацияның негізгі көрсеткіштері мен маңызды бағыттары республиканың тұрақты өсуімен тікелей байланысты болады, соның ішінде: жаңалатын ресурстар мен қуат көзі негізінде қазіргі заманғы технологияларды өндіру. Жел энергиясын, күн сәулесі, геотермалды қуатты дамыту үшін тұрғылықты шарттар құралады, су қорларын тиімді пайдаланудың технологиялары енгізіліп, халықты ауызсумен қамту бойынша дамыту шаралары қабылданып, басқару жүйесінің тұрақты дамуы және төменгі көміртектік экономикада «жасыл» саясатын енгізу, қаржыландыруды тарту, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну, табиғатты қолданудағы жауапкершілікті жоғарлату, шығындарды кешендік өңдеу шаралары жүзеге асырылады[12].

Экономиканы диверсификациялау экономикалық потенциал мен тұрғындардың қолайлы өмір сүруі мақсатымен экономикалық өсім орталықтарын қалыптастру жоспарларымен байланысты болады.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы

Мақсаты – әртараптандыру мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы экономиканың орнықты және теңгерімделген өсуін қамтамасыз ету.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілік өсуін қамтамасыз ететін экономиканың басым секторларын дамыту;
- экономиканың басым секторларын дамытудың әлеуметтік тиімділігін күшейту және инвестициялық жобаларды іске асыру;
- индустрияландыру үшін қолайлы ортаны құру;
- экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру негізінде экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру;
- экономиканың басым секторларын дамыту процесінде мемлекет пен бизнестің өзара тиімді әрекетін қамтамасыз ету.

Бағдарлама мынадай принциптерге негізделеді:

- бизнес бағдарламаларға бағдарлану;
- шикізаттық емес секторда «серпінді» жобаларды және кластерлік бастаманы қолдау;
- мемлекет пен меншік сектор арасындағы тәуекелдерді оңтайлы бөлу және индустрияландыру процесінде олардың рөлдерін нақты айқындау;
- жаңа бизнес-мүмкіндіктерді мультипликациялау;
- итеративтік, Бағдарламаны іске асыру бағытында қатысушылар құрамынан жобаларды пысықтау деңгейі бойынша перманентті нақтылаумен байланысты;
- транспаренттік – Бағдарламаға қатысушылардың, мастер жоспарлардың мазмұнының, өтініш берушілердің сұрауларының мемлекеттік қолдау шараларының, Бағдарламаны іске асыру мониторингінің нәтижелерінің ашықтық принципі;
- тең қолжетімділік – Бағдарлама қатысушысы отандық, сонымен қатар шетелдік компания да, ірі және орта, швғын кәсіпорындар да болуы мүмкін;
- бәсекелестік – тиімді жобаларды ілгерілету және экономикалық емес әдістерді пайдаланудың алдын алу негізі ретінде;
- трансферттік (қолдану әсері) – нормативтік – құқықтық және нормативтік – техникалық базаны жетілдіруге қатысты мемлекеттік қолдау шаралары, экономикалық қызметтің барлық субъектілеріне қолданылады;
- сабақтастық – іске асырылып жатқан бағдарламалық құжаттарда көзделген мемлекеттік саясаттың аса тиімді шарлары осы Бағдарламаны іске асыру кезінде қолданылатын болады;

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

1. Экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін басым секторларын дамыту.
2. Алдағы кезеңде индустрияландыру саясаты индустриялық – инновациялық процестердің жеделтешушісі болатын «дәстүрлі мамандыру» салаларын дамыту арқылы басым шикізаттық емес секторды озыңқы дамытуға бағытталған болады.

Мемлекеттің күш – экономиканың мынадай басым секторларын дамытуға топтастырылады:

- дәстүрлі: мұнай газ секторы, тау кен металлургия кешені, шикізат өндірістерін кейіннен аса жоғары қайта бөлулерге ауыстратын атом және химия өнеркәсібі;
- жер қойнауын пайдаланушылар, ұлттық компаниялар және мемлекет сұранысына негізделген: машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика;
- шикізаттық сектормен байланыстырылмаған және экспортқа басым бағдарланған өндірістер: агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл өнеркәсіп; туризм;

– келесі 15-20 жылда әлемдік экономикада үстем рөлге ие болатын «болашақ экономикасының» секторлары: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, биотехнологиялар, баламалы энергетика, ғарыш қызметі.

Экономиканы сәтті әртараптандыру республиканың тұрақты дамуымен, соның ішінде тұрақты дамуды басқару жүйесін оңтайландыру және көмірсутегі төмен экономиканың, инвестициялар тарту, экологиялық проблемаларды шешу, табиғи экожүйелерге антропогендік жүктемелердің кері әсерін азайту, табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссиясын азайту, қалдықтарды кешенді қайта өңдеу мәселелерінде «жасыл» саясатты енгізу жолымен республиканың тұрақты дамуымен үздіксіз байланысты[12].

Экономиканы әртараптандыру жеделдету процесінде мемлекет тиімсіз жобалардың іске асырылуына қарсы тұратын болады, сондықтан жобаларды қолданудың негізгі өлшемдерін таңдауға ең алдымен Кеден одағының әлеуетін іске асыру мүмкіндігімен байланысты өнімділік, энергия тиімділігі және экспортқа бағдарлануы жатады.

8.4. Инновациялық жобаларды қаржыландыру

Инновациялық қызметі дамыту сынды және жақсы негізделген қаржыландыру жүйесін жасауды талап етеді. Инновацияны қаржыландырудың негізгі принциптері болып саналатындары:

1) анық мақсаттық бағдарлану жүйесі оны қазіргі ғылыми-техникалық жетістіктерді тез және тиімді ендіру міндетімен байланыстыру;

2) қолданыстағы әдістердің және механизмдердің ойға қонымдылығы, негізделігі және заңды қорғалуы;

3) қаржыландыру көздерінің көптігі;

4) жүйенің кеңшілігі және кешенділігі, яғни ең жоғарғы техникалық кең шеңбер және технологиялық жаналықтар және олардың тәжірибе жүзінде пайдалану бағыттарын қамту мүмкіндігі;

5) Қаржыландырудың барлық жүйесін тұрақты күйге түсіруді жорамалдайтын бейімділік және икемділік.

Реттемелі нарықтық қарым-қатынас жағдайларында инновациялық қызметін қаржыландыру жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар және мемлекеттің қаржылық саясатының құрамдас элементі ретінде бой көрсетеді. Бұл жүйе келесі маңызды міндеттерді шешуіне қамсыздандыруды талап етеді:

- мемлекеттің шаруашылық комплексінің барлық бөлімдеріне техникалық жаңалықтарды тез және тиімді ендіру, оның құрылымдық-технологиялық қайта құруын қамсыздандыру үшін тиісті шарттарын жасау;

- дамудың басымдылық бығыттарында стратегиялық ғылыми-техникалық мүмкіндікті сақтау және дамыту;

- ғылымның және техниканың кадрлік потенциалын сақтау, оның шетелге көшіп кетуін болдырмау үшін тиісті материалдық жағдайлар жасау. Қазіргі кезде инновациялық қызметін қаржыландыру үшін қаражаттардың негізгі көздері ретінде қолданылады

- аймақтық деңгейлерле бөлінетін бюджеттік қаржылар;

- аймақтық басқару органдарымен, кәсіпорындармен бөлінетін, инновациялық жобаларды құрайтын, ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкциялық жұмыстарды қаржыландырудың арнайы бюджеттен тыс қорларының қаражаттары;

- кәсіпорынның меншікті қаражаттары;

- әртүрлі коммерциялық құрылымдарының үлгілерінің қаржылық ресурстары (инвестициялық компаниялардың, коммерциялық банкілердің, сақтандыру қоғамдардың, қаржылық өнеркәсіптік топтардың және б.);

- қорғаныс комплексінің ғылыми-техникалық және өндірістік кәсіпорындар үшін конверсиялық несиелер;

- өнеркәсіптік және коммерциялық фирмаларының және компаниялардың шетелдер инвестициялары;

- ұлттық және шетелдік ғылыми қорларының қаражаттары;

- жеке тұлғалардың жеке қорланымдары.

Венчурлік қызметті қаржыландыру

Венчурлік қаржыландыру өзінің табиғаты бойынша – қазіргі құрылтайшылықтың (ұйымдастырушының) бір түрі, яғни бастапқы салым ақшаны тез көбейту мақсатымен болашақта фирмаларды, компанияларды жасау және дамыту. Венчурлі капиталдың инвестициялары келесі негізгі сипаттамасы бар:

- ұзақ мерзімі болады-үш жылдан бес жылға дейін;

- инвестициялаудың объектілері-инвестицияны жасау және енгізу арқылы, венчурлік маманының пікірі бойынша, меншікті нарықтық құнын тез көбеюіне қолынан іс келетін компаниялар;

- инвестициялау кезеңінің соңында капитал салымынан түсетін табыстар астам дәрежеде капитал құнның өсімі формасында болады [12].

Венчурлік қаржыландыру инновациялық тізбенің барлық элементтерін қозғалмайды, ол әдетте тәжірибе өндірісінен және жасаулардан басталады және фундаментальды зерттеулерді және өндіріс пен өнімді өткізуді әрі қарай дамыту сұрақтарын қозғамай, инновациялық тауарды нарыққа шығаруымен бітеді. Банкілік қаржыландыру немесе стратегиялық қаржыландыру айырмашылығын венчурлік қаржыландырудың бірқатар ерекшеліктері бар:

- венчурлік қаржыландыру «мақұлдаған тәуекелден» принципсіз мүмкін емес. Бұл деген, қаржыландырылатын кәсіпорынның сәтсіздікке түскен кезде пайданың жоғарғы нормасына алмасуына оның сәті боғанда

капитал салымшылары қаражаттар ысырабының болатын шамасына алдын ала келіседі;

- қаржыландырудың осындай түрі капиталды ұзақ мерзімді қаржыландыруды

жорамалдайды, бұл жағдайда капиталға салған салымнан пайда алу үшін салымшыға орта есеппен үштен бес жылға дейін күтуіне тура келеді;

- қатерлік қаржыландыру несие секілді емес, венчурдың жарғылық капиталына үлестік жарна түрінде орналастырылады. Қатысу үлесіне қарай қатерлі инвесторлар қаржыландырылатын кәсіпорыннан сәйкесті пайдаларды алуына құқығы бар;

- венчурлік кәсіпкер стратегиялық серіктестен айырмашылығы компанияның акцияларының бақылау пакетін басып алуға тырысады. Әдетте бұл пакет 25-40%-дық;

- жаңа кәсіпорынның жетістігіне инвестордың жоғарғы дәрежелі жеке бастың ынталығы. Бұл жобаның жоғарғы қауіп-қатерлігінен, әр құрылатын венчурдың иеленушінің статусына болады, сондықтан қатерлі венчурлер қаржыларды жиі еркіне қойылумен шектелмейді, венчурмен құрылған түрлі консультациялық, басқарымдық және басқа да қызметтер көрсетіледі.

Венчурлік қаржыландырудың көздері болатындары:

- инновациялық кәсіпорынның және оның іскерлік серіктестіктерінің құрылтайшыларының қаражаттары;

- сыртқы мамандырылған (венчурлердің) инвесторлар мен несиегерлердің қаражаттары.

Түрлі капиталдың формаларының өзара іс-қимылының келешектегі және инвестицияны жұмылдыру формасы қаржылық-өндірістік топтар болып саналады. Олар кәсіпорын бірлестігінің шаруашылық қызметінің түрлі саналарын бейнелейді: өнеркәсіпорындардың, қаржылық-несиелік, сауда мекемелері және Қаржылық-өнеркәсіп топтарының активтері нарыққа инновациялық өнімдерді тез алға бастыру арқылы субъектілер тобының бәсекелестігін өсуіне инвестициямен қамсыздандырады.

Шағын инновациялық бизнес бірқатар айырмашылықты ерекшеліктері бар. Солардың сипаты, яғни ол әдетте тар сала шегінде тұйықталмайды. Мұндай бизнестің объектісі – ғылыми идеяларды жылжыту. Шағын инновациялық бизнес аймақтық дамудың инновациялық сатысына өтуіне елеулі роль атқарады.

Біріншіден, шағын инновациондық бизнесті дамыту білікті ғылыми – техникалық кадрларды сақтауға мүмкіндік тудырады.

Екіншіден, шағын ИК ұйымдастыру ҒТ және ТКЖ-ды жүргізуден бастап оны ендіруге дейін жеделдетеді.

Үшіншіден шағын ИК тым иілмелі, ынталы, сыртқы ортаның серпінді өзгерісіне жақсы бейімделеді.

Шағын инновациялық кәсіпкерлік екі түрлі ұйымдық формаларында өмір сүруі мүмкін:

- Жеке кәсіпкерлік формасында, кәсіпорынды құрмай дербес заңи тұлға ретінде;
- Жеке заңи тұлға ретінде дербес кәсіпорынды құру арқылы.

8.2 кестеде жеке инновациялық кәсіпкерліктің шағын инновациялық кәсіпорындарымен салыстыру бойынша негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерінің тізбесі берілген.

8.2. кесте. Жеке кәсіпкерліктің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
<p>1. Ашылу және жойылу кезде мемлекеттік реттеудің оңайтылған тәртібі.</p> <p>2. Банкілік есеп шотын ашудың қарапайымдылығы.</p> <p>3. Несие төлемдерінің мөлшерлемесі тым төмен оңайтылған схема.</p> <p>4. Әлеуметтік төлемдерінің құрылымы оңайтылған.</p> <p>5. Оңайтылған менеджмент және оны іске асыруына жұмсалатын шығындар төмендеу.</p> <p>6. Оңайлатылған есеп-қисабы.</p> <p>7. Еңбектің мотивациясының жоғарғы деңгейі және шаруашылық дербестігі.</p>	<p>1. Қаржылық-шаруашылық инновациялық және басқарымдық қызметін қоса атқару.</p> <p>2. Дара жауапкершілікке несиені алу күрделі.</p> <p>3. Мемлекеттік және сыртқы қаржыландырудың басқа түрлерін алу күрделі.</p> <p>4. Инновациялық өнімді және қызмет көрсетуді өткізу кезде клиенттің сенімін жеңіп алу күрделі.</p> <p>5. Міндеттемелері бойынша толық жеке мүліктік жауапкершілігі.</p>

Экономиканың және шағын инновациялық кәсіпкерліктің тым елеулі тиімділік формасын дамыту үшін жекеше заңды тұлға ретінде шағын ИК құруын керек етеді.

Шағын инновациялық кәсіпорындар келесі белгілер бойынша жіктелуі мүмкін.

Ғылым мен өндірістің байланыстық сипаты бойынша :ғылымдық, өндірістік және ғылыми-өндірістік.

Ғылыми-өндірістік процестің сатылар саны бойынша : бірсатылар және көпсатылар.

Ғылыми-өндірістік процестің сипаты бойынша:үздіксіз және дискреттік (үзілулі).

Өнімділік-тематикалық профилі бойынша:мамандандырылған және әртараптандырылған.

Шағын ИК инновациялық процестерін ісе асырылуы үшін келесі белгілер тән:

- Нарыққа жаңа өнімдерді және технологияларды жасу және жылжыту;
- Жаңа бәсекелестік өнімдерді ,жұмыстарды , қызмет көрсетуді жасау үшін ҒЗ және ТКЖ-дың билік үлесі;
- Инновацияның, жаңа бұйымдардың және алдыңғы технологияның кәсіпорынның айналымына және пайдасына масштабтық (ауқымдық) әсері;
- ҒТ және ТКЖ-сына жоғарғы деңгейі;
- Кәсіпорынның қызметкерлерінің жалпы санында елеулі бөлігі ғылыми және инженерлік – техникалық қызметкерлер;
- Кәсіпорынның негізгі қорларында елеулі үлесі ғылымдық, зертханалық және сынақ жабдықтары;

Инновациялық жобаларды жүзеге асыру кезде қауіп деңгейі жоғары.

8.3-кестеде ірі кәсіпорындарымен салыстыру бойынша шағын ИК аса маңызды артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.

8.3-кесте. Шағын инновациялық кәсіпорындардың ірілерімен салыстыру бойынша күшті және әлсіз жақтарының сипаттамасы.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Инновациялық өміршеңінің қысқа ұзақтығы.	1. Менеджменттің биік емес кәсіптік деңгей.
2. Серіктестіктермен тікелей және дербес байланысты.	2. Сыртқы қаржыландырудың, сонын ішінде несиелеудің мардымсыз мүмкіндігі.
3. Басқарымдық шешімдерді тез қабылдау.	3. Кәсіпорының әртартандыру профиліне шек қойылу мүмкіндігі.
4. Еңбектің мотивациясы жоғары.	4.Кәсіпкерлік қызметінде қатердің деңгейі жоғары.
5. Үстеме шығыстары төмен деңгейде.	5.Еңбек бөлінісі және жұмыс орындарының мамандарылған дәрежесі мардымсыз.
6. Ғылыми-техникалық артықшылықты реакция.	6.Сұранымның қанағаттандыру масштабының шектелуі мүмкіндігі.
7. Тұтынушылардың сұранысы динамикалық бағыт.	7.Қызметтің қаржылық нәтижесіне дербестендірілген жауапкершілік.
8. Мекемелерде бюрократтық құрылымдардың жоқтығы.	
9. Менеджментте ең аз иерархия.	

Шағын ИК қатерлік деңгейі кенет артады келесі жағдайларда:

- Маштабты өндіріске бағдарланған стратегияны пайдалану;
- Жарнамаға және инновацияны жылжытуға жұмсалған шығындарды керек ететін түге игерілген нарықта бәсекенің бар болуы;
- Өндіріске елеулі бастапқы инвестицияның керек болуы;
- Күрделі техниклық жүйеге бағдарлануы;
- Сынаудың, анықтадың, лицензиялаудың немесе инновациялық өнімді сертификациялаудың күрделі және ұзақ мерзімді тәртіптерінің бар болуы;
- Белгілі салада мамандандыру санаулы және болған жетістіктер негізінде оны кеңейту мүмкіндік еместігі;
- Масштабтық және қымбатқа түсетін зерттеулерді және әзірлемені жүргізу қажеттілігі;
- Бизнес жоспарын құру кезде сметалық есептеулердің және негіздеудің күрделілігі және белгісіздігі және экономикалық жетістікті бағалау мүмкін еместігі.

Қазақстанда шағын инновациялық бизнестің дамуымен байланысты негізгі проблемаларды келесі сәттерге келтіруге болады:

Біріншіден, шағын инновациялық бизнестің дамуы елімізге нәтиже береді, егерде техникалық деңгейді және жаппай өнімнің бәсекеге жарамдылығын анықтайтын ірі фирмалардың динамикалық дамуың қамтамасыз ететін болса. Қазірдің өзінде көптеген зерттемелер бар, оларды өнеркәсіптік алыптардың(гигантардың) дағдарыс жағдайларынан жүргізуге мүмкіндік емес.

Екіншіден, мемлекеттік қолдау шаралары бүгінде барлық шағын бизнестің адресіне беттелген, бірақ сірә әрқилы шағын бизнестің түрлері мүлде түрліше қолдауды көздеді.

Үшіншіден, инновациялық бизнесті қолдау үшін құрылған құрылымдардың елеулі бөлігі жаңа тауарлар және технологиялар жсау проблемаларынан тым алшақта болатын фирмаларымен жұмыс істейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке кәсіпкерліктің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері
2. Ғылыми-өндірістік процестің сатылар саны бойынша қалай жіктеледі
3. Ғылыми-өндірістік процестің сипаты бойынша қалай жіктеледі
4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары
5. Бағдарламаның негізгі міндеттері қандай
6. Инновациялық менеджменттің басты мәселелері қандай
7. Қазақстан Республикасында инновациялық қызметінің қазіргі жағдайы қандай көрсеткіштермен бейнеленген

8. Қандай инновациялық стратегиялар бар
9. Коммутанттық стратегияны қалай түсінуге болады
10. Еліктеу инновациялық стратегиясының мәні неде

9. Ұлттық экономикадағы инновацияның ролі

9.1 Ұлттық инновациялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы

XX ғасырдың соңғы ширегінде Жапонияның технологиялық қарқынды алға шығуының көзі неде екендігін түсіндірмек болған ғалымдар (К. Фридман, Р. Нэльсон, Н. Розенберг, Б. Лундвалл) Ұлттық Инновациялық Жүйе (ҰИЖ) концепциясын алға тартты. Бірақ, бұл концепцияның ұғымын дәл әрі толық 1997 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) берді.

XX ғасырдың 90 жылдарында Швед экономисі Б.Лундвальмен ашқан «ұлттық инновациялық жүйенің» теориялық концепциясы халықаралық атаққа ие болды. Берілген концепция постиндустриалдық қоғамдағы экономикалық өсудің әлеуеті елдің ойлап табу, өндіру және ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңінен қолдану институционалды жүйесінің қабілеттілігінің қызметінен тұрады деп негізделген.

К.Фримен ұлттық инновациялық жүйені мемлекеттік және жеке секторларда қызметі мен әсер етуі жаңа білімді туғызатын, танытатын, енгізетін, импорттайтын, модификациялайтын және тарататын институттар жүйесі ретінде анықтайды.

Р. Нэльсон теориясы көп елдің мысалында қоғамдық және саяси инновациялар туралы эмпирикалық материалда құрылған. Оның теориясына сәйкес индустриалды дамыған елдердің ұлттық инновациялық жүйесінің ядросы өзінің жеке ғылыми өңдеулерін жүргізетін ірі өнеркәсіптік компаниялардан құралады. Бұлардан басқа ұлттық инновациялық жүйелерге елдің ғылыми-техникалық дамуының өңделуіне жауап беретін және саясатын іске асыратын кішкене инновациялық фирмалар, университеттер, мемлекеттік зертханалар, түрлі ведомстволар, институциялық құрылымдар кіреді.

Француз зерттеушілері Дж. Ниози және Б. Беллон ұлттық инновациялық жүйені әртүрлі институттардың арасында дами алатын көптеген құрама бөліктер мен байланыстардың синтезі ретінде көрсеткен. Олардың ұғымында ұлттық инновациялық жүйе жеке және мемлекеттік фирмалардың, университеттер мен үкіметтік агенттіктердің арасында әсер етуші жүйе болып табылады. Олардың арасындағы байланыс жаңа ғылым мен технологияның дамуы, қорғалуы, қаржыландырылуы немесе басқарылуы уақытынан бастап коммерциялық тәртіпте болуы мүмкін.

Ұлттық инновациялық жүйе ретінде жеке және мемлекеттік секторларға жататын, үкіметтің инновациялық саясатының негізін қалай отырып оны жүзеге асыратын, жеке және өзара байланыс жасай отырып жаңа технологияларды шығару мен таратуды дамытатын институттардың жиыны ретінде түсіндіріледі. Осы институттар болып – университеттер, мемлекеттік ұйымдар, инфрақұрылым элементтері, мемлекеттік саясат, қоғамның жалпы құндылықтары мен құқықтық нормалары да болуы мүмкін.

Инновациялық жолмен даму үстіндегі елдерде мемлекеттік басқару институттарының рөлі ерекше. Олардың орындайтын мақсаттары мен міндеттері жаңа техника, технологияларды өндіріске енгізудегі тәуекелді азайту, жан-жақты ақпаратпен толық қамту, ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен өнертабыстардың артықшылықтарын түсіндіру, қаржылық және консультациялық көмек қызметтерін көрсету болып табылады.

Ұлттық инновациялық жүйенің негізгі элементтері:

- инновациялық кәсіпкерлік;
- инновациялық инфрақұрылым;
- қаржылық инфрақұрылым;
- ақпараттық инфрақұрылым болып табылады.

Ұлттық инновациялық жүйенің негізгі элементтері:

- жаңа білімді алуға арналған алғы шарт ретіндегі ғылыми әлеует потенциал, ол коммерциялық қолдану деңгейіне дейін іргелі өңдеулердің «жеткізілуін» жүзеге асыратын қолданбалы зерттеулердің даму саласын құру жолымен инновациялық даму үшін айтарлықтай қажетті фактор болып табылады. Алайда ғылыми әлеует ҰИЖ қалыптастыру үшін жеткіліксіз алғы шарт болып табылады. Сонымен қатар коммерциялық сәтті өнімдердегі ғалымдардың пікірлерінің жүзеге асырылуын қамтамасыздандыратын ҰИЖ-дің басқа элементтерінің адекватты дамуы қажетті. Бұл элементтер:

- инновациялық кәсіпкерлік, яғни дүниежүзілік стандарттар деңгейінде жоғары сұраныста бәсекелесті ғылыми сиымдылықты өнімді тез жасап, сериялы өндіруге қабілетті елімізде мекемелердің болуы.

Инновациялық мекемелердің кәсіпкерлік қызметі мыналарға негізделген: жаңа ғылыми пікірлерді іздеуге немесе өңдеуге және оның бағалануына; қажетті инвестициялық қорларды іздеуге; мекемемен немесе жобамен басқарылатын тиімді моделдердің құрылуына; ақшалай кірісті алуға.

- инновациялық инфрақұрылым, ол инновациялық қызметтің іске асырылуына арналған жағдайларды қамтамасыздандыратын және атқаратын өзара байланысты өндірістің, консалтингтің, білім беру және ақпараттық құрылымдардың жиынтығы ретінде анықталады.

Инновациялық инфрақұрылымның негізгі элементтері жалпы экономикалық инфрақұрылым элементінің негізгі сипаты сияқты (көлік, байланыс, ақпарат, телекоммуникация) және өзіне тән элементі бар (патенттік қолдау, сақтандыру, консалтингтік және инженерлік фирмалар, инкубаторлар), бұларсыз инновациялық қызмет нарық жағдайында өмір сүре алмайды. Инфрақұрылым – экономиканың дербес саласы. Инфрақұрылым саласының ерекшелігі сол, ол материалдық өнім шығармайды, тек қызмет етеді. Қазақстанда нарықтық жүйеге өту – үстемдігі тұралап қалған өндірушілер санының көп болуымен байланысты. Сондықтан инфрақұрылым элементінің негізгі мақсаты экономикалық субъектілер арасында тұрақты шаруашылық байланыстарын құру және ұстап тұру. Сонымен инфрақұрылымның негізгі жұмысы (функциясы) – экономикалық субъектілерде де, ұлттық экономиканы түгелдей алғанда да шаруашылық жүргізудің ішкі жағдайын қалыптастыру[16].

Инновациялық қызмет инфрақұрылымы немесе инновациялық инфрақұрылым – бұл ұйымдастыру-экономикалық институттар кешені, шаруашылық жүргізуші субъектілерінде (соның ішінде арнайы мамандандырылған инновациялық ұйымдар) инновациялық үрдістерді жүзеге асыру шараларын тікелей қамтамасыз ететін, ұлттық экономиканың біртұтастығы сияқты экономикалық тиімділік қағидалары негізінде, сондай-ақ нарықтың конъюктуралық өзгерістер жағдайындағы оның экономикалық субъектісі. Инновациялық инфрақұрылымға кіретін барлық ұйымдар инновациялық қызметтің біртұтастығын білдіретін белгілі бір технологиялық және экономикалық байланыста болады.

Инновациялық инфрақұрылымдардың субъектілерімен орындалатын негізгі қызметтердің тізімі:

- инновациялық даму субъектісін ұйымдастырушылық-құқықтық қалыптасуының үдерісіне көмектесу бойынша қызмет көрсетулер;
- бизнес-қызмет көрсетулер жиынтығы (жиынтық консалтинг);
- ақпараттық-коммуникабельдік қамтамасыздандыру;
- жалпы қолданыстағы – зертханалық, өндірістік жабдықтарға қол жеткізуді қамтамасыздандыру;
- білім беру қызметінің жиынтығы;
- технологияның трансферті;
- өкілдік қызмет көрсетулер (серіктестік байланыстардың жақсарту).

Қазіргі кезде Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымын мемлекеттік бюджеттің қатысуы кезінде құралған субъекттер, сонымен қатар мемлекетпен құралған сервисті даму институттары құрайды.

Инновациялық құрылым болып инновациялық қызметтің іске асырылуын жүзеге асыратын, инновациялық үдерістің жүзеге асырылуына жағымды жағдайларды қамтамасыздандыратын, оған кіретін технологиялық парктер, бизнес-инкубаторлар, консалтингті және

инжинирингті фирмалар, инновациялық және венчурлық қорлар, ғылыми орталықтар және басқа арнайы ұйымдар[16].

Әлбетте мұндай ұйымдардың қолдауын керек ететіндер шағын инновациялық фирмалар. Кемелденген елдерде жаңа өнеркәсіп салаларының қалыптасуы мен бөлшектенуі және қызмет көрсету салалары шағын инновациялық бизнестің көркеюімен байланысты. Ірі компаниялардағы инновациялық бизнестің дамуына инновациялық үдерістердің іске асуының жоғары тәуекелділігі, анықсыздығы және ұзақтығы кедергі болады. Сондықтан біз Қазақстандағы шағын инновациялық бизнестің дамуын қолдайтын инновациялық инфрақұрылымның дамуына ерекше көңіл бөлеміз.

Қаржылық инфрақұрылым, ол инновациялық кәсіпкерлік пен инфрақұрылымды мемлекеттік қолдаудың әр түрлі тура және жанама механизмдерінің бірігуіне негізделген инновациялық-технологиялық даму саласындағы ғылыми-өндірістік және білім беру үдерістерінің қаржыланған жинақтық қаржылық инфрақұрылымы[16].

Барлық инновациялық жүйелермен дамыған елдердегі инновациялық қызметтің қаржылану ағыны келесі компоненттерден тұрады:

- ғылыми зерттеулерге берілетін мемлекеттік гранттар жүйесі, олардың нәтижелерінің патенттелуі және басқа мақсаттар;
- венчурлық капитал; - ғылыми зерттеулерге кететін корпоративтік шығындар және олардың нәтижелерін іске асыру;
- бизнес-періштелердің шығындары.

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулерді мемлекетпен қаржыландыру Республикалық бюджеттің қорынан, Ғылым қорынан жүзеге асырылады. Бұдан басқа инвестицияның бір бағыты «Ұлттық инновациялық қор» АҚ гранттарының конкурстық негізде берілу жолымен НИОКР-дың қолданбалы қаржылануы болып табылады. Инновациялық жобалардың қаржылануы құрылған мемлекеттік даму институттары арқылы жүзеге асырылады.

Ақпараттық инфрақұрылым. Ақпараттық алмасу даму үдерістердің, әсіресе білімді, технологияны, ақпаратты беру үдерістеріне негізделген инновациялық дамудың шешуші факторларының бірі болып табылады.

Қазақстанда индустриалды-инновациялық даму үдерістері мемлекет ішінде қалай жүргізілсе, соған сәйкес шетел серіктестеріне – инновациялық дамудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің барлық жиынтығын ашатын жалпы жүйе құру қажет.

Ақпараттық жүйе серіктестер мен инвесторларды таңдау мақсатымен ұсынылған және талап ететін технологиялар бойынша ақпараттың жиналуын, талдауын және қолдануын жүргізуге ықпал ететін платформа болып табылады. Инновациялық дамудың Бірыңғай ақпараттық жүйесі даму институттарының және басқа инновациялық даму ұйымдарында жұмылдырылған қызмет түрлерін бейнелейтін көп деңгейлі мәліметтер

базасы болып табылады. Жүйе қазіргі кездегі технологиялардың әлеуетті жабдықтаушылары мен тұтынушыларының арасындағы максималды мөлшердегі байланыстарын ұйымдастыру үдерістерін қамсыздандырды және ғылыми-технологиялық дамуды болжау үшін негіз болады.

9.2 Қазақстан Республикасында қалыптасқан технопарктердің құрылымы

2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық инновациялық жүйелерді қалыптастыру мен дамыту бағдарламасына сәйкес, 7 ұлттық және 7 аймақтық технопарктер, ірі технологиялық университеттер жанынан 12 технологиялық бизнес-инкубаторлар және технопарктер жанынан 8 оқу орталықтары кіретін инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру міндеті тұр.

Жоғары технологиялар нарығындағы әлемдік тенденцияларды, Қазақстанның ғылыми және өндірістік әлеуетін ескере отырып, ұлттық басымдықтар болып мына салалар анықталады: телекоммуникациялар және ақпараттық технологиялар; биотехнологиялар; жаңа материалдар; машина құрастыру; химия және мұнай химиясы өнеркәсібі; құрылыс және құрылыс материалдары; экология; электрэнергетикасы және энерго үнемдеу.

Осыған байланысты шетелдік компаниялар мен ынтымақтастықтың негізгі бағыттары анықталады: технопарктер желісінің дамуына қатысу; жаңа технологиялар тарту; тиімді инновациялық жобаларды жүзеге асыруға қатысу; мүмкін болатын серіктестермен шетелдік компанияларды іздеу; түрлі бағыттағы бірлескен инженерлік компанияларды құру. Қазіргі уақытта Қазақстандағы технопарктер желісін дамыту бойынша құзырлы орган болып «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ болып табылады.

Ұлттық технопарктер – жаңа салалардың дамуына жағдай жасап, қазақстандық экономиканың болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуі керек. Ұлттық технопарктердің ерекшелігі олардың салалық бағытталушылығы мен салықтық жеңілдіктерге ие арнайы экономикалық аймақ (*«Ақпараттық технологиялар паркі»*). Биотехнологиялар және мұнайхимиясы парктерінің құрылу мүмкіндіктері қарастырылуда[16].

Аймақтық технопарктер – аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен инновациялық әлеуетін дамыту мақсатында құрылуда. Технопарктердің жүйе қалыптастырушы негізгі – аймақтардың өнеркәсіптік кәсіпорындары, ЖОО-дары және ғылыми ұйымдары болады. Аймақтық ғылыми-индустриалдық парктер Қарағанды, Орал және Алматыда құрылды. Астана, Шымкент, Павлодар, Петропавловск, Ақтөбе

және Өскемен қала кандидаттарының ішінен 4 жаңа технопарктер ашу жобалануда.

Енді қазіргі уақытта жұмыс жасап жатқан технопарктерге тоқталайық.

1. Алматы қаласындағы «Алматы аймақтық технопаркі» ЖШС.2005 жылы 20 сәуірде мемлекеттік тіркеуден өткен. Жарғылық капиталы 588,2 млн теңге. Технопаркті одан әрі дамытуда баламалы (альтернативті) құрылтайшылар табылып отыр. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы облысының әкімдігі, «Белкамит БК» АҚ, ҚР БҒМ «Ауыл шаруашылығы электендіру мен механизациялау ғылыми-өндірістік орталығы» МҚ, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті, «С. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ, «Минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу ұлттық орталығы» РМК және т.б ұйымдардың өкілдерімен ынтықмақтастық жөнінде келіссөздер жүргізіледі. Технопаркке 30-дан астам жобалар түсті.

Технопарк Алматы облысындағы «Құрылыс материалдары» кластерін ғылыми-техникалық қамсыздандырумен қатар, «Қолжетімді баспана» пилотты жобасын ұйымдастыру мен ғылыми-техникалық қамсыздандыруды алып жүреді. Алматы облысында 2006-2015 жылдарға арналған «Құрылыс материалдары» кластерін құру бағдарламасына сәйкес, технопаркке облыс аумағындағы Ұзынағаш станциясы мен Заречный ауылында индустриалды аймақ құрудың технико-экономикалық негіздемесін жасауға кірісіп кетті. Индустриалдық аймақтардың экономикалық механизмдерін жобалау осы технопаркке жүктелмек.

2. Батыс Қазақстан облысындағы «Алгоритм технопаркі» ЖШС. 2004 жылы 14 шілдеде мемлекеттік тіркеуден өткен. Технопарк мақсаты-Қазақстанның батысында инновациялық жобаларды іске асырушыларға инфрақұрылым мен қосалқы көмек қызметтерін ұсыну негізінде инновациялық қызметтерге қолайлы жағдай жасау болып табылады. Жарғылық капиталы-969,2 млн теңге. Құрылтайшылары: «ЦИТТ» АҚ 401,8 млн теңге,41,46%; «Градиент» АҚ – 563,4 млн теңге,58,13% «Гидроприбор» ҒЗИ» МКҚК-3,0 млн теңге,0,31%.

3. Қарағанды облысындағы «UniScienTech технопаркі» ЖШС.2004 жылы 4 мамырда мемлекеттік тіркеуден өткен. Жарғылық капиталы-541,1 млн теңге. Құрылтайшылары: Қарағанды облысының әкімдігі -139,5 млн теңге,25,78%, «ЦИТТ» АҚ - 401,6 млн теңге,74,22%. Технопарктегі инновациялық жобаларды дамытудың тиімді салалары: тау-кен және металлургия кешені, машинажасау, химия, экология.

Алдағы уақытта құрылатын технопарктерге тоқталайық.

4. Шығыс Қазақстан облысының аймақтық технопаркі. Технопарк түсті металдардың өндіріс технологиясы мен өңдеу саласын дамыту, ақпараттық технологиялары, жаңа құрамалы материалдар өндірісі,

табиғатты қорғау технологиялары сияқты тиімді бағыттарда қызмет атқарады.

5. Солтүстік Қазақстан облысының аймақтық технопаркі. Технопарктің қызметтерінің негізгі бағыттары: мұнай-газ, транспорттық және басқа да машинажасау салаларындағы технологияларды дамыту, ауылшаруашылығы өнімдерінің өндірісі және оны өндеу.

6. Астана қаласындағы аймақтық технопарк. Технопарктің негізгі қызмет көрсету бағыттары: құрылыс материалдарының өндірісі мен құрылыс технологиясын дамыту, машинажасау.

7. Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласында *Ядролық технологиялар паркін құру* жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Техника-экономикалық негіздемесін Үкімет 2004 жылдың қарашасында мақұлдаған болатын. Жобаға сәйкес, құрылатын технопарктің негізінде атом жылу станциясы және жеделдету кешені болады. Технопарктің қайтарымдылық мерзімі - 8 жыл, қарқынды өндірістік күшіне 2016 жылы шығады деген болжам бар. Технопарк толық іске қосылғаннан кейін жылына \$31 млн табыс әкеледі деп күтілуде.

Бизнес – инкубаторлар қызмет кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыруда әлеуметтік-экономикалық маңызға ие. Қазақстан бизнес-инкубаторлар ассоциясы мәліметтері бойынша республика аймақтарында 40-тан астам бизнес-инкубаторлар ашылған. Олардың көпшілігі жергілікті атқару органдарының бастамасымен ашылып, қазірде қалыптасу кезеңінде. Көптеген бизнес-инкубаторлар заңдық тұлғаларды құрумен, кеңселік және өндірістік кешендерді ұсынумен ғана шектелуде [16].

Бизнес-инкубаторларды құру үдерісі көптеген мәселелерге ұшырап отыр. Олардың негізгілері:

- бизнес-инкубаторларды ұйымдастырушылар мен менеджерлердің теориялық және тәжірибелік дайындықтарының төмен болуы;
- жергілікті басқару органдары тарапынан қажетті қолданудың болмауы; қаржылық құралдар мен ақпаратың шектеулігі;
- бастапқы сатыдан толық қамтылған бизнес-модельге өту мақсатында бизнесті тиімді инкубациялаудың бағалау жүйесінің болмауы;
- технопарктер мен бизнес-инкубаторлардың қызметтің технологияларды коммерцияландыруда толық қолдаудың дамуы.

Шағын бизнесті қолдаудың аса маңызды құралдарының бірі мемлекет үшін бизнес-инкубатор болып есептеледі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 44 бизнес-инкубатор, 36 кәсіпкерлерді дайындайтын орталықтар жұмыс істейді. Талдау көрсеткендей, бизнес-инкубаторлардың ең көп құрылған жерлері Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары.

Ақтөбе облысындағы 8 аудандық инкубатордың 7 жұмыс істейді, 1 бизнес-инкубатор енді ғана тәжірибесі оны құрудың ерекшеліктері мен қиындықтарын көрсетіп береді. Көптеген бизнес-инкубаторлар

Халықаралық қорлар қолдаумен және ішеі донорлары жеткілісіз ұйымдармен құрылған. Бизнес-инкубаторлар шағын бизнестің қалыптасқан құрылымын көрсетеді, бизнес-инкубатордың негізгі клиенттері сату қызметтері мен қызмет көрсетуге икемделген. Университеттер базасында технопарктер мен бизнес инкубаторлар жеткілікті емес[16].

Бизнес-инкубатордың ұсынатын қызметтері жеңілдік бағамен алаңдар берумен ғана шектеледі. Бизнес-инкубаторларының инфрақұрылымының нашар дамуына байланысты бизнес-инкубаторларының өмір іс-әрекеті жеткіліксіз. Бизнес-инкубаторлар жөнінде жарнамалар мен ақпараттардың болмауы – кәсіпорындар мен өз кәсіпорындарын құрғысы келетіндер үшін бизнес-инкубатор қол жетпес арман.Әсіресе соңғы кездерде инновациялық қызметтің белсенділігі жөнінде әр түрлі деңгейде жиі айтылып жүр.

«Alatau IT City» Ақпараттық технологиялар паркі» Еркін экономикалық аймағы Алматы қаласының Медеу ауданы, Алатау кентінде орналасқан. Мақсаты - тиімділігі жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған ақпараттық технологиялар, ақпараттық технологиялардың жаңа өнімдерінің түрлерін игеру және инвестициялар тарту. 2003 жылы 19 тамызда құрылған. ЕЭА аймақта тіркелген кәсіпорындардың ішінде тек «S2 Research & Engineering» ЖШС дайын өнім шығарады. Ол «ALFEM 1.1 for Windows» бағдарламалық-есептеуіш кешені.

9.3 Экономикадағы венчурлық бизнестің қалыптасуы және оның даму кезеңдері

Шағын инновациялық бизнес саласындағы басты мәселе – инновациялық жобаларды қаржыландыру. Жоғарыда айтылғандай, шағын инновациялық бизнесті тәуекелді немесе венчурлық деп атайды.

Орташа он жобаның ішінен тек қана бір, екі жоба жетістікке жеткендігі шағын инновациялық бизнестің тәуекел дәрежесін айғақтайды. Бірақ соған қарамастан инновациялық жобаларды тәуекелге барып бизнеске енгізу, жаңа компанияға орасан зор табыс әкелуі, сонымен қоса табыссыз аяқталған жобаларға кеткен шығынды толық жабуы мүмкін. Егер де осындай жобалардың саны көп болса, заңдылық бойынша тәуекел саны азаяды ал жетістікке жету ықтималдығы инновациялық бизнесте жоғарлайды. [16]

Дамыған елдерде инновациялық бизнесті дамыту мақсатында венчурлық қаржыландыру кеңінен қолданылады, ол инновациялық жобаларды орталықтандырады және қаржылық тәуекелдің диверсификациялау негізінде енгізуді ұйымдастырады.

Венчурлық капиталдың пайда болуына дейін әлемде шағын бизнесті қаржыландырудың бірнеше көздері белгілі болатын: банктың капиталы, ірі корпорациялар мен компаниялар және бай адамдар қаражаты.

1957 жылы Нью-Йорктағы банктік инвестициялық фирманың жұмысшысы Артур Рок Калифорниядағы Силикон алқабында орналасқан Shokley Semiconductor Laboratories фирманың иженері Ю. Клейнерден хат алады. Оның өтініші бойынша, нарықта баламасы жоқ инновациялық өнім кремний транзисторын шығару үшін қаржыландыру көздерін іздейді.

Бұл теориялық жобаны жүзеге асыру үшін бірде-бір компания қаржыландыруға тілек білдірген жоқ, тек қана өнертабыскер Шерман Ферчайлд қаражат тауып, тәуекелге бара отырып, бизнес тарихында алғаш рет табиғаттағы жоқ затты шығару үшін жаңа Fairchild Semiconduktor фирмасын құрды.

Фирманың пайда болуы Силикон алқабындағы кейіннен пайда болған мынадай атақта компанияларға негіз болды: Intel, Apple, Computer, Microsoft және т.б. Атап айтқанда, Артур Рок, венчурлық қаржыландыру терминін алғаш рет қолданған адам болатын, яғни жеке бизнесте ғылыми техникалық жобаларды, жетістікке жету кепілдігінсіз іске асыру үшін қаржыларды бөлу механизмі.

Бұл бизнестің мәні – инновациялық қызметпен айналысатын, жоғарғы технологияларға негізделген, ноу-хау өнімдерін шығаратын, шағын және орта компанияларға тікелей инвестицияларды бөлу.

Венчур сөзі бір жағынан кәсіпорын, екінші жағынан тәуекел деген сөзді білдіреді. Бұның мәні, нарықта бұрын соңды болмаған өнім жасайтын кәсіпорынға үлкен ақша қаражаттарын салу, бұл тәуекелі өте жоғары қадам екені белгілі. [16]

Венчурлық бизнестің басты мақсаты – бір кәсіпкердің қаржылық капиталын және екінші кәсіпкердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін нақты экономикалық секторда бизнес арқылы қоса отырып, болашақта жаңа компанияның екі кәсіпкерге де пайда әкелуі.

Әр түрлі елдерде «venture capital» және «private equity» сөздерінің мағыналары бірдей емес. Еуропада бұл екі сөз алмастырушы сөздер болып табылады. АҚШ-та «private equity» түсінігі «venture capital»-ға қарағанда кең мағына береді. Оған венчурлық капитал, венчурлық лизинг, венчурлық факторинг, левередж шарттары кіреді.

«Private equity» мәні – қор нарығындағы бос айналымда қатыспайтын, қор биржасында тіркелмеген акцияларды сатып алу үшін ақша қаражаттарды инвестициялау. Бұл ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, компанияның айналым капиталын ұлғайту немесе оны қайтадан ұйымдастыру болуы мүмкін.

Атап айтқандай, венчурлық бизнестің отаны АҚШ болып табылады. Көне және қуатты әлемдік қаржылық сектор Ұлыбритания, Еуропадағы венчурлық бизнестің пионеры болып табылады. 1979 жылы венчурлық

инвестициялардың жалпы көлемі 20 миллион ағылшын фунтын құраған болатын, ал 8 жыл өткеннен кейін 1987 жылы бұл сома 6 миллиард фунт болды. Он жылдықтар ішінде верчурлық бизнес Еуропада 46 миллиардты аккумуляциялады.

Венчурлық қаржыландыру деген не және қазіргі дамыған мемлекеттердің экономикасында қандай роль атқарады?

Венчурлық қаржыландыру – бұл ұзақ мерзімді, жоғарғы тәуекелі бар репутациясы жоғары венчурлық кәсіпорындарды немесе жаңадан құрылған жоғарғы технологиялық ноу-хау өнімдерді шығаратын компанияларды, кеңейту мақсатында, салынған қаржы қаражаттарды ұлғайту мақсатында жеке капиталды акционерлік капиталға инвестициялау.

Венчурлық қаржыландыру бұл:

- Жоғарғы тәуекелмен байланысты, сонымен қоса үлкен пайда табуға мүмкіндік беретін шағын инновациялық бизнесті қаржыландыратын маңызды құрал.
- Банктердің несие беру тәуекеліне бармаған жағдайда тез өсуші жоғарғы технологиялық компанияларды қаржыландыру көзі.
- Компанияның өмір циклының кеш сатысындағы кішігірім жоғары технологиялық компанияны сатып алудың мүмкіндігі.

9.4 Экономикадағы венчурлық капиталды пайдаланудың негізгі бағыттары

Бірінші кезең – Стартқа дейінгі кезең. Бұл кезең бірнеше айдан бір жылға дейін созылуы мүмкін және бұл кезең екі сатыдан тұрады:

1) Идеяның пайда болуы сатысы, егер ол сәтті болса, бұл сатыда жаңа өнім немесе қызмет жасауға мүмкіндік беру мүмкін.

2) «Seed» компаниясының пайда болуы, ағылшын тілінен аударғанда пайда болу, туу деген мағынаны білдіреді. Бұл кезеңде венчурлық компанияны Seed – «өсіруге арналған компанияны» деп атайды.

3) Бұл саты пайда болған ғылыми және технологиялық идея немесе жоба, бизнес – идея қаржылық қолдауға байланысты қосымша зерттеулер немесе кейін нарыққа шығаруға болатын тауар үлгісін жасауға шарт жасайды. Мұнда негізгі тұлғалар болып өздерінің ойларын жаңа технология немесе жаңа өнім жасауға қолдануға тырысатын ғалымдар, өнертапқыш немесе техниктер табылады.

Екінші кезең – Старт кезеңі.

Бұл кезең әдетте 1-2 жылға созылады және мына сатылардан тұрады;

1) Компанияның дамуының бастапқы сатысы, яғни оның старты. «Start up» - ағылшыннан аударғанда енді пайда болған компания деген

мағынаны білдіреді. Бұл кезеңде венчурлық компанияның аты – Start up – «енді пайда болған компания» деп аталады [12].

2) Компания инновациялық үдерісті жүзеге асыра бастайды. Компаниялар ұйымдастырылу кезеңінде болуы мүмкін немесе ұзақ нарықтық тарихы жоқ компания ретінде қызмет етеді. Бұл компаниялар менеджмент командасына ие, нақты бизнес жоспарлары бар және операциялық қызметті жүзеге асыруға дайын.

2) Жаңа өнімді өндіруді ұйымдастыру сатысы. Бұл сатыда нарықта жаңа өнімнің сатылуына қажетті қосымша ғылыми – зерттеулік, конструкторлық және технологиялық өндірістер, сонымен қатар маркетингтік зерттеулер жасалады.

Үшінші кезең – Ерте өсу кезеңі. Бұл кезеңге дейін жеткен венчурлық компанияларды «Early Stag» - яғни, «ерте даму сатысы» деп атайды. Компаниялар дайын өнімді шығарады және оны коммерциялық жүзеге асырудың, өткізудің ең бастапқы сатысында болады. Мұндай компаниялар табысты болмауы мүмкін және ғылыми зерттеу жұмыстарына аяқталуына қосымша қаржыны қажет ету мүмкін.

Бұл кезең жаңа өнімнің техникалық және алдын ала маркетингтік зерттеулерден сәтті өткені және бұл өнімді коммерциялық масштабта өндіруге жағдай жасағанда ғана жүзеге асады. Әдетте компанияның дамуының бұл кезеңі 1 жылдан 3 жылға созылады және үш тізбектелген сатыдан тұрады:

1) Алғашқы ерте саты – нарықты зерттеу барысында жақсы нәтижелерге қол жеткізуге байланысты коммерциялық өнімді өндірудің алғашқы үлкен емес масштабын үйлестіру [12].

2) Екінші ерте саты – алдыңғы сатыдан айырмашылығы нарықпен кері байланысты сезуге мүмкіндік беретін компания өзінің тауарын керекті мөлшерде өндіруі. Осы кезеңде тауардың немесе қызметтің нарыққа толықтай енуіне мүмкіндік беретін өндірістің сандық және сапалық параметрлері орнатылады және осы көрсеткіштерге байланысты компаниялар өндірістің жылдамдығын ұлғайтып отырады.

3) Үшінші ерте саты – компанияның дамуы, шығарылатын өнімнің сату көлемінің ұлғаюы, өндіріс көлемінің өсуі, алдағы уақытта шығарылатын өнімнің жеке қасиеттерін дамыту және қосымша маркетингтік зерттеулер жүргізілуімен сипатталады.

Бұл кезеңде компания «есейеді», тауар сапасын көтереді, тауардың өзіндік құнын түсіреді және сонымен қатар жаңа өнімдер ойлап табу, бар өнімдердің қасиеттерін жоғарылатуға итермелейтін шағын фирмалар мен ірі корпорациялар сияқты бәсекелестермен кездеседі.

Төртінші кезең – Тұрақты өсу немесе кеңею кезеңі.

Алдыңғы кезеңдерден сәтті өткен венчурлық компаниялар үшін тұрақты өсу кезеңі басталады. Жылдық сату көлемі өскен кезде өндіріс қуаттылығының кеңеюіне қажеттілік туады, жұмысқа қосымша

персоналды тарту, жаңа өнім жасау, сонымен қатар маркетингке және сату көлемін ұлғайту үшін көптеген айналым құралдарының қажеттілік туындайды. Бұл компаниялар Expansion – «кеңею» деп атайды.

Даму және кеңею кезеңі 2 жылдан 4 жылға созылады бұл кезеңде тәуекел онша жоғары болмағандықтан, ал пайда өсіп, өтімді активтердің бар болуына байланысты компанияның бағасы және оның акциялары біртіндеп өседі.

Инвесторға өзінің салған капиталын қайтарып алу ғана емес сонымен қатар үстінен қосымша пайда алуға мүмкіндік туады. Компания осы уақытта сату көлемін ұлғайтып пайда табады. Түскен пайда маркетингтік зерттеулер, айналым капиталын ұлғайту, өндіріс базасын дамыту немесе жаңа инновациялық үрдіске пайдалануы мүмкін. Сондықтан соңғысына – инвестициядан біртіндеп шығу фазасы яғни өтімділікті қамтамасыз ету кезеңіне өту басталады.

Бұл фазаға сәйкес келетін мәселелер алдыңғыларға қарағанда өзгеше келеді: компанияға корпоративтік стратегиясын ойлау керек; ұзақ мерзімді перспективті жоспарлауға өту; қызметкерлерді материалдық және моральді қамтамасыз етуге және оның жаңа өндірістік қызмет ету схемаларымен байланысты мәселелерді шешу керек. Сол себепті компания жас компания болудан қалып, өспелі бизнеске айналады, сондықтан осыған байланысты салық және басқа да құқықтық аспектілермен мәселелер туындайды. Кәсіпкер өзін компанияның беделді тұлғасы ретінде сезінбейді және ол жаңа компания құру үшін осы компаниядағы үлесін сатып, кеткісі келеді [12].

Сондықтан компанияны инвестор мен инноваторға жоспарланған табыстың белгілі бір бөлігін ала үшін биржалық қорға дайындау жұмыстары алдына қойылады.

Бесінші кезең – компанияның өтімділігін қамтамасыз ету кезеңі.

Бұл кезең инвесторлардың өздерінің құнды қағаздарын кәсіпкермен келісімге келу уақытынан бері өз қаражатын табысқа айналдыру үшін сатумен байланысты. Әдетте бұл келісімге қол қойылған күннен бастап және компанияға венчурлы капитал инвестициясының бірінші бөлігі түскеннен соң 5 – 7 жылдан кейін болады. Компания акциясын сатып алудың бірнеше нұсқалары бар, олардың әрқайсысы тез немесе кейін пайда алуға бағытталған.

Компания акциясының бақылау пакетін сол компания менеджерлерінің сатып алуы. Венчурлық бизнесте бұл үдеріс «management buy-out», яғни «басқарушылардың сатып алу» деп аталады. Бұл дегеніміз – акциялар пакетін тауар ассортименті, кәсіпорынның бөлігін немесе барлығын басқару қызметін жүзеге асыратын, қазіргі таңда жұмыс істеп жатқан компания менеджменті өз қарамағына алады. Сонымен қатар менеджмент инвестордан акцияларды компания жарғысында көрсетілген жарғыға сай сатып алады.

Қазіргі кездегі менеджменттің компания акциясын сатып алудың негізгі 5 оңай жағы бар:

1. Компания менеджменті оның қазіргі жағдайы туралы нақты әрі толық ақпаратқа ие болады, сол себепті компания иесі бола отыра жұмысының тиімділігін арттыруды жүзеге асырады.

2. Компания басшылығы барлық қаржылық ағымдарға ие болады. Заңдық құжаттаудың дәлділігін сақтаса, бұл жағдай басшылықтың қаржылық қатынастарда қызмет етуін кеңейтеді.

3. Компанияның басқарушы мүшелері компанияны еркін әрі қауіпсіз басқаруға, оның қызметіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік алады. Бұл компания басшылығына үнемі есеп тапсыруға емес, компания дамуының ұтымды стратегиясын жасауға және жүзеге асыруға көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

4. Директорлар кеңесі мен акционерлік қоғамды басқаруда менеджмент өкілдерінің өсуі компанияның одан әрі даму стратегиясына өзгеріс енгізуге мүмкіндік береді.

5. Компанияның үлкен акция пакетінің менеджмент қолында болуы оларды компания иесі әрі басқарушыларына айналдырады және компанияның тиімділігін арттыруға тікелей қызығушылық тудырады.

Компания акциясының бақылау пакетін басқа компания менеджерлерінің сатып алуы — «сырттан басқарушылардың сатып алуы», яғни компанияны немесе оның бөлігін бұл компанияда жұмыс жасамайтын немесе басқаруына қатыспайтын менеджерлердің сатып алуы.

Шағын жоғарғы технологиялы компанияны сырттан менеджерлердің сатып алуы ішкі менеджерлердің сатып алуына қарағанда көп мәселелер туындатады. Тағы бір нұсқасына — шағын жоғарғы технологиялы компанияларды біртіндеп консолидациялау жатады. Бұл жағдайда басшылық басқа шағын жоғарғы технологиялы компанияларды сатып алу немесе қосу арқылы алуды жүзеге асырады. Консолидациялау кезінде компанияларды біріктіру үдерісін жүзеге асыру үшін қажетті қасиеттерге ие тәжірибелі менеджерлер қажет [12].

Алтыншы кезең — инвестициядан шығу кезеңі — немесе аяқталу кезеңі. Негізінен венчурлы компанияда инвестицияның өмірлік циклі 5 – 7 жыл арасында болады. Осы уақыт аралығында венчурлы компания инвесторлары алдын-ала айтылған пайда мен салған қаражаттарын алуы үшін оң нәтижелер арқылы экономикалық тиімділікке жетуі тиіс.

Негізінен инвестициядан шығудың негізгі бес жолы бар:

1. Басқа шаруашылық компания саудасында өз үлесінді сату.

2. Инвестордан менеджменттің компанияның алдыңғы даму кезеңінен қалған акциялар пакетін алу.

3. Ұзақ мерзімді инвестициялауды жүргізетін басқа бөлімнің компанияны қайта қаржыландыру немесе венчурлық капиталының бір бөлігін сатып алуы. Бұл жол қор биржасына шықпай, тәуелсіз компания

ретінде өз кәсіпорнының венчурлық капиталына қызығушылық танытқан кәсіпкермен қолданылады.

4. Компанияны құтқару. Егер компанияның құны бизнес-жоспармен салыстырғанда төмен болса, онда оны сату барысында инвестор жоспарлаған пайданы ала алмайды. Акционерлердің алдында компанияны модернизациялау қажеттілігі мен алдын ала сатуға дайындау, оның ішінде қайта құрылымдау мәселелері тұрады.

Компанияның беделін көтеру үшін қосымша уақыт пен жаңа құралдар қажет. Осы мақсатта банктен кредит алуға немесе компанияның дамуының осы кезеңіне бағытталған венчурлық қорлардан инвестиция алуға болады. Бірақ кей жағдайларда инвестор күткісі келмейді және өзінің қаражатын қайтаруды талап етеді. Мұндай жағдайда қайта құрылымдаудың орнына басқа нәтижелі компания құрамына ену үшін сатығу дайындық жүргізіледі, сонымен қатар компанияны стратегиялық инвесторға сатылуы мүмкін немесе толық сатылуы мүмкін.

5. Ірі қор биржасына шығу. Бірақ Лондон Қор Биржасында, NASDAQ қор биржаларында акцияларды тіркеу өте қиын, дегенмен имиджі жоғары венчурлық компаниялардың құнды қағаздары осы қор биржаларында айналымға шығарылады. Инвестициядан шығудың мүмкін жолдары осындай. Инвесторды таңдау көптеген факторлардан, әсіресе оның жеке тәжірибесіндегі жинақталған түйсігінен және кәсіпкер кеңес берушілердің берген шешімдерінен тәуелді болады [12].

Бақылау сұрақтары:

1. Венчурлық компанияларды қаржыландыру көздерінің ресми секторын атап шығыңыз
2. Венчурлық қаржыландырудың оң және теріс жақтары қандай
3. «Start up» - «қазір құрылған компания» дегенді түсінуге болады
 1. Менеджменттің компания акциясын сатып алу кезеңдері
 2. Инвестициядан шығудың негізгі жолдары қандай
 3. Венчурлық жобаларды сұрыптау үдерісі қандай негізгі кезеңдерден тұрады
4. Шағын жоғары технологиялық компаниялардың қалыптасу кезеңінің маңыздылығын ашыңыз
5. «Early Stag» - дамудың ерте сатылары ұғымы неде
6. Ұлттық инновациялық жүйенің негізгі элементтері
7. Инновациялық кәсіпкерлік түсінігі
8. Инновациялық инфрақұрылым түсінігі
9. Қаржылық инфрақұрылым түсінігі
10. Ақпараттық инфрақұрылым

Әдебиеттер тізімі

1. 5B050600-"Экономика" мамандығы бойынша "Кәсіпорынның инновациялық және инвестициялық қызметтерін ұйымдастыру" пәнінен оқу құралы [Текст] / сост. Ж. Қ. Ержанова. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2014. - 136 б. - Б. ц.
2. Duening T. N., Technology entrepreneurship: taking innovation to the marketplace [Text] / T. N. Duening, R. D. Hisrich, M. A. Lechter. - 2nd ed. - Waltham : Elsevier, 2015.
3. Vaishnavi V. K., Design science research methods and patterns: innovating information and communication technology [Text] / V. K. Vaishnavi, W. Kuechler. - 2nd ed. - USA : CRC Press, 2015. - 373 p.
4. Айшева Г. А., Основы коммерциализации результатов научно-технической деятельности [Текст] : учеб. пособие для студ. и магистрантов экон. спец. вузов / Г. А. Айшева. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2016. - 156 (9.8 п. л.) с. - Б. ц.
5. Александрова Е.Н., Заболоцкая В.В. Региональная инновационная система: вопросы теории и практики // Теория и практика общественного развития. – 2011 №8
6. Брэдли Э. и др, Социальная организация. Как с помощью социальных медиа задействовать коллективный разум ваших клиентов и сотрудников [Текст] / Э. Брэдли, М. Макдональд. - М. : Альпина Паблишер, 2015. - 248 с.
7. Гунин В.Н. Инновационная активность предприятий: сущность, содержание, формы. М., 2007.
8. Гурьянов Г.А. и др. Основы творческой деятельности при конструировании и создании машин и оборудования [Текст] : учеб. пособие для студ. вузов, преп., докторантов и магистрантов / Г. А. Гурьянов, М. В. Дудкин, А. А. Макенов. - Алматы : Издательство "Эверо", 2016. - 212 (13.3 п. л.) с.
9. Дәуренбекова Ә.Н., Өндірісті ұйымдастыру. Оқу құралы. Алматы Экономика, 2007 ж.
10. Инновационный менеджмент [Text] / Уткин Э.А., Морозова Г.И., Морозова Н.И. - М. : АКАЛИС, 1996. - 208 с.
11. Инновационный менеджмент [Текст] : учеб. для студ. вузов по экон. и техн. спец. / Фатхутдинов Р.А. - М. : ЗАО "Бизнес-школа", "Интел-Синтез", 2000. - 624 с.
12. Мыңатаев М.М., Әбдіғаппарова С.Б. және басқалар. Инновациялық менеджмент [Text] : Оқу құрал / Под ред. Мыңатаев М.М., Әбдіғаппарова С.Б., Мырзагельдиева Ж.М., Бөлегенова А.Т. - М. : Экономика Баспа, 2012. - 328 с.
13. Инновациялық кәсіпкерлік және бәсекеге қабілеттілік [Текст] : экономика мамандықтарының магистранттарына арналған дәрістер

жинағы / А. М. Казамбаева, Р. С. Габдуалиева. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2014. - 89 б.

14. Казамбаева А. М., Инновациялық іс-әрекет және оның экономикаға әсері [Текст] : монография / Казамбаева, А. Е. Жумағалиева. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2015. - 101 б.

15. Казамбаева А.М. Экономика және өндірісті ұйымдастыру дәрістер жинағы, Орал 2008ж

16. Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент Алматы 2011

17. Козубцов И. Н. и др. Теория и практика развития инновационных способностей у научно-педагогических работников [Текст] : монография / И. Н. Козубцов, Л. С. Таршилова, Л. М. Козубцова. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2015. - 192 с.

18. Комафорд К., SmartTribes. Как команды становятся успешными вместе [Текст] / К. Комафорд ; пер. с англ. Е. Тортунова. - М. : Эксмо, 2015. - 272 с. : ил.

19. Н.Л. Зайцев Экономика, организация и управление предприятием/Учебное пособие Москва 2005г.

20. Новицкий Н.И., Пашуто В.П. Организация, планирование и управление производством // Москва 2006г.

21. Организационное поведение [Text]: учеб.пособие для вузов / Красовский Ю.Д. - М. : ЮНИТИ, 1999. - 472 с.

22. Организация производства и управление предприятием: Учебник// Туровец О.Г., Бухалков М.И. Москва 2005г.

23. ПашенкоН.Н., Методические указания по выполнению курсовых работ по дисциплине "Бизнес-планирование инновационных проектов" для магистрантов экономических специальностей [Текст] / сост. Н. Н. Пашенко. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2016. - 41 (2.6 п. л.) с. - Б. ц.

24. Предпринимательское право [Text]: учеб. пособие / И.В.Ершова, Т.М.Иванова. - 2-е изд., испр. и доп. - М. : Юриспруденция, 2000. - 416 с.

25. Предпринимательство [Текст] : учебник для студ. и преп. экон. спец. вузов / В. Я. Горфинкель [и др.] ; ред. В. Я. Горфинкель, Г. Б. Поляк, В. А. Швандар. - М. : Банки и биржи, ЮНИТИ, 1999. - 475 с.

26. Фатхудинов Р.А. Организация производства/ Учебник. Москва 2006г.

27. Фелпс Э. Массовое процветание. Как низовые инновации стали источником рабочих мест, новых возможностей и изменений/Э. Фелпс ; пер. с англ. Д. Кралечкин ; науч. ред. перевода А. Смирнов. – 2015

28.Хогоева Т.В. Инновационная модель развития экономики региона // Проблемы современной экономики. – 2011 №3

29. Экономика: современные этапы развития [Text] : сборник научных трудов / Казахская государственная академия управления им.Т.Р; Под общ.ред. О.А.Яновской. - А. : Экономика, 2000. - 280 с.